«Қазақстандағы кіші қазан» халыққа қарсы бағдарламасы ашаршылық жылдарында қоныстандыру саясатын қасақана жүргізді. Ал, қоныстандыру саясатының тарихы тереңде жатыр. Қазақ жері отарланғаннан бастап, Ресейдің орталық аудандарынан қазақ жеріне переселендер көші толастаған емес. Қоныстандыру саясатының түпкі мақсаты жерлерді алу, өз қарамағына өткізу. Патшаның кезінен дәстүрге айналған қоныстандыру саясатын большевиктер билігі жалғастырып, 1991 жылға дейін осы көш тоқтамады...

Большевиктер билігі орнаған күннен бастап ұлт еркіндігіне қарсы болды. «Езілген ұлттарға жер беру» және т.б. ұрандар халықтың көңілін аулау, өз жағына тарту айласынан шыққан стратегиялық тактика еді. Осы түсінген Алаш зиялылары, Алаш Орда үкіметі қоныстандыру саясатының отарлау мақсатына қарсы тұрды. Барынша күресті. Өкінішке орай, күш тең емес.

1925 жылға дейін (Сталин Ақжол газеті туралы нұсқау бергенге дейін) Алаш зиялылары ұлт мүддесі үшін большевиктік билікке араласта болды. Бар мүмкіндіктерінше елге пана болды.

Жылдан –жылға күшіне мінген большевик билігі 1924 жылғы 17 қазанда Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Орталық Колонизация комитетін құру туралы қаулы қабылдады (1925 жылдан бастап ол Бүкілодақтық Қоныс аудару комитеті деп қайта аталды) және қоныс аударуға қатысты бірқатар директивалар берді.

1929 жылы бұл институт Халық ағарту комиссариатының (Наркомпрос) қарауынан шығарылып, РКФСР Жер халық комиссариатының (Наркомзем) қарауына берілді және Мемлекеттік жерге орналастыру және қоныс аудару ғылыми-зерттеу институты ретінде атала бастады. Ғылыми-зерттеу деген атақ, негізгі мақсатты бүркемелеу үшін қажет болды. Себебі, аталған Институт қызметінің арқасында XX ғасырдың 20-жылдарының ортасынан бастап жоспарлы қоныс аудару жүзеге асырыла бастады, көші-қон ағындарын кешенді реттеудің тұжырымдамалары мен тетіктері әзірленді, көші-қон үдерістерін басқарудың белгілі бір тәжірибесі жинақталды. Сол кезеңде мемлекеттік қоныс аудару саясатының негізгі бағыттары мен міндеттері айқындалды; көші-қон мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталған бағдарламалар әзірленді [4].

1928 жылғы 18 қаңтарда КСРО ОАК мен ХКК-нің қаулысымен ҚАССР-ға жаңа тұрғындарды қоныстандырудың кешенді жүйесі белгіленді («0 задачах переселения, его организации, основах составлении планов переселения и о порядке финансирования переселенческих мероприятий»).Оның мақсаты –

«экономикалық және саяси маңызы бар, игерілмеген және аз игерілген аумақтарды берік шаруашылық тұрғыдан игеру, табиғи байлықтарды ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімін арттыру мақсатында пайдалану», сондай-ақ халқы шамадан тыс тығыз орналасқан аудандарды босату, өз бетімен қоныс аударуды реттеу, қоныс аударушылар шаруашылықтарын ұжымдастыру және кооперациялау болды [5].

1929 жылғы сәуірде ҚАССР Кеңестерінің XVII съезінде республиканың шекараларын елдің басқа аймақтарынан жаппай қоныс аударуға ашу мүмкіндігі мәселесі көтерілді. Бірінші бесжылдықта шамамен 1930 жылы 6 мың отбасын, ал 1931 жылы – 43 мың адамды, негізінен Ресей мен Украинадан қоныс аударту жоспарланды.

Жерге орналастыру және жергіліктендіру (коренизация) кезеңінде Ф. Голощекин БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті Бюросы мүшелерінің белсенді сынына ұшырады. Қызу пікірталастар барысында олар Ф. Голощекиннің жоспарларына қарсы шығып, қазақ халқының жерге орналастырылуына басымдық беруді талап етті. Олар жаңа «отаршылық» қоныс аудару саясатының абсурдтығын және қазақ ауылына қатысты таптық көзқарасқа көшуді негізсіз деп санады [6].

Қазақ ұлттық зиялылары – А. Байтұрсынов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ә. Әлібеков, Ж. Сұлтанбеков, Ы. Мұстанбаев, С. Қаратілеуов, Н. Нұрмақов, И. Тоқтыбаев, Т. Жаманмұрынов және басқалар империялық қоныс аудару саясаты салдарынан жерінен айырылған қазақ халқына жерді бірінші кезекте қайтаруға ұмтылды. Зиялылар жер реформасын ауылдық қауым негізінде жүргізуді, жайылымдар мен су көздерін еркін пайдалануды, жер ресурстарын бөлуде әлеуметтік әділеттілік пен ұлттық басымдық қағидаттарын ұштастыруды қолдады. Олар байларға қарсы күрес деген желеумен қазақтарды «артық» жерлерінен айыруға, негізгі өкілеттіктерді Мәскеуге беруге және Қазақ АКСР жер органдарының автономиясынан айрылуына, сондай-ақ Ресейдің орталық аймақтарынан көшіп келушілермен далалық өңірлерді жаппай қоныстандыруға және өндірістік жағдайлар мен этношаруашылық ерекшеліктерді ескермейтін «теңестіруші» жер бөлуге үзілді-кесілді қарсы болды.

1920-жылдардағы республиканың Алаш идеясын қолдаған басқарушы элитасы жаңа қоныс аудару саясатын қабылдамады. Олар оны қазан төңкерісіне дейінгі отаршылық тәжірибенің жалғасы, жаңа формасы деп қабылдады. Ұлт жанашырлары жергілікті халықтың қажеттіліктері екінші орынға қалатындығын білді. Сонымен қатар, жер қатынастарын біртіндеп өзгертуге, қазақтардың дәстүрлі жайылымдары мен ата қоныстарына деген құқықтарын сақтай отырып, эволюциялық жолмен отырықшылыққа көшуді жақтады. Олардың пікірінше, жер реформасы қазақ ауылының ғасырлардан келе жатқан шаруашылық ерекшеліктерін ескеруі тиіс еді.

Бұрынғы жер ісі халық комиссары Ж. Сұлтанбековтің БК (б) П ұясы жанындағы Тексеру комиссиясына жолдаған хатында: қазақтарды жермен қамтамасыз етуде кезектілікке мән беріп, таптық тәсілді жоққа шығарғанын қате деп мойындап, жергіліктендірудің пайыздық қағидатын формалды түрде

қолдады. Алайда ол бұрынғы ұстанымын сақтап қалды: қазақ халқын жерге толық орналастыру аяқталмайынша қоныс аудару басталмауы тиіс деп есептеді.

Мұндай көзқарастар БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті мен Ф.Голощекиннің бағдарламасына тікелей қайшы келді. 1927–1929 жылдардағы партиялық тазартулар мен 1920–1930 жылдардың аяғындағы қуғын-сүргін нәтижесінде ұлттық зиялылардың көптеген өкілдері мен республикалық партия-кеңес аппаратының бұрынғы басшылары (С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев және т.б.), сондай-ақ Жер ісі халық комиссариатының қызметкерлері (Ж. Сұлтанбеков, Ә. Әлібеков, И. Тоқтыбаев және т. б.) саяси өмірден аластатылды.

Олардың жер және қоныс аудару саясатын, сондай-ақ «қазақ ауылының қанаушыларын» экспроприациялауды сынауы «буржуазиялық-ұлтшыл ауытқу» ретінде бағаланды. Ф.Голощекин VI Бүкілқазақтық партия конференциясында қазақ коммунист-серіктерінің көмегімен С. Сәдуақасовқа, Ж. Мыңбаевқа, Ж. Сұлтанбековке және олардың пікірлестеріне қарсы большевиктік партиялық тәртіпке бағынбағаны үшін «сот» ұйымдастырды. «Ауытқушылар» БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті Бюросының құрамынан шығарылып, жоғарғы басқару аппаратына ауқымды тазарту жүргізілді [7]. Сондай-ақ Ф. Голощекиннің нұсқауымен, «Ә. Бөкейхановтың жетекшілігіндегі оңшыл эсер» С. Швецов қатаң сынға алынды. Осы тұста айта кету керек, демократиялық көзқарастағы көптеген өзге ұлт өкілдері де қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының сақталуы үшін күресті.

Ф. Голощекиннің саяси доктринасында айқын көрініс тапқан мақсаттар мен оларды жүзеге асыру тәсілдерін талдау оның Қазақстандағы партия ұйымының бірінші хатшысы ретіндегі қызметі большевиктік-сталиндік басшылық жүргізген кең ауқымды кеңестік отарлау саясатын жүйелі әрі саналы түрде қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Голощекин Қазақстанды бүкіл Кеңес Одағы үшін экономикалық және әлеуметтік ресурстарды жұмылдыруға арналған стратегиялық маңызы бар қор ретінде қарастырды. Оның тұжырымдамасында дәстүрлі мал шаруашылығы ерекше орын алды. Қазақ халқының шамамен 90 пайызын қамтыған бұл сала Ф.Голощекин тарапынан Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл Одақ үшін де аса маңызды мәселе ретінде бағаланды. Нәтижесінде, Қазақстанның шаруашылық ерекшелігі Одақтың мүддесіне қызмет етуі тиіс болды.

Сонымен қатар техникалық дақылдарды дамыту мәселесі Кеңес Одағының индустрияландыру саясатының құрамдас бөлігі ретінде түсіндірілді. Ауыл шаруашылығын шикізат базасына айналдыру арқылы өнеркәсіптік дамуды жеделдету мақсаты көзделді. Ал республиканың егістік алқаптарын кеңейту мүмкіндігі, тіпті ең төменгі есептің өзінде оларды екі, үш, тіпті төрт есе ұлғайтуға болады деген пайым, ірі ұжымшарлар құру арқылы астық мәселесін түбегейлі шешудің негізгі алғышарты ретінде ұсынылды [8].

Осылайша, Ф. Голощекиннің доктринасы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын жергілікті ерекшеліктер мен дәстүрлі шаруашылық құрылымды ескермей, Орталықтың стратегиялық және экономикалық қажеттіліктеріне бағындыруды көздеген кеңестік отарлық үлгінің (модель)

теориялық негізі қызметін атқарды. Нәтижесінде, Қазақ жеріне қоныс аударушылар ағылды. Байларды, орта шаруаларды, хан-сұлтан ұрпақтарын, діни тұлғаларды, тіпті қарапайым адамдарды қуғын-сүргінге ұшыратып, ату жазасына кесіп, отбасы мүшелерімен жер аударып, сырттан жүздеген мың өзге ұлт өкілдері қоныстандырылды.

1920–1930-жылдары КСРО-ның орталық аймақтарынан Қазақстан аумағына, Оралға және Орта Азияға конвоймен жаппай түрде «құлатылған таптың өкілдері», дін қызметкерлері, сондай-ақ ауқатты шаруалар (күштеп ұжымдастыру барысында) санаттары жер аударылды. 1930 жылдары кулактарды қоныс аудару шаралары қарқынды түрде қолға алынып, ашаршылық жылдарында жаппай демографиялық отарлау процессі шапшаңдата жүргізілді.

Бұл мәселенің екі қыры бар: біріншісі большевиктер билігі өзіне жат күштерді сырт аймақтарға жіберіп, билікке деген қарсылықты азайтты. Сонымен қатар, сырттан көшіріп әкелінген халық пен жергілікті халық арасында қақтығысты туындатты. Сырттан келгендерге жағдай жасап, өз саясатын жүргізуге тетік жасап, іргетас қалап, жергілікті жерлерде большевиктер билігінің тірегін орнықтырды. Осы тұста тұрғылықты жерлерінен зорлықпен көшіріліп, қорлық көріп келген халықтың жергілікті халықтың азаттық жолындағы күресін қолдаған жағдайлар да болғандығын айтуымыз керек.

Екіншісі пайдалы қазба көздері мол, территориясы орасан зор жерлерді өздеріне иелену мақсатын көздеді.

1930 жылы 30-31 қаңтарда ОГПУ коллегиясының бірлескен отырысы болып, шаруаларды жер аудару кезеңдері талқыланды. Қазақстанға бірінші кезекте Солтүстік Кавказ өлкесінен 5 мың, екінші кезекте Иванов облысынан 5 мың, Нижегород өлкесінен 5 мың, Орталық Азиядан 2 мың кулак отбасыларын жіберу жоспарланды [9].

1930 жылғы 2 ақпанда ОГПУ-дың № 44/21 «Кулактарды тап ретінде жою жөніндегі шаралар туралы» бұйрығымен бірінші және екінші санаттағы кулактарды жер аудару туралы Директива қабылданды. Құжатқа сәйкес Қазақстанға бірінші санат бойынша 5–6 мың отбасы, екінші санат бойынша 10–15 мың отбасы көшірілуі жоспарланды және жөнелтудің басталу мерзімі 1930 жылғы 15 ақпан деп белгіленді [10]. Бұл жоспар орындалмады. Бұл шешім «кулактарды» қабылдауға дайын еместігін айтылған, қарсылыққа тап болды. Деректерде: «отсутствие всякого желания у работников Сибири и Казахстана принять и расселить выселяемых из других областпей кулаков, их стремление под всяческими предлогами совершенно отказаться от приема выселяемых кулаков» [11], – деп жазылды.

Қарсылықтың түп себебі, жергілікті биліктің сырттан кулактарға жағдай жасай алмауы. Ал, орталықтың тапсырмасы бойынша сырттан келген кулактарға жағдай жасалынуы тиіс еді. Ақырында, 1930 жылғы 4 ақпанда жер аударуға жоспарланғандардың саны мен операцияны өткізу мерзімдері өзгертіліп, Қазақстан жер аудару жоспарының қатарынан алынып тасталды.

1930 жылы 10 ақпанда Қазақстандағы ОГПУ Өкілетті өкілдігіне жақын арадағы 3 айда, Қазақстанға Қазақстанға кулактар жіберілмейтіндігі, келесі

қоныстандыруға дейін жер аударылғандарды орналастыру жоспарын мұқият дайындау қажеттілігі ескертілді. Қысқа мерзімде шұғыл орындалуы тиіс келесідей тапсырмалар берілді: «Разработайте, сообщите. 1. Точно пункты расселения; 2. Выгрузочные станции железной дороги; 3. Пункты расселения; 4. Организацию питания на выгрузочных станциях и в пути до пунктов равсселения; 5. Потребные ассигнования» [12].

И.Сталиннің Қазақстан мен Сібірді жер аудару аймақтары ретінде енгізу қажеттігі туралы «Казахстан и Сибирь как районы выселения отсутствуют. Надо их включить» [13] нұсқауынан кейін ОГПУ органдары республикаға «жер аударылатын кулактардың бір бөлігін қабылдау қатаң түрде ұсынылды».

Нәтижесінде, кулактарды жер аудару жоспарының екінші нұсқасы анықталды. 1930 жылы Қазақстанға басқа облыстардан 9000 отбасы, яғни 45 000 адамды қоныс аудару жоспарланды [14].

1930 жылы 11 ақпанда «Құпия» белгісімен Қазақ өлкелік комитеті бюросының жабық жиналысында «1930 жылғы 30 қаңтардағы БК (б)П кулактарды тап ретінде жою туралы Қаулысын орындау туралы» Қаулысы қабылданады. Онда «жаппай ұжымдастыру аудандары белгіленді. 1930 жылы Орталық Азия мен Қазақстанға 2-ші категориядағы «кулактар», яғни 159 отбасы, 197 адам қоныс аударылды [15].

Павел Полян «НЕ ПО СВОЕЙ ВОЛЕ…История и география принудительных миграций в СССР» еңбегінде: «...В общей сложности ЦК поручил ОГПУ (а именно его представители на местах – Л. Заковский, Е. Евдокимов – ставили вопросы о переселении кулаков) подготовить к переселению более 200 тыс. семей. Но это оказалось технически невозможно, и около 110 тыс. семей поровну распределились между Казахстаном и Уралом, не считая переселенцев внутри таких регионов, как Урал и Западная Сибирь (по 12 тыс. чел.). При этом главными «поставщиками» кулацкой массы для Урала были Украина и Северный Кавказ (соответственно, 30 и 15 тыс. семей), а для Казахстана – различные регионы вдоль всей Волги (в том числе, на этот раз, и пограничные с Уралом, схожие с ним по природным условиям), а также Центрально-Черноземная и Московская обл. Можно сказать, что главным изменением географии выселения кулаков в 1931 году, по сравнению с 1930 годом, было резкое расширение пространства раскулачивания, а в географии вселения – резкое сокращение удельного веса Северного края и увеличение удельного веса Сибири и Казахстана (при сохранении значительной роли Урал), - деп жазды [16].

1930 жылғы 28 тамызға дейін Орта Азиядан Қазақстанға жергілікті емес ұлт өкілдерінен шыққан «кулактардың» 80 отбасы, 281 адам ғана көшірілді. Қоныс аудару саясатында округтік атқару комитеттерінің әлсіз жұмысы да атап өтілді, олар «тәркіленген мүліктің жалпы көлемінен қоныс аударылатын кулактарға ең төменгі азық-түлік, тұқым, тірі және өлі инвентарь нормаларын бөлмеген, онсыз жеке, игерілмеген аудандарға жіберу мүмкін емес» деп көрсетілді [17].

1931 жылдың басында БК(б)П ОК Саяси бюросының шешімі қабылданып, соған сәйкес кулактарды жер аудару және орналастыру жөніндегі жұмысты бақылау мен басшылық ету арнайы комиссияға жүктелді. Бұл комиссияны КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары А.А. Андреев басқарды. Комиссия құрамына сондай-ақ ОГПУ өкілі Г.Г. Ягода және БК(б)П ОК хатшысы П.П. Постышев кірді. Комиссия жұмысының ерекшелігі – оның кең өкілеттіктерге ие болуы, қабылданған шешімдер Саяси бюро қаулылары ретінде бекітіліп отырды.

1931 жылы 25 ақпанда БК (б) П саяси бюросы «Кулактар туралы» хаттамасымен ОГПУ-ға 6 ай ішінде қоныс аудару туралы келесідей тапсырма берілді: «200–300 тысяч семей под управлением специально назначенных комендантов, имея ввиду прежде всего районы Казахстана – южнее Караганды». Тәркіленген кулактарды жер аудару ісін бақылау СССР ХКК төрағасының орынбасары Андреевке тапсырылды. Қоныс аудару мәселесіне қатысты барлық сұрақтарды Андреевпен келісе отырып шешу ОГПУ-ге тапсырылды [18].

БК (б) П ОК 1931 жылы 20 наурызда «Кулактар туралы» қаулы қабылдап, 1931 жылы мамыр-шілде айларында Қазақстанға 150 мың кулакты қосымша жер аудару туралы шешім шығарды (Ақмола және Қарқаралы округі, Балқаш көлінен оңтүстікке қарай Тоқырау өзені жағалауына). Оларды ауыл шаруашылығы ғана емес, пайдалы қазбаларды игеру күтіп тұрды [19].

1931 жылғы 15 мамырда А.А. Андреев комиссиясы 1931 жылға арналған кулак отбасыларын қоныс аудару жоспары мәселесін қарады. Онда техникалық мүмкіндіктің болмауына байланысты Қазақстан аудандарына 150 000 кулак отбасын қоныстандыру мүмкін еместігі атап өтіліп, ағымдағы жылы бірінші кезекте 56 000 кулак отбасын орналастыру мүмкін деп танылды.

Қазақстан аумағында кулактарды қоныстандырудың негізгі аудандары айқындалды: Төменгі Еділ өлкесінен (НВК) – 10 000; Орта Еділ өлкесінен (СВК) – 10 000; Орталық Қаражер облысынан (ЦЧО) – 10 000; Мәскеу облысынан (МО) – 6 000; Ленинград әскери округінен (ЛВО) – 4 000; Нижегород өлкесінен – 500; Башқұртстаннан – 6 000; Татариядан – 5 000 кулак отбасы. Барлығы – 56 000 отбасы.

Сонымен қатар құжатта «өнеркәсіп пен тұрғын үй құрылысының бірінші кезектегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Солтүстік-Шығыс Қазақстанға арнайы қоныс аударушыларды келесі мерзімдерде жеткізу қажет: мамыр–маусым айларында 20 000–25 000 жалғызбасты адамдарды, кейіннен олардың отбасыларын көшірумен; шілде–тамыз айларында – қалған 35 000 шаруашылықты» деп нақты көрсетілді [20].

1931 жылғы 20 мамырда ОГПУ ПП тарапынан Қазақстанға шаруаларды жер аудару мерзімдері көрсетілген телеграмма жіберілді. Оның 1931 жылғы 15 мамырда А. Андреев комиссиясының отырысында қабылданған шешімнен едәуір айырмашылығы болды. Дерек келтірсек: «В течение июля, сентября месяца 1931 г. в Казахстан будет выселено шестьдесят тысяч семей кулаков второй категории». Для подготовки жилищного строительства предварительно выселялись 20000 кулаков мужчин одиночек, по десять тысяч из СВК (1-6 июня

1931 г.), НВК (с 7-12 июня), по одному эшелону ежедневно. Станция назначения – Акмолинск. В телеграмме указывалось, что «вселяемых кулаков одиночек принимает КазЛАГ, о времени, количестве отправки 60000 семей кулаков будет сообщено дополнительно. Порядок приема, разгрузки, устройства будет дан директивой по линии ГУЛАГА» [21].

«Қазақстанға жіберу жоспарланған кулак отбасыларын қоныстандыру мен пайдаланудың мүмкіндіктері мен жағдайларын жергілікті жерде жан-жақты анықтау» мақсатымен Қазақстанға Альшанский басшылық еткен арнайы комиссия жіберілді. 1931 жылғы 15 сәуірде Г. Ягода Алматыға ПП ОГПУ-дың өкілі жолдас Даниловскийге комиссия жұмысының барлығы оның тікелей жәрдемімен жүргізілуі тиіс екенін хабарлады. Комиссия кетісімен кулак отбасыларын қабылдау, орналастыру, қоныстандыру және олардың шаруашылық-тұрмыстық қамтамасыз етілуіне қатысты барлық жұмыс «Қазақстан ПП ОГПУ-ының мойнына жүктелетіні» атап көрсетілді.

Қазақстан ПП ОГПУ-ы Альшанский комиссиясымен тығыз байланыста арнайы қоныс аударушыларды қабылдау, орналастыру және орналастырып қою жоспарын шұғыл түрде әзірлеуге, ауыл шаруашылығын игеру жағдайларын, тұрғын үй құрылысының болашағын, тиісті ұйымдармен бірлесіп шаруашылықта пайдалану мүмкіндіктерін анықтауға тиіс болды.

ОГПУ жоспарынша, барлық жұмыстар 1931 жылғы мамыр - маусым айларына, яғни жаппай қоныс аудару басталар сәтке дейін аяқталуы қажет еді.

Күштеп ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанға Ресейдің орталық облыстарынан 189 мың адам жіберілді. Оның ішінде 1931 жылдың мамыр айында ашаршылық кезінде қазіргі Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау облыстарының аудандарында 150 мың адам орналастырылды. Толық емес мәліметтер бойынша, 1937 жылға қарай Қазақстанға жіберілгендер саны 360 мың адамды құрады. Осылайша, 1930 жылдары Қазақстан көшірілген халықтар үшін ерекше резервке айналды [22].

«Живая память. Сталинизм в Казахстане – Прошлое, Память, Преодоление» (Ж.Б. Абылхожин, М.Л. Акулов, А.В. Цай) атты еңбекте. «Если на 6 июля 1931 г. в Казахстан было выслано 80 семей (281 человек) из Средней Азии, то уже на 1 сентября 1932 г. на учете комендатур здесь состояла 46 091 семья, или 180 015 спецпоселенцев. Это были крестьяне с Нижней и Средней Волги, из Центрально-Черноземной и Московской областей, Северокавказского края и Средней Азии» [23], - деген деректер келтіріледі.

1933 жылғы 21 тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің № 1796/393 қаулысы қабылданып, соған сәйкес 1933 жылдың ішінде ОГПУ-дың Батыс Сібірі мен Қазақстанындағы еңбек қоныстарына бұрын жер аударылған, жетіп үлгерген және жол үстінде жүргендерден бөлек, қосымша 124 000 адамды, сондай-ақ тағы 426 000 адамды жіберу жоспарланды. Оның ішінде:

а) жеке тәртіппен жер аударылатын кулактар – 12 000 отбасы, 48 000 адам;

ә) бас бостандығынан айыру орындарынан 3 жылдан 5 жылға дейін сотталғандар – 133 400 адам, оларға кейіннен отбасыларын жеткізумен, 1933

жылғы 8 мамырдағы БК(б)П ОК мен ХКК Нұсқаулығының III бөлімінің 6-тармағына сәйкес, жалпы саны 378 000 адам [24].

1933 жылы еңбек поселкелеріне кулактармен қатар астық және өзге де халыққа қарсы кампанияларға қарсы шығып, бүлік шығарған адамдар да қоныстандырылды (Қазақстанға). Бұл жағдай ОГПУ органдарын үрейлендірді. Себебі, жергілікті жерлерді жағдай бақылаудан шығып кетуі мүмкін еді.

1934 жылы ақпанда ГУЛАГ ОГПУ бастығының көмекшісі Плинер Г. Ягодаға: «7 августа 1933 г. Вами было указано ПП ОГПУ МО и ЛВО о прекращении направления в трудпоселки одиночек из числа уголовников деклассированного элемента и оформление их через тройки при ПП ОГПУ в лагеря. Однако в числе прибывающих в трудпоселки одиночек значительное количествосоставляет деклассированный элемент. В настоящее время некоторые ПП ОГПУ ЛВО, УССР, Закавказья и БССР требуют от нас нарядов на отправку в трудпоселки из декласированного элемента..». Возражая против такой политики, Плинер ссылался на опыт Западной Сибири и Казахстана, где «этот контингент очень плохо осваивается в условиях режима трудпоселков и разлагающим образом действует на остальную массу трудпоселенцев» [25], - деген мазмұндағы рапорт жазды. Бұл өз алдына жеке зерттелінетін тақырып.

Осылайша, халық ашаршылықтиан қырылып жатқанда, сырттан адамдарды әкеліп, оларға жағдай жасау саясаты ешқандай ақылға сыймайды.

Халықтың тең жартысынан астамы қырылған ашаршылық жылдары сырттан әкелінген қоныстандырушыларға жағдай жасалған. Деректер келтірсек: 1932 жылы 23 ақпанда «Письмо НКП о состоянии обеспеченности учителей – спецпереселенцев» №526/с лично Зав.Крац, Обл.Оно.копия управление лагерями деген құжатта: «Несмотря на ряд указаний как по линии НКП, так и Управления лагерями ОГПУ, до сих пор учителя-переселенцы находятся в неудовлетворительном положении, как в области методического руководства, так и в области материального обеспечения.

Предлагается:

а/в течение марта месяца проверить состояние обеспеченности учителей – спецпереселенцев квартирами и снабжением. В этот же период времени добиться полного обеспечения учителей спецпереселенцев квартирами и установить твердые нормы /наряду с другими учителями/ снабжения как продовольствием, так и промтоварами...» [26].

1932 жылғы «Об обследовании и принятии срочных мер по полному обслуживанию сирот и беспризорных из числа спецпереселенцев» деген құжатта: «С получением настоящего Каз.Наркоспрос предлагает вам в трехдневный срок выполнит следующее:

1. Проверить и уточнить количество детей сирот и беспризорников по прилагаемой форме.

2. Обследовать и принять самые срочные меры к полному обслуживанию сирот и беспризорников из спецпреселенцев т.е. обеспечить их квартирой, одеждой, обувью, питанием, мытьем, педагогическим и культурным обслуживанием за счет РайОНО и общественных средств /РайУТБ и др./.

Предупреждаю, что за формальный подход к делу и запромедление дачи сведении более установленных трех дней на эту работу ответственный руководитель РайОНО будет привлечен к ответственности как дезорганизующий работу по организаций областей в Казакстане и налаживание культобслуживания спецпереселенцев в Казакстане. Как один из реальных методов скорейшего и правильного обслуживания и своевременного финансирования РайОНО на культобслуживание спецпереселенцев в целом. Наркомпрос рекомендует выежать на места расселения спецпереселенцев одному из ответственных работников райОНО и самому лично при помощи завшколами и культактива спецпереселенческого пункта провести всю необходимую работу по обследованию состояния обслуживания сирот и беспризорников и точному учету их, давая практические указания помощь на месте детдомам, их руководителям, комендантам и культармейцам.

Всю эту работу необходимо увязать с Райкомом ВКП (б). Кайкомолом и парторганам на местах /ячейки при совхозах, комендатуре и.т.д. /...» [27], -деп жазылған.

*Ал, 1933 жылы 12 шілдеде «*О выделении из местного бюджета специальных суммы для примерования лучшей части идеологически выдержанных педагогов в с/поселках (Письмо П.П. Замнаркомпроса К. Мальцева)» деген құжатта келесідей деректер келтірілген: *«...НКП предлагает ОНО выделит из местного бюджета специальных суммы для примерования лучшей части идеологически выдержанных педагогов в с/поселках, проявивших себя в деле перевоспитания детей и лучшей постановки общей работы в с/п школах обеспечить их бесплатными путевками в дома отдыха и на курорты, а также оказать содействие в повышений их теоретического уровня путем выделения специальной брони в педтехникумах и педвузах и направления в них мобилизованных педагогов изъявивших желание учиться...*»[28]. Осындай мазмұндағы деректер архив қорларында мол.

Қорытынды. *Сонымен, 1920–1930 жылдары* Қазақстанға сырттан қоныс аударылған адамдар саны туралы түрліше айтылады. Мәселен, 1991 жылғы 12 қарашада құрылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының комиссиясы республикалық және ведомстволық мұрағаттардың құжаттық материалдарын, статистикалық деректерді, мерзімді баспасөзді, куәгерлердің айғақтарын зерттей отырып, өз қорытындысында республикаға 46 091 отбасы немесе 180 мыңнан астам адам жер аударылғанын көрсеткен [29].

Ал, Н.А. Ивницкий мен В.Н. Земсков 1930–1931 жылдары Қазақстанға жер аударылған екінші санаттағы кулактардың саны 50 929 отбасы болғанын жазды [30].

Алтаев А.Ш., Жангуттин Б.О. жазған «Краткие очерки истории Казахстана» – деген кітапта 1930–1931 жылдары Қазақстанға қоныс аударылған кулактар саны 312 178 адамды, бірінші және екінші санаттағы 66 421 кулак отбасын құрайтындығын келтірген. Оның ішінде Ресей мен Орта Азияның әртүрлі аймақтарынан Қазақстанға 60 080 отбасы, 282 376 адам қоныстандырылды; ал республика ішіндегі қоныс аудару бойынша 6 341 отбасы,

29 802 адам болғандығы жазылған. 1932 жылы Қазақстанға 2 318 отбасы, 11 590 адам жіберілген [31].

Сонымен, большевиктік-сталиндік билік патшаның отарлау саясатын жалғастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. Голощекин Ф.И. Завоевание Октябрьской революции // Голощекин Ф. И. Десять лет пройденных и предстоящие задачи: доклад на собрании Горпартактива Алма-Атинской организации 1 октября 1930 года. – Алма-Ата: Гостипо-литогр. КЦСНХ № 2, 1930. – 49 с. – С. 30–42.

2. Решение 5-ой всеказахской партконференции по отчетному докладу Крайкома ВКП(б) // Сборник важнейших решений Казакского Краевого Комитета ВКП(б), принятых за период V - VI Всеказакских конференций. Кзыл-Орда: Агитпром РКП (б), 1926.-28 с. (С. 25–26).

3. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары). Т. XII: Қазақстандағы саяси қуғын сүргін барысында қолданылған терминдер мен түсініктер жинағы (Глоссарий) / Құраст.: С. А. Қасымов, И. Ш. Борчашвили, К. К. Айтхожин, Е. М. Абайдельдинов [ж. б.]; жалпы ред. басқарған Е. А. Әбіл. Алматы: «Нур», 2024. 168 б.

4. Волошинова И. В. Переселенческая политика Советского государства в 1920-1930-е годы в отечественной историографии: диссертация ... кандидата исторических наук: 07.00.02. - Санкт-Петербург, 2002. 200 с., 274-б

5. Постановление ЦИК и СНК СССР от 18 января 1928 г. «О задачах переселения, его организации, основах составления планов переселения и о порядке финансирования переселенческих мероприятий» // https://docs.historyrussia.org/(дата обращения – 20.11.23).

6. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 25. Отдел руководящих партийных органов. Сектор информации. Казахский крайком ВКП(б). 1926–1933. Д. 10. Л. 111.

7. Голощекин Ф.И. Поставить развитие Казакстана на социалистические рельсы // Партийное строительство в Казахстане. Сб. речей и статей (1925–1930 гг.). М. Алма-Ата: Госиздат РСФСР, 1936. 344 с.

8. Голощекин Ф.И. О решениях ЦК ВКП(б) по отчету Крайкома ВКП(б). Доклад на активе кзыл-ордынской парторганизации – 1928 год // Партийное строительство в Казахстане. Сб. речей и статей (1925–1930 гг.). М. Алма-Ата: Госиздат РСФСР, 1936. 344 с. (С. 212).

9. ГА РФ. Ф. 9414. Оп.1. Д. 1944. Л. 20-21.

10. ГА РФ, ф. 9414. Оп. 1. Д. 1943. Л. 6.10.

11. ГА РФ. Ф. 9414. Оп.1. Д. 1944. Л. 28-29.

12. ГА РФ. Ф. 9414. Оп.1. Д. 1944. Л. 80.

13. Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание (начало 30-х го дов). – Москва: Интерпракс, 1994. С. 123–124.

14. ГА РФ. Ф. 9414. Оп. 1. Д. 1943. Л. 32, 70.

15. АП РК. Ф. 141. Оп.1. Д. 2989. Л. 25-26.
16. Павел Полян «НЕ ПО СВОЕЙ ВОЛЕ…История и география принудительных миграций в СССР». Москва, ОГИ - Мемориал, 2001, 327 с.
17. ГА РФ. Ф. 9414. Оп. 1. Д. 1943. Л. 32, 70.
18. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 3. Д. 814. Л.7.
19. http://memo.ru/history/deport/nav.htm. (Дата обращения: 14.10.25).
20. http://tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3337/. (Дата обращения: 14.10.25).
21. Ивницкий Н.А. Судьба раскулаченных в СССР. М., Собрание, 2004.- С. 142
22. http://tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3337/. (Дата обращения: 14.10.25).
21. ГА РФ. Ф. 9479. Оп. 1. Д. 15. Л. 31, 24.
22. ГА РФ. Ф. 9479. Оп. 1. Д. 24. Л. 15
23 Живая память. Сталинизм в Казахстане – Прошлое, Память, Преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. – 272 с. (С.77)
24. Алтаев А.Ш., Жангуттин Б.О. «Краткие очерки истории Казахстана».Учебное пособиедля вузов. Алматы, «Бастау», 2008.-244 с.
25. Бұл да сонда
26. ГА Актюбинской области. Ф.281. Оп. 1. Д.1. Л. 6.
27. ГА Актюбинской области. Ф.281. Оп. 1. Д.1. Л. 4.
28. ГА Актюбинской области. Ф. 281. Оп. 1. Д. 113. Л. 7.
29. Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931–1933 гг. Сборник документов и материалов. Алматы: «Фонд XXI век», 1998.-263 с.»С. 13.
30. Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание. С.192-194; Земсков В.Н. Спецпереселенцы (по документам НКВД-МВД СССР //Социологические исследования. 1990. №11. С. 3–17.
31. Алтаев А.Ш., Жангуттин Б.О. «Краткие очерки истории Казахстана».Учебное пособиедля вузов. Алматы, «Бастау», 2008.-244 с.

References
Pajdalanylғan ədebietter men derekkөzder tizimi:

1. Goloshchekin F.I. Zavoevanie Oktyabr'skoj revolyucii // Goloshchekin F. I. Desyat' let projdennyh i predstoyashchie zadachi: doklad na sobranii Gorpartaktiva Alma-Atinskoj organizacii 1 oktyabrya 1930 goda. – Alma-Ata: Gostipo-litogr. KCSNH № 2, 1930. – 49 s. – S. 30–42.
2. Reshenie 5-oj vsekazahskoj partkonferencii po otchetnomu dokladu Krajkoma VKP(b) // Sbornik vazhnejshih reshenij Kazakskogo Kraevogo Komiteta VKP(b), prinyatyh za period V - VI Vsekazakskih konferencij. Kzyl-Orda: Agitprom RKP (b), 1926.-28 s. (S. 25–26).
3. Sayasi қuғyn-sүrgin құrbandaryn tolyқ aқtau zhөnindegi Memlekettik komissiyanyң materialdary (HKH ғasyrdyң 20–50 zhyldary). T. HII: Қazaқstandaғy

sayasi қuғyn sүrgin barysynda қoldanylғan terminder men tүsinikter zhinaғy (Glossarij) / Құrast.: S. A. Қasymov, I. SH. Borchashvili, K. K. Ajthozhin, E. M. Abajdel'dinov [zh. b.]; zhalpy red. basқarғan E. A. Әbil. Almaty: «Nur», 2024. 168 b.

4. Voloshinova I. V. Pereselencheskaya politika Sovetskogo gosudarstva v 1920-1930-e gody v otechestvennoj istoriografii: dissertaciya ... kandidata istoricheskih nauk: 07.00.02. - Sankt-Peterburg, 2002. 200 s., 274-b

5. Postanovlenie CIK i SNK SSSR ot 18 yanvarya 1928 g. «O zadachah pereseleniya, ego organizacii, osnovah sostavleniya planov pereseleniya i o poryadke finansirovaniya pereselencheskih meropriyatij» // https://docs.historyrussia.org/(data obrashcheniya – 20.11.23).

6. RGASPI. F. 17. Op. 25. Otdel rukovodyashchih partijnyh organov. Sektor informacii. Kazahskij krajkom VKP(b). 1926–1933. D. 10. L. 111.

7. Goloshchekin F.I. Postavit' razvitie Kazakstana na socialisticheskie rel'sy // Partijnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Sb. rechej i statej (1925–1930 gg.). M. Alma-Ata: Gosizdat RSFSR, 1936. 344 s.

8. Goloshchekin F.I. O resheniyah CK VKP(b) po otchetu Krajkoma VKP(b). Doklad na aktive kzyl-ordynskoj partorganizacii – 1928 god // Partijnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Sb. rechej i statej (1925–1930 gg.). M. Alma-Ata: Gosizdat RSFSR, 1936. 344 s. (S. 212).

9. GA RF. F. 9414. Op.1. D. 1944. L. 20-21.

10. GA RF, f. 9414. Op. 1. D. 1943. L. 6.10.

11. GA RF. F. 9414. Op.1. D. 1944. L. 28-29.

12. GA RF. F. 9414. Op.1. D. 1944. L. 80.

13. Ivnickij N.A. Kollektivizaciya i raskulachivanie (nachalo 30-h go dov). – Moskva: Interpraks, 1994. S. 123–124.

14. GA RF. F. 9414. Op. 1. D. 1943. L. 32, 70.

15. AP RK. F. 141. Op.1. D. 2989. L. 25-26.

16. Pavel Polyan «NE PO SVOEJ VOLE…Istoriya i geografiya prinuditel'nyh migracij v SSSR». Moskva, OGI - Memorial, 2001, 327 s.

17. GA RF. F. 9414. Op. 1. D. 1943. L. 32, 70.

18. RGASPI. F. 17. Op. 3. D. 814. L.7.

19. http://memo.ru/history/deport/nav.htm. (Data obrashcheniya: 14.10.25).

20. http://tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3337/. (Data obrashcheniya: 14.10.25).

21. Ivnickij N.A. Sud'ba raskulachennyh v SSSR. M., Sobranie, 2004.- S. 142

22. http://tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3337/. (Data obrashcheniya: 14.10.25).

21. GA RF. F. 9479. Op. 1. D. 15. L. 31, 24.

22. GA RF. F. 9479. Op. 1. D. 24. L. 15

23 ZHivaya pamyat'. Stalinizm v Kazahstane – Proshloe, Pamyat', Preodolenie / Pod red. ZH.B. Abylhozhina, M.L. Akulova, A.V. Caj. – Almaty: «Dajk-Press», 2019. – 272 s. (S.77)

24. Altaev A.SH., ZHanguttin B.O. «Kratkie ocherki istorii Kazahstana».Uchebnoe posobiedlya vuzov. Almaty, «Bastau», 2008.-244 s.

25. Byl da sonda
26. GA Aktyubinskoj oblasti. F.281. Op. 1. D.1. L. 6.
27. GA Aktyubinskoj oblasti. F.281. Op. 1. D.1. L. 4.
28. GA Aktyubinskoj oblasti. F. 281. Op. 1. D. 113. L. 7.
29. Nasil'stvennaya kollektivizaciya i golod v Kazahstane 1931–1933 gg. Sbornik dokumentov i materialov. Almaty: «Fond HKHI vek», 1998.-263 s.»S. 13.
30. Ivnickij N.A. Kollektivizaciya i raskulachivanie. S.192-194; Zemskov V.N. Specpereselency (po dokumentam NKVD-MVD SSSR //Sociologicheskie issledovaniya. 1990. №11. S. 3–17.
31. Altaev A.SH., ZHanguttin B.O. «Kratkie ocherki istorii Kazahstana».Uchebnoe posobiedlya vuzov. Almaty, «Bastau», 2008.-244 s.

ҒТАХР 03.20

ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУДЕН БАС ТАРТУ «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІШІ ҚАЗАН» РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫН КҮШТЕП ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ (1920-1930 жж.)

Асанова Гульмира Кабыланкызы[1]*
[1]тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Астана Халықаралық университеті, Қазақстан, Астана, https://orcid.org/0009-0008-5404-8313, e-mail: agk569@mail.ru
*Автор-корреспондент

Аңдатпа. 1920-1930 жылдары Қазақстанда басқару және қоғамдық өмірдің барлық салаларында титулды ұлттың рөлін күшейтуге бағытталған жергіліктендіру (қазақтандыру) саясаты жүргізілді. Бұл саясат кеңес өкіметінің ұлттық саясат саласындағы кең ауқымды стратегиясының бір бөлігіне айналды. Қазақстан - көпұлтты республикалардың бірі ретінде – осы саясатты іске асырудың тәжірибе алаңы болды. *Зерттеу мақсаты мен міндеттері:* жергіліктендіру саясатының алғышарттарын, мақсаттарын және іске асыру әдістерін зерделеу; қазақ интеллигенциясы мен өлкелік партия басшылығы арасындағы қайшылық себептерін анықтау; жергіліктендіру саясатының тоқтатылу себептері мен салдарын талдау. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Қазақстандағы жергіліктендіру саясатының алғышарттары, мақсаттары, әдістері мен ерекшеліктері анықталды: бұл саясаттың жүзеге асырылуы қайшылықты сипатта болды – ұлттық дамуды ресми түрде қолдай отырып, кеңестік билік оны идеология шеңберінде бақылауға және шектеуге ұмтылды; өлкелік партия ұйымындағы қарсылықтың себептері мен сипаты анықталды: ұлттық кадрлардың жергіліктендіру мақсаттары мен жүзеге асырылу әдістеріне қатысты ұстанымдары «ұлтшылдық» көрінісі ретінде бағаланды; жергіліктендіру мен кейінгі саяси қуғын-сүргін арасындағы байланыс анықталды: «Кіші Қазан» саясаты аясында кеңес үкіметіне қарсы саяси қарсыластар анықталып, жаппай қуғын-сүргінге ұшырады; 1920-1930 жылдардағы жергіліктендіру саясаты аясында қазақ халқы елеулі шығындар мен жарақаттарға ұшырады, олардың салдары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыр; тарихи жады бұрмаланды – ондаған жылдар бойы ұлттық болмыс, мәдениет, дәстүр мен тілді ұстанған қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесі айтылмай келді, бұл олардың тарихтағы рөлін әділ бағалаудың жоғалуына әкелді. *Қорытынды.* Жергіліктендіруды зерттеу мемлекеттік құрылым мен мәдени әртүрлілікті сақтау арасындағы тепе-теңдіктің маңызын, сондай-ақ көпэтносты қоғам жағдайында ұлттық бірегейлікке құрметпен қарау қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қазақстан; «Кіші Қазан»; ұлттық саясат; жергіліктендіру.
Алғыс. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі

базалық категориялары мен ішкі санаттарын және оларды толық ақтау үдерістерін іргелі зерттеу» жобасы шеңберінде қаржылық қолдаумен орындалды.

МРНТИ 03.20

ОТКАЗ ОТ КОРЕНИЗАЦИИ, КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ФОРСИРОВАННОЙ РЕАЛИЗАЦИИ РЕВОЛЮЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ «МАЛЫЙ ОКТЯБРЬ В КАЗАХСТАНЕ» (1920-1930 ГГ.)

Асанова Гульмира Кабыланкызы[1]*
[1]Кандидат исторических наук, PhD, Международный университет Астана, Казахстан, Астана, https://orcid.org/0009-0008-5404-8313, e-mail: agk569@mail.ru
*Автор-корреспондент

Аннотация. В 1920-1930-е годы в Казахстане проводилась политика коренизации, направленная на усиление роли титульной нации в управлении и во всех сферах общественной жизни. Эта политика стала частью более широкой стратегии Советской власти в области национальной политики. Казахстан, как одна из ключевых многонациональных республик, стал полем для экспериментов по внедрению этой политики. *Цель и задачи исследования* – изучить предпосылки, цели и методы реализации коренизации; выявить причину дискуссии между представителями казахской интеллигенции и партийным руководством; определить причины и последствия сворачивания коренизации. *Результаты.* В ходе проведенного исследования выявлены предпосылки, цели, методы и особенности реализации политики коренизации в Казахстане: её реализация носила противоречивый характер, формально поддерживая национальное развитие, советская власть на деле стремилась контролировать и ограничивать его рамками идеологии; определены причины и характер противостояния в краевой парторганизации: позиция национальных кадров по вопросу о целях и методах реализации коренизации трактовалась как проявление «национализма»; установлена связь между политикой коренизации и последующими репрессиями: в ходе коренизации как части политики «Малого Октября», были выявлены политические оппоненты советской власти, подвергшиеся массовым репрессиям; в контексте политики коренизации в Казахстане в 1920-1930-е годы народ понёс значительные потери и травмы, имевшие долгосрочный межпоколенный характер; была искажена историческая память - десятилетиями вклад репрессированных деятелей – носителей национальной идентичности, культуры, традиций и языка – замалчивался, что привело к утрате справедливой оценки их роли в истории. *Заключение.* Изучение коренизации позволяет понять, насколько важны баланс между государственным строительством и учетом культурного многообразия, а также необходимость уважения к национальной идентичности в условиях многоэтнического общества.

Ключевые слова: Казахстан; «Малый Октябрь»; национальная политика; коренизация.
Благодарность. Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования BR24993057 «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

IRSTI 03.20

THE ABANDONMENT OF INDIGENIZATION AS AN INTEGRAL COMPONENT OF THE FORCED IMPLEMENTATION OF THE «SMALL OCTOBER IN KAZAKHSTAN» (1920S-1930S)

Gulmira K. Assanova[1*]
[1]Candidate of Historical Sciences (PhD), Astana International University, Kazakhstan, https://orcid.org/0009-0008-5404-8313, e-mail: agk569@mail.ru
*Corresponding author

Abstract. In the 1920s–1930s, the policy of korenizatsiya was implemented in Kazakhstan with the aim of strengthening the role of the titular nation in governance and all spheres of public life. This policy became part of a broader strategy of the Soviet government in the field of national policy. As one of the key multiethnic republics, Kazakhstan became a testing ground for the implementation of this approach. *Goals and objectives.* To examine the prerequisites, goals, and methods of implementing korenizatsiya; to identify the causes of the conflict between representatives of the Kazakh intelligentsia and the party leadership; and to determine the reasons for and consequences of the policy's eventual reversal. *Results.*The study identified the prerequisites, goals, methods, and features of the implementation of korenizatsiya in Kazakhstan. Its execution was contradictory: while formally supporting national development, the Soviet authorities in reality sought to control and restrict it within ideological boundaries. The causes and nature of opposition within the regional party organization were also revealed: the position of national cadres regarding the goals and methods of korenizatsiya was interpreted as a manifestation of «nationalism». A connection was established between the policy of korenizatsiya and subsequent political repressions: as part of the «Small October» policy, political opponents of Soviet power were identified and subjected to mass repression. In the context of korenizatsiya in Kazakhstan during the 1920s-1930s, the people suffered significant losses and traumas, which had long-term intergenerational effects. Historical memory was distorted - for decades, the contributions of repressed figures-bearers of national identity, culture, traditions, and language - were silenced, leading to a loss of fair historical assessment of their role. *Conclusions.* Studying korenizatsiya allows us to understand the importance of balancing state-building with the preservation of cultural diversity, as well as the need to respect national identity in a multiethnic society.

Keywords: Kazakhstan; «Small October»; national policy; korenizatsiya.
Acknowledgments. This work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of the program-targeted funding project BR24993057 «Fundamental Study of the Main Basic Categories and Subcategories of Victims of Political Repressions in Kazakhstan and the Processes of Their Full Rehabilitation».

Кіріспе

XX ғасырдың 1920-1930 жылдарындағы Қазақстандағы жергіліктендіру (коренизация) саясатының тарихи тәжірибесін зерттеу қазіргі ұлттық жаңғыру процестерінің себеп-салдарлық байланыстарын және қазіргі қазақ бірегейлігінің бастауларын түсінуге мүмкіндік береді. Сол кезеңде өзекті болған көптеген мәселелер (тіл, дәстүрлер, мәдени мұра, тарих және т.б.) бүгінгі таңда да, әсіресе еліміздің мәдени әртүрлілігі жағдайында өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Тарихи контексті білу этностар арасындағы толеранттылық пен өзара құрметті қалыптастыру үшін маңызды деп есептейміз. Осы тұрғыдан алғанда, жергіліктендіруден бас тарту және оның себеп-салдарлық байланыстарын зерттеу отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.Бұл мәселенің өзектілігі 1920 жылдардың екінші жартысында басталған жергіліктендіру бағытының тежелуі өздігінен жүрген процесс емес, ол Ф. Голощекиннің Қазақстанды радикалды трансформациялауға бағытталған «Кіші Қазан» саясатының тікелей құрамдас бөлігі болғандығымен негізделеді. Жергіліктендіру идеяларынан бас тарту ұлттық кадрлардың мемлекеттік және партиялық басқарудан жаппай шеттетілуіне жол ашты. Сол кезеңдегі ұлттық элита (С. Сәдуақасов, т.б.) мен өлкелік партия ұйымы арасындағы идейлық қайшылықтар кеңестік ұлттық саясатының ішкі қайшылықтарын айқын көрсетті. Бұл тарихи кезеңді объективті зерделеу мемлекеттік институттар мен ұлттық бірегейліктің қалыптасу тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің объектісі – XX ғасырдың 1920–1930 жылдарындағы Қазақстандағы жергіліктендіру және «Кіші Қазан» саясатының жүзеге асырылу процесі. Зерттеудің пәні – жергіліктендіру бағытынан бас тартудың себептері, жүзеге асырылу тетіктері және оның «Кіші Қазан» революциялық концепциясымен өзара байланысы мен салдары.

Әдістер мен әдістеме

Осы зерттеудің стратегиясы ретіндегі методологияның негізін тарихи-генетикалық (жергіліктендірудің пайда болуын, дамуын және тоқтатылуын талдау) мен жүйелілік тәсілдер (жергіліктендіруді жалпы ұлттық және кадр саясатының құрамдас бөлігі ретінде зерделеу) құрайды. Жергіліктендіру үдерісін тереңірек зерттеу үшін тарихи, әлеуметтанулық және саясаттанулық әдістер кешені қолданылды, бұл осы күрделі әрі қайшылықты процестің құжаттық базасын да, әлеуметтік-мәдени аспектілерін де қамтуға мүмкіндік берді. Зерттеу әдістері ретінде мынадай нақты ғылыми әдістер пайдаланылды: салыстырмалы-тарихи әдіс; архивтік дереккөздерді талдау (партия съездерінің,

конференцияларының құжаттары, қаулылар, хат-хабарлар, баяндамалар, есептер және т.б.); тарихнамалық талдау (әр түрлі авторлардың жергіліктендіру мәселесіне қатысты көзқарастарын зерттеу); контент-талдау (1920–1930 жылдардағы баспасөз жарияланымдары мен насихат материалдарын талдау); сапалық әдістер (оқиғаға қатысушылардың естеліктерін пайдалану, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының жеке өмірбаяндарын зерттеу); сандық әдістер (статистикалық мәліметтерді, есеп беру деректерін және т.б. пайдалану).

Зерттеу кешенді дереккөздерге негізделген, олардың қатарында: архив материалдары, партия ұйымдарының құжаттары мен үкімет шешімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қолжазбалар мен сирек кітаптар қорының материалдары, сондай-ақ Қазақстандағы ұлт мәселесі мен жергіліктендіруге қатысты қолжазбалар мен сирек кітаптардың электронды қоры, құжаттар мен материалдар жинақтары, стенографиялық есептер, есепке арналған материалдар мен резолюциялар.

Талқылау

Ғалымдар жергіліктендіру (коренизация) саясатын методологиядағы, ғылыми тәсілдердегі, идеологиялық конъюнктурадағы өзгерістер мен дереккөздердің қолжетімділігіне байланысты әртүрлі кезеңдерде қарастырған. Осыған орай, бұл мәселе көбінесе XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихтың әртүрлі мәселелерін қарастырған еңбектер контексінде зерттелгенін айтқан жөн. Олардың қатарында «Кіші Қазан» саясатын жүзеге асыру, ұлт саясаты, демографиялық тарих, мәдени революция, репрессия саясаты және т.б. мәселелер бар.

Қазақстандағы жергіліктендіруді зерттеу тарихнамасында хронологиялық тұрғыдан теориялық-методологиялық тәсілдерімен бір-бірінен ерекшеленетін үш кезеңді бөліп көрсетуге болады: кеңестік, посткеңестік және қазіргі заманғы кезеңдер.

1. Кеңестік тарихнама (1920–1980 жылдар) жергіліктендіруді негізінен лениндік ұлт саясатының жүзеге асырылуы ретінде позитивті қырынан қарастырды. Кеңестік тарихнамада жергіліктендіру мәселесі бойынша екі бағыт нақты байқалады. Біріншісі – мемлекеттік қайраткерлердің, шенеуніктердің және басқа да ресми тұлғалардың еңбектерімен көрініс тапқан консервативті, ресми бағыт. Бұл еңбектерде билік өкілдері мен ұлттық лидерлер арасындағы қайшылықтар, сондай-ақ жергіліктендіруді жүргізудегі тоталитарлық режимнің жіберген қателіктері ішінара аңғарылады (Ф. Голощекин, Л. Мирзоян, Х.Ш. Амрин, Е.И. Князева, М. Ряднин). Екінші бағыт — демократиялық бағыт, ол қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, қазақ ұлттық зиялылары өкілдерінің сөйлеген сөздерімен және жарияланымдарымен сипатталады (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов және б.). XX ғасырдың басындағы жарияланымдардың осындай әртүрлі сипатта болуы жергіліктендіру әдістері мәселесіндегі идеялық келіспеушіліктерге байланысты туындаған. Бұл жағдай мәселеге қатысты түрлі позицияларды, әртүрлі көзқарас қырларын, сондай-ақ

осы еңбектер жарық көрген қоғамдық-саяси ахуал мен интеллектуалдық ортаны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Идеологиялық бақылау жағдайында жергіліктендіру саясатының қайшылықтарын, шектеулерін, қателіктері мен салдарларын сын тұрғысынан пайымдау мүмкін болмады. Осы кезеңдегі еңбектерде жергіліктендірудің прогрессивті сипаты, атап айтқанда: ұлттық кадрларды даярлау, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, жергілікті элитаны дамыту және т.б. мәселелер баса көрсетілді. Мұндай зерттеулердің қатарына мына еңбектер жатады: А.Г. Сарманаев «Политика большевиков в Казахстане» (1957); И.Е. Бородин «Социалистическое строительство в Казахстане» (1961); А.П. Кучкин «Советизация казахского аула (1926–1929 гг.)» (1962); О.И. Чистяков «Коренизация государственного аппарата национальных районов в первые годы Советской власти (по материалам национальных районов Среднего Поволжья)» // Правоведение. 1965, № 1; К.Н. Бекмаметов «Казахская интеллигенция в 1920–1930 годы» (1970); А.С. Мусин «Национальная политика советского государства» (1975); С.З. Зиманов «Ленин и национальная государственность в Казахстане» (1976), «Национальная государственность и сближение наций» (1983), «Теоретические вопросы советского национально-государственного строительства» (1987); Т.А. Ағдарбеков «Проблемы национально-государственного строительства в Казахстане (1920–1936 гг.)» (1990).

Посткеңестік кезең (1990–2000 жылдар). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік мұраны қайта қарау үдерісі басталды. Осы кезеңдегі зерттеулер десталинизацияға ұмтылумен және ұлттық бірегейлікті іздеумен сипатталады. Тарихшылар репрессия, ассимиляция мәселелеріне, сондай-ақ жергіліктендіруді жүзеге асыру тетіктеріне баса назар аударып, кеңестік ұлт құрылысы саясатының қайшылықтары мен кемшіліктерін ашып көрсетті. Осындай зерттеулердің қатарында мына еңбектер бар: Ж.Б. Абылхожин «Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации традиционной структуры Казахстана 1920–1930-е годы» (1991); Аманжолова Д. Партия «Алаш»: история и историография (1993); Казахский автономизм и Россия. История движения «Алаш» (1994); М. Койгельдиев «Алаш козгалысы» (1995); К. Нұрпейіс «Алаш и Алашорда» (1995); М.Х. Асылбеков, Ә.Ж. Ғалиев «Историко-демографические аспекты коренизации в Казахстане» (1998); Е.Б. Сыдықов «Российско-казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной системы» (1998).

Қазіргі заманғы зерттеулер (2010 жылдардан — қазіргі уақытқа дейін). Қазіргі тарихшылар мен саясаттанушылар жергіліктендіруге (коренизация) күрделі, көпқырлы феномен ретінде қарайды. «Кіші Қазан» саясатын, соның ішінде жергіліктендіруді жүзеге асырудың түрлі аспектілері мынадай еңбектерде қарастырылған: Д. Қойшыбаев «Национальные кадры и политика коренизации в Казахстане (1920-1930-е годы)» (2017); М.С. Қайратов «Политика коренизации в Казахстане: мифы и реальность» (2010); Г.Н. Смайылов «История Казахстана в контексте коренизации» (2015); И.В. Анисимова «Становление советской власти в Казахстане и реализация политики коренизации административного аппарата в 1920-1926 гг.» (2017); С.Ш. Қазиев «Советская национальная

политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в Казахстане (1917-1991 годы)»; С.М. Әкімбеков «Казахи между революцией и голодом» (2021); Д. Аманжолова «Советский проект в Казахстане: власть и этничность. 1920-30 е гг.» (2021). Бұл зерттеулерде КСРО-ның басқа аймақтарымен салыстырмалы талдау жасауға, сондай-ақ жергіліктендіруді ұлт құрылысы, ұлттық зиялылардың қалыптасуы, тілдің рөлі, этникалық сипат пен жалпы ұлт саясаты контексінде қарастыруға баса назар аударылады. Қазіргі заман тарихшыларының еңбектерін жергіліктендіру саясатын жаңа методологиялық тұрғыдан концептуалды түрде қайта пайымдау ортақ арнаға біріктіреді. Қазіргі зерттеулердің негізгі бағыттары – жергіліктендірудің ұлттық бірегейлікке әсері, ұлттық республикалардағы орталық биліктің саясаты, сондай-ақ оның посткеңестік бірегейлік контексіндегі ұзақ мерзімді салдарлары болып табылады.

Жергіліктендіруді «Кіші Қазан» саясатының бағыттарының бірі ретінде зерттеудің жаңа кезеңі елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның құрылуымен басталды. 1920–1930 жылдардағы тарихты жан-жақты зерделеу барысында ғылыми айналымға жаңа дереккөздер енгізіліп, қуғын-сүргіннен зардап шеккендер мен олардың ұрпақтарының естеліктері жиналды. Бұл өз кезегінде, кезінде тарихта және ресми құжаттарда объективті көрініс таппаған кейбір тарихи оқиғалар мен үдерістерді концептуалды түрде қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстандағы жергіліктендіру тарихнамасы тек ғылыми қызығушылықтарды ғана емес, сонымен бірге қоғамда орын алған идеологиялық трансформацияларды да көрсетеді. Идеологияланған ұстанымнан сын тұрғысынан талдау мен қайта пайымдауға көшу – отандық тарихтың осы бір түйінді кезеңіне деген ғылыми көзқарастар эволюциясының сипаты осындай.

Нәтижесі

1917 жылғы революциядан кейін ұлт мәселесі ең түйінді әрі өткір саяси және идеологиялық сын-қатерлердің біріне айналды. Бұрынғы Ресей империясы халықтары мен жаңа билік арасындағы қарым-қатынас мәселесі өте өткір тұрды, көптеген халықтар автономияға ұмтылды. КСРО халықтардың өзін-өзі билеу құқығын ресми түрде жариялағанымен, іс жүзінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін жаңа мемлекеттің аумақтық тұтастығын сақтап қалуға тырысты. Өзін-өзі билеу туралы орындалмаған уәделер, большевиктердің интернационализмі мен халықтардың ұлттық тәуелсіздікке ұмтылысы арасындағы қайшылықтар, экономикалық қиындықтар, қуғын-сүргін және орталықтандырылған бақылау ұлттық республикалар мен кеңес билігі арасында сенімсіздік, наразылық және идеялық келіспеушіліктер тудырды. Осыған байланысты, 1921 жылғы 25 маусымда өткен 3-ші Бүкілқырғыз (Бүкілқазақ) партия конференциясында белгілі қазақ мемлекеттік қайраткері С. Сәдуақасов былай деп баса көрсетті: «...коммунистердің сөзі мен ісі әрдайым бір жерден шыға бермейді. Көптеген резолюциялар қабылданады, бірақ олар іс жүзінде асырылмайды. Ұлт мәселесі

бойынша көптеген декреттер шығарылды, бірақ олар орындалмай отыр» (ҚРПА, 139-қ. 1-т. 14-іс. 18-п. Р.139).

Осындай жағдайда халықтарды өз жағына тартудың идеологиялық және тактикалық құралы ретінде жергіліктендіру (коренизация) саясаты қолға алынды. Бұл саясат социализм идеяларын этникалық әртүрлілікті мойындаумен ұштастырып, ұлттық бірегейлікке деген құрмет пен танымды білдірді. Большевиктер үшін, патша өкіметіне қарағанда, өздерінің халықтардың өзін-өзі билеуін, мәдениеті мен тілін қолдайтынын көрсету маңызды болды.

Жергіліктендірудің идеологиялық негізі ретінде 1917 жылғы 15 қарашада жарияланған Ресей халықтары құқықтарының декларациясы танылды (Декреты Советской власти, 1957: 39-41). Кейіннен жергіліктендіру идеологиясы партия және кеңес басшыларының еңбектерінде одан ары дамытылды. РК(б)П)-ның XII съезінде (1923 жылғы сәуір) жасаған «Ұлт мәселесі туралы» баяндамасында И. Сталин жергіліктендіру саясатының негізгі принциптері мен міндеттерін былайша тұжырымдады: «...Республикалардағы Кеңес өкіметі түсінікті әрі жақын болуы үшін, біздегі Кеңес өкіметі тек орыстық қана емес, сонымен бірге ұлтаралық сипатқа ие болуы үшін, ...тек мектептер ғана емес, сонымен қатар барлық мекемелер, партиялық және кеңестік барлық органдар бірте-бірте ұлттандырылуы қажет. Олар бұқара халыққа түсінікті тілде жұмыс істеп, аталған халықтың тұрмыс-тіршілігіне сәйкес келетін жағдайларда қызмет етуі тиіс» (Двенадцатый съезд РКП(б)... Стенографический отчёт, 1968: 492).

РК(б)П-ның XII съезінің «Ұлт мәселесі туралы» қаулысымен (1923 жылғы сәуір) жекелеген республикалардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылды (Бұл да сонда: 695). Аталған құжатта мынадай қажеттіліктер қаулы етілді: білім беру, курстар ұйымдастыру, партия мен мемлекеттік аппаратқа ұсыну (выдвижение) арқылы ұлттық кадрларды даярлау және оларға қолдау көрсету; ұлттық республикаларда іс қағаздарын жүргізу мен оқытуда ана тілін қолдану талабы; орыс емес халықтарға қатысты ұлыдержавалық шовинизммен күрес жүргізу.

И. Сталиннің 1923 жылғы 12 маусымда өткен Ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен РК(б)П Орталық Комитетінің IV кеңесінде жасаған «Партияның XII съезінің ұлт мәселесі бойынша резолюциясын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шаралар» атты баяндамасында жергіліктендіру саясатын іске асырудың, соның ішінде жергілікті халықтар арасында білім беруді, мәдениетті, шаруашылық құрылысын және кадрлық жұмысты дамытудың практикалық шаралары егжей-тегжейлі қарастырылды (ВКП(б) в резолюциях.., 1940: 527-530).

Осылайша, РК(б)П-ның XII съезінің «Ұлт мәселесі туралы» қаулысы (1923 жылғы сәуір) жергіліктендіру саясатына негіз салған басты партиялық құжатқа айналды. Сондай-ақ бұл құжат жергіліктендірудің саяси мақсаттарын айқындап, халықтардың даму деңгейлерін теңестіру, олардың шаруашылық, мәдени және саяси теңсіздігін жою және жаңа социалистік аппарат құру міндетін алға қойды.

Жергіліктендіру (коренизация) саясатын жүзеге асыру

Жергіліктендіру саясатынның бірінші кезеңі. Жергілікті халықтардың өкілдерін басқаруға тарту бағытындағы алғашқы қадамдар 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР құрылуымен сәйкес келеді. 1920-1922 жылдары жергілікті халықты партиялық және кеңестік жұмысқа тартуға бағытталған партиялық құжаттар қабылданды.

РК(б)П-сы Орталық комитетінің деңгейінде жергілікті ұлттардың республикалардың партиялық, мемлекеттік және шаруашылық өміріне қатысуын күшейтуге бағытталған «ұлттық мәселе бойынша» (1923 жылғы сәуір) РКП (б) XII съезінің партиялық шешімдерін қабылдау жергіліктендіру (коренизация) саясатының ресми бастамасы болып саналды.

1923 жылы 22 қарашада қабылданған «Қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы ҚАКСР ОАК Жарлығы» Қазақстанда жергіліктендіру саясатын бастаған жергілікті маңызы бар құжат болды. Осы қаулыға сәйкес 1924 жылғы қаңтар-шілде аралығында Қазақ болыстарындағы барлық ресми іс жүргізу ана тіліне аударылуы тиіс еді (В братском единстве народов СССР.., 1972: 128-130). «Біз өз ұйымдарымызды халықпен өз тілінде тіл табыса алатындай етіп құруымыз керек» (Ряднин, 1928: 35).

1926 жылдың екінші тоқсанына дейін созылған бірінші кезеңде жергіліктендіру жұмыстары *пайыздық мөлшерлеме* әдісімен жүргізілді. Бұл әдістің мәні осы мекеме үшін, мекемелер тобы үшін штаттық құрамның пайыздық мөлшерлемесі анықталды, оны жергілікті ұлт қызметкерлері иеленуі керек. Жұмыс атқару комитеттері жанындағы арнайы комиссиялар арқылы жүргізілді. Мұндай әдіс қазақ емес ұлттың әрбір қызметшісін ертеңгі күнге үреймен қарауға мәжбүр етті, өйткені қажет болған жағдайда өз орнын босатуға тура келді. Әрине, бұл тәсіл ұлтаралық келіспеушілікті тудырды. Мұндай жағдайда мекеме басшылары талап етілетін пайыздық мөлшерді толтыру мақсатында қазақтарды өз мекемесіне қызметкер табу оңай болатын лауазымға тартты. Ал қазақ халқы арасында мекеменің іс қағаздарын жүргізуге көшуі іс жүзінде тәуелді болатын лауазымдарды ауыстыру үшін даярланған лауазымдар өте аз болғандықтан, белгілі бір пайыздық норманы орындау туралы тапсырма қазақтарды төменгі қызмет көрсететін лауазымдарға (тазалаушы, күзетші, таратушы және т.б.) тарту есебінен жүзеге асырылды. Мекеме қызметкерлері құрамының мөлшерін қазақтар осылай толтырған кезде, жергіліктендіру мөлшері орындалғанмен, бірақ бұл ретте негізгі мақсатқа қол жеткізілмеді. «Егер мекемеде қазақтардың 50%-ы болса, бірақ келуші қазақпен қазақ тілінде емес, ол үшін мүлдем түсініксіз тілде, және ауылдағы кеңестерге орыс тілінде хат жазса, онда бұл сөздің толық мағынасында жергіліктендіру емес. Ал көрсетілген әдіспен жергіліктендіру кезінде бұл дәл осылай болып шығады» (Ряднин, 1928: 35-36). Бұл тәсілмен жергіліктендіру мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес. ҚазОАК-нің екінші сессиясы қазақ халқы тұратын аудандардағы штаттардың 100% және аралас халқы бар аудандарда 50%-жергіліктендіруді талап етті (Социалистическое строительство в Казахстане, 1962: 195).

Жергіліктендіру барысында, бұл саясаттың баяу жүруіне себеп болған қиындықтар туындады, соның ішінде жергілікті білімді кадрлардың

айтарлықтай болмауы, жаппай сауатсыздық, кейбір басшылардың елемеуі және қарсылығы, ең бастысы, ұлтаралық келіспеушіліктер көріністері болған. Нәтижесінде, жергіліктендірудің бірінші кезеңінің соңына қарай 1927 жылғы 1 қаңтарға еңбек салалары бойынша барлық жұмысшылар мен қызметшілер 215 972 болды, оның ішінде. қазақ ұлты 66 347, бұл 30,7 % құрады (Сол жерде: 236). Жергіліктендірудің қажетті деңгейіне қол жеткізу мүмкін болмады.

Жергіліктендіру: Қазақ өлкелік партұйымындағы дискуссия

1925 жылғы қыркүйекте Қазақстан КП(б) ОК бірінші хатшысы лауазымына Ф. Голощекинді тағайындауға байланысты, жергіліктендіру саясатында өзгерістер орын алды. 1926 жылы 20 мамырда ҚазОАК Президиумы пайыздық жергіліктендіруды сынға алып, айыптады және істерді Жұмысшы-шаруа инспекциясының Халық Комиссариатына тапсыра отырып, жергіліктендіру комиссиясын таратты. Ф. Голощекин партаппараттағы кадрларды іріктеу Одақтық Орталық комитеттің құзыреті деп санап, тек мемлекеттік және кеңестік аппаратты жергіліктендіруді талап етті.

5-ші сайланған ҚазОАК-ң 3-ші сессиясында (1926 ж. 3-8 желтоқсан) өз баяндамасында ҚазОАК Төрағасы Ж. Мыңбаев «екі жарым жыл ішінде (1923-1926 Ж. Ж.) біздің мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру бойынша жұмыс оның табысты жұмыс етуін қамтамасыз ете алмайтын тәсілмен жүргізілді» деп баяндады» (3-я сессия КазЦИК, 1926: 10-11). БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті Бюросының мүшелері С.Сәдуақасов пен Ж. Мыңбаев функционалдық жергіліктендіруге көшуге қарсы шығып, аппаратты қазақ қызметкерлерімен жасақтау жөніндегі жұмысты аяқтауды талап етті.

1927 жылы қарашада республикадағы ұлтаралық қатынастарға арналған VI Бүкілқазақ конференциясы өтті. Одақтық Орталық Комитеттің өкілі Андреев елдегі партияға қарсы оппозициямен күресу туралы баяндама жасап, партияның Қазақ өлкелік комитеті Бюросының мүшелері Сәдуақасов, Мыңбаев және Сұлтанбековты сынға алып, оларды ұлтшылдар деп айыптады (Джандосов, 1999: 56-57). «Қатал» ұстаным жақтаушыларының қысымымен БК(б)П-ң VI Бүкілқазақ конференциясы ұлттық коммунистерді айыптады. С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев пен Сұлтанбеков бюро құрамынын шығарылды (VI Всеказакская конференция ВКП(б), 1927: 12). Осыған орай, белгілі алаштанушы М. Қойгелдиев, «КазӨАК Төрағасы Ж. Мыңбаев пен республиканың Халық ағарту комиссариаты, «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы С. Сәдуақасов пен С. Ходжановқа ауылдың байларына жанашырлық, партиялық кеңес аппаратының жергіліктендіру саласында тамыр жайуы, топтық күреске бейімділігі туралы тағылған айыптардың негізі жоқ. Әрқайсысының және үшеуінің де объективті ұстанымдары қазақ саяси элитасының идеялық ізденістерін білдірді және олардың арасында ешқандай блок болған жоқ» - деп санайды (Қойгелдиев, 2009: 331). М. Қойгелдиев ұлтшылдықтың «шабуылы» туралы айыптаулар негізсіз болғанын атап өтті, өйткені Ф. Голощекин «бұл талапты растайтын ешқандай фактілерді келтірмеді. Олар болмады да. Қазақ халқының басқа халықтардың істеріне араласуға ұмтылысы болған жоқ, керісінше, ол ортақ игілік мүддесі үшін олармен ынтымақтастыққа дайын болды» (Сол жерде: 333).

Қазақ өлкелік партия комитетінің үшінші Пленумында «ұлттық жалтарушылардан» идеологиялық үстемдікке ие болған Голощекин, 1927 жылы оппозицияға қарсы кең шабуылға көшті (Сол жерде: 335). 1928 жылы мамырда БК(б)П ОК Қазақстанда партиялық және кеңестік аппаратты тазарту туралы шешім қабылдады. Тазарту нәтижесінде аудандық комитеттердің аппаратында 116 адам қызметінен босатылды (қызметкерлер құрамының 19,5%). 1928 жылдың соңында Қазақстаннан Алаш қозғалысының өзегін құраған және әлі де большевиктердің саясатынан алшақтатылған 44 «буржуазиялық ұлтшылдар» қудаланды.

Жергіліктендіру саясатының екінші кезеңі.

Тәжірибені ескере отырып, ҚазОАК 1926 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен лауазымдарды *пайыздық* ауыстыру әдісінен бас тартуға және оны *функционалды* әдіспен ауыстыруға шешім қабылдады (В братском единстве народов СССР, 1972: 254). Ол, «қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуге көшуіне байланысты, осы лауазымдарды қазақ тілін білетін қызметкерлер атқара алатынын негіздеді. Ол орыс, неміс немесе еврей болсын, бірақ егер ол қазақ тілін әңгімеде және жазуда қолдана алса, оны функционалды лауазымдарды ауыстыру үшін де қолдануға болады» (Ряднин, 1928: 36).

Қазақ тіліндегі іс жүргізуге бірінші кезекте көшірілуге тиіс лауазымдардың тізбесі жергіліктендіру саясатына жалпы басшылық жасау міндеті жүктелген Жұмысшы-шаруа инспекциясының (ЖШИ) басшылығымен құрылған арнайы комиссия арқылы айқындалды. Сонымен қатар, өз қызметін одан әрі жалғастыруға ниетті еуропалық ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруіне мүмкіндік беру мақсатында іс жүргізуді қазақ тіліне көшірудің кезеңдері мен мерзімдері белгіленді (Сол жерде: онда: 36).

ҚазОАК пен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің директиваларына сәйкес Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариаты (ЖШИ ХК) мемлекеттік аппаратта жергіліктендіруге жататын 42 лауазым атауын белгілеп, осы мақсатқа 13 мың штаттық бірлікті резервке бөлді. Алайда, жергіліктендірудің функционалдық әдісі де күтілген нәтижеге қол жеткізе алмады. 1927 жылғы наурыздағы мәліметтер бойынша жергілікті аппаратта жоспарланған 11968 лауазымның тек 2567-сі немесе 23,2%-ы жергіліктендірілсе, өлкелік аппараттағы 840 лауазымның небәрі 195-і немесе 23,7%-ы ғана жергіліктендірілген (Кучкин, 1962: 328).

1928 жылғы қаңтарда жергіліктендіру науқанының екінші кезеңі аяқталды. 1928 жылғы 17 қаңтарда өткен ҚазОАК-тың VI шақырылымдағы Екінші сессиясының шешімімен Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының жергіліктендіру ісіне қатысты өкілеттіктері Кеңестердің атқару комитеттері жанындағы ұйымдастыру бөлімдеріне берілді. Бұл өзгеріс жергіліктендіру саясатының орталық мемлекеттік басқару деңгейінен жергілікті басқару органдарының құзыретіне ауысқанын көрсетті. Соның нәтижесінде жергіліктендіру жалпы мемлекеттік саясат мәртебесінен айырылып, оны жүзеге асыру жауапкершілігі жергілікті атқарушы органдарға жүктелді.

Сонымен қатар, Ф. Голощекиннің Қазақстанда «Кіші Қазан» бағдарламасын жеделдетіп жүзеге асыру барысында жіберген қателіктері мен өрескел бұрмалаушылықтары, басқарудың әміршіл-әкімшілік әдістері және қуғын-сүргін саясаты 1930-жылдардың басында алапат ашаршылық пен әлеуметтік апатқа алып келді. Оның салдары жаппай аштық, халықтың жаппай қырылуы, тұрғындардың бір бөлігінің елінен тыс жерлерге босып кетуі, шаруашылықтың күйреуі және қазақ халқының әлеуметтік әрі демографиялық тұрғыдан орасан зор шығынға ұшырауымен сипатталды. Осы жағдайларға байланысты, 1933 жылғы қаңтарда Ф. Голощекин Қазақстаннан кері шақырылып, іс жүзінде қызметінен шеттетілді.

Қазақстан өлкелік партия ұйымының басшылығына келген Л. Мирзоян 1933 жылғы қаңтарда өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті Пленумында Ф. Голощекин жүргізген ұлттық кадрларды шеттету саясатын сынға алды. Ол өз сөзінде: «Кеңестік аппаратты жергіліктендіру ісі ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалды. Жолдас Голощекин бастаған бұрынғы Қазақ өлкелік комитетінің басшылығы Қазақстанның шаруашылық және мәдени дамуы үшін жергіліктендірудің саяси әрі практикалық маңызын түсінбеді. Сондықтан аппаратты жергіліктендіру үшін жеткілікті дәрежеде күрес жүргізілмеді және жергілікті халықты кеңестік әрі шаруашылық аппаратқа тарту ісіне кедергі келтірген ұлыдержавалық шовинистік элементтердің қарсылығына лайықты тойтарыс берілмеді», – деп мәлімдеді (Казахстан к IX съезду, 1935: 227-229). Сонымен қатар, Л. Мирзоян қазақ ұлтшылдығының күшеюін ұлыдержавалық шовинизмнің салдары ретінде бағалап: «Ұлыдержавалық шовинизмнің көріністері қазақ ұлтшылдығының күшеюіне ықпал етіп, оны едәуір дәрежеде қоректендірді», – деген тұжырым жасады (О коренизации, 1934: 4).

1933 жылғы 4 сәуірдегі Қазақ өлкелік комитетінің қаулысы, 1933 жылғы 17 мамырдағы ҚазОАК пен Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті, сондай-ақ VIII өлкелік партия конференциясының шешімі 1933 жылдың соңына дейін ҚазОАК, Ағарту халық комиссариаты, Денсаулық сақтау халық комиссариаты, Әділет халық комиссариаты, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты және Жұмысшы-Шаруа милициясы жүйелерінде іс жүргізуді негізінен қазақ тіліне көшіру міндетін қойды. Сонымен қатар, аталған мекемелерге қазақ халқының үлесі 40 пайыздан асатын барлық аудандармен ресми хат-хабарды қазақ тілінде жүргізу жүктелді. Ал осы комиссариаттар мен мекемелердің облыстық және аудандық органдарында, қазақтар басымдық құрамайтын аудандарды қоспағанда, іс жүргізу мен қызмет толықтай қазақ тіліне көшірілуі тиіс болды.

Аппаратқа техникалық кадрлар даярлау мәселесіне ерекше назар аударылды. Осыған байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1933 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен халық комиссариаттары мен ведомстволарға қазақ халқы арасынан есепшілерді, бухгалтерлерді, статистиктерді, хатшыларды, іс жүргізушілерді және машинисткаларды даярлайтын арнаулы курстар желісін кеңінен ұйымдастыру міндеттелді. Сонымен қатар, таяу кезеңдегі ең өзекті міндеттердің қатарына мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру ісіне кедергі

келтірген ұлыдержавалық шовинистік көзқарастағы элементтер мен бюрократиялық шенеуніктердің қарсылығын еңсеру, қазақ кадрларын кеңестік, шаруашылық, кәсіподақ және кооперативтік аппараттарға кеңінен тарту, сондай-ақ орталық мемлекеттік мекемелердің іс жүргізуін қазақ тіліне көшіру жөніндегі партия мен кеңес органдарының директиваларының толық орындалуын қамтамасыз ету енгізілді (Казакстан к IX съезду Советов, 1935: 227-229).

Соған қарамастан, жергіліктендіру үдерісі баяу қарқынмен жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде 1935 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша халық шаруашылығының барлық салаларындағы жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы саны 585 540 адамды құрады. Оның ішінде қазақ ұлтының өкілдері 232 605 адам немесе жалпы қызметкерлер санының 39,7%-ын ғана құрады (Социалистическое строительство Казакской АССР, 1936: 236).

Жергіліктендіру саясатының қиындықтары мен сәтсіздікке ұшырау себептері

1. Жергіліктендірудің ашаршылық жағдайында жүзеге асырылуы. Жергіліктендіру саясаты ресми түрде жүзеге асырылғанымен, большевиктер билігінің радикалды әлеуметтік-экономикалық реформалары, әсіресе күштеп ұжымдастыру, 1928 жылдан басталған көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру, сондай-ақ жаппай саяси қуғын-сүргін бұл саясаттың әлеуметтік негізін түбегейлі әлсіретті. 1930–1933 жылдардағы алапат ашаршылық, халықтың жаппай қырылуы, тұрғындардың едәуір бөлігінің елден тыс жерлерге босып кетуі, шаруашылықтың күйреуі, саяси қуғын-сүргіннің күшеюі, қазақ халқы санының күрт кемуі, ұлттық зиялы қауым мен дәстүрлі мәдениеттің негізгі өкілдерінің жойылуы ұлттық кадрларды қалыптастыруға қажетті әлеуметтік және мәдени ортаны күйретті. Соның салдарынан жергіліктендіру саясатының басты алғышарттарының бірі – жергілікті ұлт өкілдерінен білікті басқарушы кадрларды даярлау мүмкіндігі айтарлықтай шектелді. Мұндай жағдайда халықты оқыту, кәсіби мамандар даярлау және ұлттық интеллектуалдық әлеуетті қалыптастыру ісін толыққанды жүзеге асыру мүмкін болмады.

2. Өлкелік партия ұйымы саясатының екіжақты сипаты

Жергіліктендіру саясатының ресми мақсаты жергілікті ұлт өкілдерінің кадрлық әлеуетін арттыру, ұлттық тілдерді дамыту және мәдениетті қолдау болды. Алайда, Ф. Голощекиннің Қазақстандағы саясаты іс жүзінде декларативтік және жасырын сипаттағы екі бағыттың қатар жүргізілуімен ерекшеленді. Сырттай қарағанда жергіліктендіру жалпыодақтық саясатқа сәйкес жергілікті кадрларды мемлекеттік басқаруға тарту мен ұлттық мәдениеттерді қолдауды көздегенімен, шын мәнінде ол мемлекеттік басқаруды одан әрі орталықтандырумен және ұлттық интеллигенцияны саяси тұрғыдан шектеумен қатар жүрді. Партиялық құжаттарда: «...қазақ большевиктерінің кезекті міндеті ... қазақ ұлтшылдығына және оған бейім ауытқуларға қарсы күресті күшейту болып табылады» деп көрсетілді» (О коренизации, 1934: 4-7). Мұндай ұстаным жергіліктендірудің негізгі қағидаттарына қайшы келді, өйткені ұлттық

кадрларды қолдау мен дамыту олардың саяси сенімсіздігі туралы көзқараспен қатар жүзеге асырылды.

3. Ұлттық кадрларға қарсы қуғын-сүргін және саяси тазалау

1920-жылдардың соңына қарай «буржуазиялық ұлтшылдық» пен «ауытқушылық» айыптары негізінде ұлттық кадрларды саяси тұрғыдан қудалау басталды. 1930-жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін барысында 1920-жылдары даярланған қазақ зиялылары мен ұлттық кадрлардың ондаған өкілі тұтқындалды. Соның салдарынан қазақ тілін, ұлттық мәдениетті және мемлекеттік басқару ісіндегі жергілікті кадрларды дамытуға қабілетті саяси және зияткерлік элита жойылды. Осылайша, кеңестік билік өзі қалыптастырған ұлттық кадрлар корпусын өзі жойып отырды. Ф. Голощекин бастаған өлкелік партия басшылығы ресми түрде қазақ ұлты өкілдерін мемлекеттік басқару, білім беру, мәдениет және партия органдарына тарту қажеттігін жариялағанымен, іс жүзінде қазақ ұлттық интеллигенциясына, әсіресе «Алаш» қозғалысына қатысы бар қайраткерлерге терең сенімсіздік танытып, оларды қоғамдық-саяси өмірден шеттетуге бағытталған саясат жүргізді. Бұл жағдай жергіліктендіру саясатының жарияланған мақсаттары мен оның нақты жүзеге асырылуы арасындағы қайшылықты айқын көрсетті.

4. Ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі

Жергіліктендіру саясатының баяу жүзеге асырылу себептерінің бірі ретінде партия және кеңес органдарының ресми құжаттарында ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі жиі көрсетілді. 1930 жылы Ф. Голощекин И. Сталинге жолдаған құпия есеп-хатында Қазақстандағы жергіліктендіру саясатының практикалық тұрғыдан жүзеге асуы ұлттық кадрлардың тапшылығына байланысты күрделі қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Есептің «Жергіліктендіру» атты төртінші бөлімінде ол 1926 жылдың екінші тоқсанына дейін қолданылған пайыздық норма әдісі нәтижесінде негізінен басшылық және әкімшілік қызметтер жергіліктендірілгенімен, халықпен тікелей жұмыс істейтін буынның жергіліктендірілмегенін: «...халықпен тікелей байланыста болатын негізгі буын әлі жергіліктендірілген жоқ. Кадрлар жоқ...» деп түсіндірді (Голощекин, 1930: 154–155). Алайда, бұл тұжырым жергіліктендіру саясатының ішкі қайшылықтарын айқын көрсетеді. Қазақстанда жоғары білім алған, қазақ тілін, тарихы мен мәдениетін жетік меңгерген, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде өзіндік ұстанымы қалыптасқан жергілікті кадрлар болды. 1920-жылдары жүргізілген жергіліктендіру саясатының нәтижесінде мемлекеттік басқару жүйесіне тартылған осындай мамандардың жаңа буыны қалыптасты. Бірақ, Ф. Голощекин оларды партиялық билікке ұмтылған саяси қарсыластар ретінде қабылдап, олардың мемлекеттік басқарудағы ықпалын шектеуге тырысты (Сол жерде: 155–156). Бұл жағдай жергіліктендірудің жарияланған мақсаты мен оны іске асырудағы нақты саяси тәжірибе арасында елеулі қайшылық болғанын көрсетті.

5. Жергіліктендіруді жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық кемшіліктер

Партия мен үкіметтің ресми құжаттарында жергіліктендіру саясатының баяу жүруі оның маңыздылығын жеткілікті дәрежеде бағаламаумен, саясатты жүзеге асыру барысында орын алған бұрмалаушылықтарға қарсы пәрменді күрестің жүргізілмеуімен және республика мен облыс басшылығы тарапынан практикалық басшылықтың әлсіздігімен түсіндірілді (О коренизации, 1934: 20).

Осыған байланысты жергіліктендіру жөніндегі іс-шараларды орындамаған немесе олардың жүзеге асырылуына немқұрайлы қараған лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделді. Құжаттарға сәйкес, мұндай әрекеттер үшін Қылмыстық кодекстің 109 және 111-баптары бойынша жауапкершілік белгіленсе, ал жергіліктендіру іс-шараларын қасақана бұзуға немесе саботаж жасауға бағытталған әрекеттер үшін Қылмыстық кодексінің 58–14-бабы бойынша жаза қолданылды (Сол жерде: 28).

6. Формализм және бюрократиялық тәсілдің басымдығы

Партиялық құжаттарда жергіліктендірудің табысты жүзеге асуына негізгі кедергілердің бірі ретінде мемлекеттік аппараттағы ұлыдержавалық шовинистік көзқарастағы және бюрократиялық топтардың қарсылығы аталды. Құжаттарда: «Мемлекеттік аппаратты жергіліктендіруді табысты жүргізуге кедергі келтіретін басты себептердің бірі – аппаратты жергіліктендіруге ұлыдержавалық ұлтшылдық пен шенеуніктік-бюрократиялық элементтердің тікелей қарсылық көрсетуі» деп көрсетілді (Сол жерде: 21). Л. Мирзоян бұл мәселені көтеріп, ұлыдержавалық шовинизмнің ұлттық мәдениетке менсінбей қараудан көрініс табатынын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай ұстаным қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік дамуын шектеуге және қазақтарды бағынышты ұлт деңгейінде сақтауға ұмтылыстан байқалды (Мирзоян, 1933: 11–15).

Жергіліктендіру саясатының тиімділігін төмендеткен маңызды факторлардың бірі – оны жүзеге асырудағы формализм мен бюрократиялық тәсілдің басым болуы еді. Көп жағдайда жоспарлы көрсеткіштер негізінен төмен біліктілікті қажет ететін қызметтерді (пошта қызметкерлері, хат тасушылар, курьерлер және т.б.) жергіліктендіру арқылы орындалды.

Сонымен бірге, бірнеше мәрте жүргізілген саяси тазалаулар мен қуғын-сүргіндер нәтижесінде ұлттық интеллигенцияның білімді әрі дербес ойлайтын өкілдері басқару жүйесінен аластатылды. Олардың орнына саяси тұрғыдан сенімді, бірақ басқару тәжірибесі мен кәсіби даярлығы жеткіліксіз жас кадрлар тағайындалды. Мұндай кадрлық саясат мемлекеттік басқару аппаратының тиімділігін төмендетіп қана қоймай, орталық билікке толық тәуелді, жергілікті халықтың мүддесін қорғай алмайтын кадрлық құрамның қалыптасуына ықпал етті.

Қорытынды

Жергіліктендіру саясатының тоқтатылуы кездейсоқ құбылыс болған жоқ. Өзінің бастапқы қосарлы логикасы мен ішкі қайшылықтарына, асығыс жүргізілуіне және қажетті инфрақұрылымның болмауына, жүйесіздігі мен идеологиялық қысымға, сондай-ақ орталықтандыру мен қуғын-сүргінге бет бұруына байланысты бұл саясат көбіне декларативтік сипатта болды. Ұлттық

кадрларды қолдау жарияланғанымен, іс жүзінде олар саяси қарсыластар ретінде қарастырылды.

Ф. Голощекиннің өлкені, қазақ халқының ұлттық болмысын жете білмеуі, жергілікті ерекшеліктерді түсінбеуі әрі бағаламауы апатты қателіктерге, соның ішінде 1930–1933 жылдардағы ашаршылыққа алып келді. Республиканың дамуындағы ең маңызды мәселелер бойынша жергілікті бастамалар, оның ішінде жергіліктендіру саясатына қатысты ұсыныстар да, басып-жаншылды. Қуғын-сүргін саясаты қалыптасқан ұлттық кадрларды жойды. Ф. Голощекиннің жүргізіп отырған саясатының зардаптары мен оның басқару әдістерінің жол беруге болмайтын сипаты туралы ескерткен қазақ қайраткерлері социализмнің жаулары және «буржуазиялық ұлтшылдар» ретінде бағаланды. Ол сын айтуға тыйым салып, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, эволюциялық даму жолын ұсынғандардың барлығын қызметтен шеттетіп, саяси тұрғыдан жоюға қол жеткізді. Соның салдарынан жергіліктендіру саясаты сәтсіздікке ұшырады.

Нәтижесінде елді жайлаған ашаршылық, қуғын-сүргін және соған байланысты әлеуметтік күйзелістер қоғамдық өмірді тұралатып, демографиялық апатқа, мәдени құлдырауға әкелді әрі ұлттық кадрлардың қалыптасуына негіз болатын алғышарттарды күйретті. Мұндай жағдайда Қазақстанда ұлттық кадрларды даярлау мүмкін болмады, ал жергіліктендіру саясаты формальды сипат алып, қазақ қоғамының шынайы өмірінен толықтай алшақтады. Оның орнын орыстандыру мен орталықтандыру саясаты басты. Бұл тілдік және мәдени сабақтастықтың күштеп үзілуіне себеп болды.

Әдебиеттер мен дереккөздердің тізімі:

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚРПА), 139-қ. 1-т. 14-іс. 18-п.

ВКП(б) в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Ч. 1. М., - 1940. - 726 с.

В братском единстве народов СССР: Документы и материалы, 1920–1937 гг. Алма-Ата: Казахстан, -1972. - 688 с.

Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане. Сборник речей и статей (1925-1930 гг). Государственное издательство РСФСР, - 1930. - С.151-157.

Двенадцатый съезд РКП(б). 17–25 апреля 1923 года: Стенографический отчёт. - М.: Политиздат, - 1968. - 904 с.

Декреты Советской власти: сборник / Институт марксизма-ленинизма при ЦК КПСС, Институт истории Академии наук СССР. Москва: Государственное издательство политической литературы, 1957. Т. 1: 25 октября 1917 г. - 16 марта 1918 г. - 625 с.

Джандосов У. Документы и публицистика (1918–1937 гг.). В 2 т. Т. 1. - Алматы: Қазақстан, - 1999. - 400 с.

Казахстан к IX съезду Советов (1931–1934). Материалы к отчету правительства Казахской АССР IX Краевому съезду Советов. - Алма-Ата: Казахстанское краевое издательство, - 1935. - 257 с.

Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, - 2009. - 448 с.

Кучкин А.П. Советизация казахского аула (1926–1929 гг.). - М., - 1962. - 432 с.

Мирзоян Л.И. Двинуть вперед строительство социалистической культуры (Из речи на VI пленуме крайкома ВКП (б), июль 1933 г.) // О коренизации. Сборник руководящих материалов. Составители: Х.Ш. Амрин, Е.И. Князева. - Алма-Ата–Москва: Казкрайгиз, - 1934. - 54 с.

О коренизации. Сборник руководящих материалов. Составители: Х.Ш. Амрин, Е.И. Князева. Алма-Ата–Москва: Казкрайгиз, - 1934. - 54 с.

Ряднин М. Казахстан на путях к социалистическому строительству (Ответ на выступления оппозиции по национальному вопросу). Кзыл-Орда: Казакское государственное издательство, - 1928. - 86 с.

Социалистическое строительство Казакской АССР: экономико-статистический справочник за 1920–1935 гг. // Отв. ред. М.С. Саматов, отв. по вып. А.Т. Лучков; Управление народно-хозяйственного учета КазССР. М.; Алма-Ата: ЦУНХУ Госплана СССР – В/О Союзоргучет, - 1936. - 409 с.

Социалистическое строительство в Казахстане, 1962 - Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период, 1921–1925 гг.: Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, - 1962. - 592 с.

3-я сессия Казакского Центрального Исполнительного Комитета 5-го созыва (3–8 декабря 1926 г.). Стенографический отчет // Отчет Президиума Казакского Центрального Исполнительного Комитета о работе за время с 5-го Всеказахского съезда Советов до 3-й сессии КазЦИКа 5-го созыва. Коренизация госаппарата. Кзыл-Орда: КазЦИК, - 1926. - 31 с.

VI Всеказакская конференция ВКП(б). 15–23 ноября 1927 г. Стенографический отчет. Кзыл-Орда: Казкрайком ВКП(б), - 1927. - 387 с.

References:

Қазақstan Respublikasy Prezidentinің Arhivi (ҚRPA), 139-қ. 1-t. 14-is. 18-p.

VKP(b) v rezolyuciyah i resheniyah s"ezdov, konferencij i plenumov CK. CH. 1. M., - 1940. - 726 s.

V bratskom edinstve narodov SSSR: Dokumenty i materialy, 1920–1937 gg. Alma-Ata: Kazahstan, -1972. - 688 s.

Goloshchekin F.I. Partijnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Sbornik rechej i statej (1925-1930 gg). Gosudarstvennoe izdatel'stvo RSFSR, - 1930. - S.151-157.

Dvenadcatyj s"ezd RKP (b). 17–25 aprelya 1923 goda: Stenograficheskij otchyot. - M.: Politizdat, - 1968. - 904 s.

Dekrety Sovetskoj vlasti: sbornik / Institut marksizma-leninizma pri CK KPSS, Institut istorii Akademii nauk SSSR. Moskva: Gosudarstvennoe izdatel'stvo politicheskoj literatury, 1957. T. 1: 25 oktyabrya 1917 g. - 16 marta 1918 g. - 625 s.

Dzhandosov U. Dokumenty i publicistika (1918–1937 gg.). V 2 t. T. 1. - Almaty: Қazaқstan, - 1999. - 400 s.

Kazahstan k IX s''ezdu Sovetov (1931–1934). Materialy k otchetu pravitel'stva Kazahskoj ASSR IX Kraevomu s''ezdu Sovetov. - Alma-Ata: Kazahstanskoe kraevoe izdatel'stvo, - 1935. - 257 s.

Kojgeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazahstane 1920–1940-h godov. Almaty, - 2009. - 448 s.

Kuchkin A.P. Sovetizaciya kazahskogo aula (1926–1929 gg.). - M., - 1962. - 432 s.

Mirzoyan L.I. Dvinut' vpered stroitel'stvo socialisticheskoj kul'tury (Iz rechi na VI plenume krajkoma VKP (b), iyul' 1933 g.) // O korenizacii. Sbornik rukovodyashchih materialov. Sostaviteli: H.SH. Amrin, E.I. Knyazeva. - Alma-Ata–Moskva: Kazkrajgiz, - 1934. - 54 s.

O korenizacii. Sbornik rukovodyashchih materialov. Sostaviteli: H.SH. Amrin, E.I. Knyazeva. Alma-Ata–Moskva: Kazkrajgiz, - 1934. - 54 s.

Ryadnin M. Kazahstan na putyah k socialisticheskomu stroitel'stvu (Otvet na vystupleniya oppozicii po nacional'nomu voprosu). Kzyl-Orda: Kazakskoe gosudarstvennoe izdatel'stvo, - 1928. - 86 s.

Socialisticheskoe stroitel'stvo Kazakskoj ASSR: ekonomiko-statisticheskij spravochnik za 1920–1935 gg. // Otv. red. M.S. Samatov, otv. po vyp. A.T. Luchkov; Upravlenie narodno-hozyajstvennogo ucheta KazSSR. M.; Alma-Ata: CUNHU Gosplana SSSR – V/O Soyuzorguchet, - 1936. - 409 s.

Socialisticheskoe stroitel'stvo v Kazahstane, 1962 - Socialisticheskoe stroitel'stvo v Kazahstane v vosstanovitel'nyj period, 1921–1925 gg.: Sbornik dokumentov i materialov. Alma-Ata: Izd-vo AN Kazahskoj SSR, - 1962. - 592 s.

3-ya sessiya Kazakskogo Central'nogo Ispolnitel'nogo Komiteta 5-go sozyva (3–8 dekabrya 1926 g.). Stenograficheskij otchet // Otchet Prezidiuma Kazakskogo Central'nogo Ispolnitel'nogo Komiteta o rabote za vremya s 5-go Vsekazahskogo s''ezda Sovetov do 3-j sessii KazCIKa 5-go sozyva. Korenizaciya gosapparata. Kzyl-Orda: KazCIK, - 1926. - 31 s.

VI Vsekazakskaya konferenciya VKP (b). 15–23 noyabrya 1927 g. Stenograficheskij otchet. Kzyl-Orda: Kazkrajkom VKP (b), - 1927. - 387 s.

МРНТИ 03.20.00

МАГДИ МАКУЛОВ: ИСТОРИКО-БИОГРАФИЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ МУСУЛЬМАНСКОГО ДЕЯТЕЛЯ И БОГОСЛОВА

Балтабаева Кулгазира Нурановна*

к.и.н., Исполнительный директор Ассоциации выпускников Казахского национального университета им. аль-Фараби, г. Алматы, https://orcid.org/0000-0002-6641-5802, Scopus Author ID: 58937935700, e-mail: 7712072909@bk.ru

***Автор-корреспондент**

Аннотация. В статье рассматривается жизнедеятельность Магди Макулова (1862–1937) – уроженца Северного Казахстана, богослова, казия и общественного деятеля, чье имя до недавнего времени оставалось малоизвестным в историографии. В фокусе исследования – его участие во Втором Общеказахском съезде (Оренбург, 1917 г.), работа в Совете улемов ЦДУМ Внутренней России и Сибири, а также участие в составе советской делегации на Первом Всемирном мусульманском конгрессе в Мекке (1926 г.). Основу статьи составляют документы, рассекреченные Проектным офисом Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (под руководством С.А. Касымова), докладные записки М. Макулова на имя М.И. Калинина, материалы Восточного отдела ОГПУ, Архива Президента РК и Северо-Казахстанского госархива, дополненные воспоминаниями потомков и современной казахстанской и зарубежной литературой. Публикация направлена на введение новых архивных источников в широкий научный оборот и реконструкцию подлинной истории духовной элиты, репрессированной в годы Большого террора.

Ключевые слова: Магди Макулов, Центральное духовное управление мусульман Внутренней России и Сибири, ЦДУ, Проектный офис, Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, рассекречивание архивных документов, историческая справедливость, память

Благодарность: Статья подготовлена при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан проекта ИРН: BR24993057 «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

ҒТАХР 03.20.00

МАҒДИ МАҚҰЛОВ: МҰСЫЛМАН ҚАЙРАТКЕРІ МЕН ДІНТАНУШЫНЫҢ ТАРИХИ-БИОГРАФИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ

Кулгазира Нұранқызы Балтабаева*

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры, Алматы қ., https://orcid.org/0000-0002-6641-5802, Scopus Author ID: 58937935700, e-mail: 7712072909@bk.ru

***Автор-корреспондент**

Андатпа. Кеңес Одағы мұсылман қайраткерлерінің белді өкілі, алайда мамандар арасында да аз танымал тұлға – Солтүстік Қазақстан тумасы Мағди Мақұлов (1862–1937). Ол – танымал дінтанушы, қази (рухани судья), қоғам қайраткері, Екінші жалпықазақ сиезінің (Орынбор, 1917 ж.) делегаты, Ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандары Орталық діни басқармасының және оның Ғұламалар кеңесінің (Ғылыми кеңес) мүшесі, Бірінші Дүниежүзілік мұсылмандар конгресінің делегаты (Мекке қ., 1926 ж.). Мақаланың негізін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің (жетекшісі С.А. Қасымов) бастамасымен құпиясыздандырылған архив құжаттары, М. Мақұловтың КСРО ОАК Төрағасы М. И. Калининнің атына жазған баяндамалық хаттары, ОГПУ-дің Шығыс бөлімі, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты мен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві құжаттары, қуғын-сүргінге ұшыраған М. Мақұлов ұрпағының естеліктері, сондай-ақ Қазақстанда, Ресейде және Германияда жарық көрген жаңа әдебиеттер құрайды. Мағди Мақұлов есімінің кең ғылыми айналымға енгізілуі — Үлкен террор жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық рухани элитаның шынайы тарихын қалпына келтіріп жатқан заманауи зерттеушілер жұмысының тікелей нәтижесі.

Түйін сөздер: Мағди Мақұлов, Ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандары Орталық діни басқармасы, ОДБ, Жобалық кеңсе, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия, архив құжаттарын құпиясыздандыру, тарихи әділдік, естелік.

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR24993057 ЖТН: «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен санатшаларын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» жобасы аясындағы қаржылық қолдаумен дайындалды.

IRSTI 03.20.00

MAGDI MAKULOV: A HISTORICAL AND BIOGRAPHICAL PORTRAIT OF A MUSLIM FIGURE AND THEOLOGIAN

Kulgazira N. Baltabayeva*

c.h.s., Al-Farabi Kazakh National University Executive Director of the Alumni Association, https://orcid.org/0000-0002-6641-5802, Scopus Author ID: 58937935700, e-mail: 7712072909@bk.ru

***Corresponding-author**

Abstract. Magdi Makulov (1862–1937) was a prominent yet lesser-known figure among the Muslim leaders of the Soviet Union, unfamiliar even to many specialists. A native of North Kazakhstan, he was a renowned theologian, qadi (spiritual judge), public figure, delegate of the Second All-Kazakh Congress (Orenburg, 1917) and the 1926 First World Muslim Congress in Mecca, member of both the Central Spiritual Administration (TsDU) of Muslims of Inner Russia and Siberia and its Council of Ulema (Scholarly Council). This article is based on archival documents declassified at the initiative of the Project Office of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Persecution (headed by S.A. Kasymov). The source material includes Makulov's memoranda addressed to M.I. Kalinin, Chairman of the Central Executive Committee of the USSR, documents from the Eastern Department of the Joint State Political Directorate (OGPU), records from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan and the North Kazakhstan State Archive, memoirs of Makulov's descendant, and recent literature published in Kazakhstan, Russia, and Germany. Introducing the name of Magdi Makulov into broad scholarly discourse is a direct result of the work of contemporary researchers who are restoring the history of the national religious elite purged during the years of the Great Terror.

Keywords: Magdi Makulov, Central Spiritual Administration of Muslims of Inner Russia and Siberia, TsDU, Project Office, State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Persecution, declassification of archival documents, historical justice, memory.

Acknowledgments: The article was prepared with the financial support of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, project: BR24993057 “Fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repressions in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation”.

Введение. Магди Макулов представляет собой одну из ключевых, но долгое время остававшихся неизученными фигур в истории ислама советского периода. В 1920–1930-х годах он выступал в качестве одного из ведущих духовных лидеров, представлявших интересы мусульманского населения Казахстана как на общесоюзном, так и на международном уровнях.

Научное осмысление его наследия неразрывно связано с современными процессами полной реабилитации духовенства и верующих – специфической категории жертв политических репрессий. Исследование его биографии вносит вклад не только в преодоление историографических лакун, но и в более широкий контекст гуманитарного восстановления исторической справедливости в отношении прав человека и гражданина. Таким образом, реконструкция жизнедеятельности М. Макулова является актуальной исследовательской задачей, имеющей фундаментальное значение для понимания государственно-

конфессиональной политики и трагедии национальной интеллектуальной элиты в СССР.

Магди Макулов. Уфа, 1926 г.

Методы и методология. Методологическую основу статьи составляют микроисторический подход и биографический метод (case study). Реконструкция жизнедеятельности казия М. Макулова осуществлена на основе принципов историзма и объективности с привлечением комплекса рассекреченных документов Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, а также архивных фондов Российской Федерации. Важное место в исследовании занимает анализ эго-документов, принадлежащих перу самого М. Макулова. Верификация устных свидетельств (воспоминаний потомков) проводилась с опорой на историко-критический и компаративный методы. Данный методологический инструментарий позволил не только восстановить биографическую канву и этапы религиозного служения М. Макулова, но и рассмотреть его персональную трагедию как репрезентативный случай (case) для осмысления институциональных разрывов в истории ислама колониального и советского периодов, а также воссоздать общий историко-культурный контекст эпохи.

Обсуждение. Важным этапом в выявлении участников национального движения Алаш стал август 1983 года, когда по запросу Главлита Казахской ССР (№ 78 от 10 августа 1983 г.) доктор исторических наук, профессор В.К. Григорьев подготовил секретный алфавитный «Список членов центрального и местного комитетов партии “Алаш” и активистов этой партии». В данном документе под номером 123 зафиксирован «Макулов Магдий – казий (духовный судья), участник II съезда партии “Алаш”» [АП РК 438: 15]. Несмотря на раннюю фиксацию этого факта в советских экспертных инстанциях, последующая длительная закрытость партийных и ведомственных (специальных государственных) архивов КНБ и МВД РК препятствовала комплексному изучению истории политических преследований мусульманского духовенства [Шаповал 2023 : 872–884; Кенжетаев 2023 : 884–902], включая институт ишанов [Койгелдиев 2009; Балтабаева 2022: 340–353] и исламских ученых-улемов [Шаповал и др. 2023: 16–27]. Лишь в недавних публикациях исследователей стали появляться фрагментарные сведения о М. Макулове. В частности, отмечается, что он «часто приезжал в казахские регионы», являлся «представителем Казахстана в ЦДУМ, арестованным в марте 1937 года», и «был репрессирован в числе руководства ЦДУМ» [Шаповал и др. 2023: 21, 22, 24].


Прибывшие казаки не имеют никакого имущества, нигде не работают, и подавляющее большинство из них голодает.

Широко развито нищенство, употребление в пищу мяса павших животных, кражи скота и лошадей. Отмечены случаи, когда павшие лошади казаками откапываются из земли и поедаются.

Часть казаков бросают на произвол судьбы детей. Имеются смертные случаи от истощения.

…По городу Славгороду ежедневно милицией подбирается 2–3 больных от голода казаков.

…При проверке квартир казаков обнаружен ряд случаев, когда целые семьи лежат больные черной оспой. Тут же во дворе лежат трупы умерших (Ашаршылык, 2021: 77).

Спецсообщение Секретно-политического отдела ОГПУ СССР «О злоупотреблениях и хищениях при распределении продовольственной помощи в Казахстане», г. Москва, 7 июля 1932 г.

…За период март — май 1932 г. по краю зарегистрировано до 7 тыс. голодных смертей. За это же время в отдельных районах отмечено 67 случаев людоедства, сопровождавшихся в 39 случаях убийствами.

В Джувалинском районе на ст. Тюлькубас задержана группа в 4 человека (казахи), занимавшихся убийствами и употреблением человеческого мяса в пищу. Группой было убито 6 человек, в том числе мать и малолетние дети С. (одного из задержанных). У задержанных обнаружено человеческое мясо.

В Келесском районе вблизи ст. Дарбаза задержана группа в 5 человек. Следствием выяснено, что группа убивала прохожих и мясо убитых употребляла в пищу. Часть человеческого мяса продавалась за скотское по 5 рублей за кг.

В с. Ольговка член коммуны «Щит» Т. совместно со своей женой съели труп двухлетнего ребенка и одного мальчика казаха. Ими же была зарезана одна старуха, мясо которой также съедено. При обыске у «Т» обнаружено человеческое мясо, варившееся в казане (Ашаршылык, 2021: 265–267).

Из приложения к спецсправке Секретно-политического отдела ОГПУ об антиколхозном движении и голоде в Белоруссии, Казахстане, на Украине и в отдельных районах СССР, г. Москва, не ранее 20 июля 1932 г.

…Казахстан принадлежит к числу наиболее неблагополучных районов Союза. Основная причина этого — острейшие продзатруднения, принявшие в ряде районов характер голода. На 1 июля продзатруднениями охвачено 74 района, где зарегистрировано 8 276 случаев голодной смерти и 12 969 опуханий.

Голодающие питаются падалью, зарегистрированы случаи людоедства (Ашаршылык, 2021: 284).

Заключение. По результатам участия в настоящем проекте, по нашему мнению, в дальнейшем следует сконцентрировать усилия на решении в первую очередь организационных задач:

1. Целевые исследования коллективизации в Казахстане, с учетом масштабов трагедии, следует продолжить.

Принимая во внимание сложность задачи, ее решение может занять многие годы, потребовать существенных ресурсов, оправданных с точки зрения морально-этического аспекта проблемы.

При этом проведение полноценного исследования, безусловно, имеет и политическое значение, — наличие научно обоснованных выводов о причинах и последствиях реализации сталинской политики в Казахстане дает власти мощный инструмент обеспечения информационной безопасности государства, сохранения исторической памяти и консолидации на этом фоне казахстанского общества.

2. Масштабы советских репрессий в Казахстане и одновременно очевидная недостаточная степень их изученности позволяет в очередной раз поставить вопрос о создании специального научно-исследовательского института.

Объективные условия исторической науки в республике, в первую очередь, – дефицит молодых квалифицированных специалистов, а также естественные демографические процессы, влияющие на повышение среднего возраста ведущих исследователей, подталкивают вопрос о необходимости ускорения создания такой структуры. По нашему мнению, концентрация ученых разных поколений, специализирующихся на изучении различных аспектов основной проблемы исследования, – сталинских репрессий в Казахстане, – будет способствовать постоянному взаимному обмену научными данными и преемственности поколений исследователей.

3. Целесообразна постановка вопроса о создании в Казахстане мемориального комплекса международного уровня.

С учетом многотысячных жертв коллективизации, многолетнего использования территории Казахской ССР для отбытия наказания и ссылки многих народов, изначальное придание ему международного уровня усилит узнаваемость республики на внешнем периметре, будет способствовать развитию гуманитарных связей.

Пересмотреть отношение к существующим музеям, тематически связанным с политическими репрессиями 1930-х годов, придать их деятельности более масштабный, соответствующий параметрам трагедии, характер.

По нашему мнению, к разработке Концепции создания и деятельности соответствующего мемориального комплекса необходимо привлечь организации и лиц, обладающих опытом реализации значимых проектов (Музей истории ГУЛАГ, Мемориальный музей-заповедник истории политических

репрессий «Пермь-36», «Ржевский мемориал» (Россия), Хатынь (Беларусь), Национальный музей «Мемориал жертв голодомора» (Украина) и др.

4. Следует признать, что главным препятствием для объективного и всестороннего рассмотрения проблемы реализации в Казахстане сталинской репрессивной политики является проблема ограниченности доступа исследователей к архивным материалам Администрации Президента РК, СГА КНБ, МВД РК.

Без решения данного принципиального вопроса все результаты исследований будут иметь не просто фрагментарный, но и, возможно, искаженный характер.

5. В рамках текущего исследования удалось рассмотреть организационные аспекты создания и деятельности в Казахстане органов государственной безопасности, их роли и места в коллективизации и политических репрессиях.

В силу объективных причин (слабая научная проработка темы, ограниченный объем имеющихся материалов) начата, но далеко не завершена важная работа составления исторического портрета сотрудника ЧК–ОГП–НКВД в качестве исполнителя политических репрессий.

Между тем, по нашему мнению, решение этой научной задачи очень важно. Трагедия миллионов пострадавших от сталинской политики 1930-х годов казахстанцев буквально обязывает их потомков предпринять усилия по определению причастных к ней лиц. Нужно получить ответы на вопросы: кто организовывал и исполнял репрессии, в каких условиях формировались послушные исполнители и, главное, что нужно сделать для того, чтобы общество сохранило историческую память и не допустило повторения жуткого сценария.

Список литературы и источников:

Ашаршылык. Голод. Документальная хроника: сборник документов 1928–1934. Т. 2. – Алматы: Атамура, 2021. – 1240 с.

Алланиязов Т. Народные восстания и протесты 1928-1932 гг. в Казахстане // Gumilyov Journal of History. –2025. – Т. 153, № 4.

Алланиязов Т. К. Вооруженные выступления и повстанческие движения 1928–1932 гг. в Казахстане: история, историография, источниковедение – Караганда: Арко, 2026. – 224 с.

Бушуева Т. С. Общественные настроения в Красной Армии 1920-1934 гг. – М.: МПГУ, 2020. – 444 с.

Измозик В. Глаза и уши режима. Государственный политический контроль в Советской России 1917–1928 гг. — М.: Новое лит. обозрение, 2024. — 536 с.

Измозик В., Старков Б., Павлов Б., Рудник С. Подлинная история РСДРП – РКП(б) – ВКП(б). Без умолчаний и фальсификаций. Краткий курс – СПб.: Питер, 2009. – 496 с.

Колодникова Л. П. Советское общество 20-х годов XX века по документам ВЧК – ОГПУ – М.: Наука, 2009. — 479 с.

Краткая справка Главного управления пограничной охраны и войск ОГПУ об участии в операциях по кулачеству 28 июня 1930 г. [Электронный ресурс] // Сайт «Исторические материалы». – URL: http://istmat.org (дата обращения: 28.06.2026).

Лебина Н. Советская повседневность: нормы и аномалии. От военного коммунизма к большому стилю – М.: Новое литературное обозрение, 2024. – 488 с.

Михеев В. И. Из истории деятельности ОГПУ Центрального Черноземья в 1930: исторические чтения на Лубянке – М.: Кучково поле, 2008. – 368 с.

Мозохин О. Статистические сведения о деятельности органов ВЧК – ОГПУ – НКВД – МГБ (1918–1953) – М.: Алгоритм, 2016. – 448 с.

Синицын Ф. Л. Советское государство и кочевники. История, политика, население 1917–1991 гг. – М.: Центрполиграф, 2019. – 318 с.

Скоркин К. В. Краткая история ВЧК-ГПУ-ОГПУ. 1917-1924. Исследование – М.: Квадрига, 2024. – 656 с.

Степанов А. С. Авиация и органы ОГПУ – НКВД – КГБ СССР, 1925–1945 – М.: Вече, 2019. –384 с.

Тархова Н. Красная армия и сталинская коллективизация 1928-1933 гг. – М.: РОССПЭН: Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2010. – 375 с.

Тепляков А. Г. Опричники Сталина – М.: Яуза, 2009. – 432 с.

Христофоров В. С. История советских органов госбезопасности 1917–1991 гг. - М.: РГГУ, 2019. - 438 с.

СГА КНБ РК – специальный государственный архив Комитета национальной безопасности РК

References

Asharshylyk. Golod. Dokumental'naya hronika: sbornik dokumentov 1928–1934. T. 2. – Almaty: Atamura, 2021. – 1240 s.

Allaniyazov T. Narodnye vosstaniya i protesty 1928-1932 gg. v Kazahstane // Gumilyov Journal of History. –2025. – T. 153, № 4.

Allaniyazov T. K. Vooruzhennye vystupleniya i povstancheskie dvizheniya 1928–1932 gg. v Kazahstane: istoriya, istoriografiya, istochnikovedenie – Karaganda: Arko, 2026. – 224 s.

Bushueva T. S. Obshchestvennye nastroeniya v Krasnoj Armii 1920-1934 gg. – M.: MPGU, 2020. – 444 s.

Izmozik V. Glaza i ushi rezhima. Gosudarstvennyj politicheskij kontrol' v Sovetskoj Rossii 1917–1928 gg. — M.: Novoe lit. obozrenie, 2024. - 536 s.

Izmozik V., Starkov B., Pavlov B., Rudnik S. Podlinnaya istoriya RSDRP – RKP(b) – VKP(b). Bez umolchanij i fal'sifikacij. Kratkij kurs – SPb.: Piter, 2009. – 496 s.

Kolodnikova L. P. Sovetskoe obshchestvo 20-h godov XX veka po dokumentam VCHK – OGPU – M.: Nauka, 2009. - 479 s.

Kratkaya spravka Glavnogo upravleniya pogranichnoj ohrany i vojsk OGPU ob uchastii v operaciyah po kulachestvu 28 iyunya 1930 g. [Elektronnyj resurs] // Sajt «Istoricheskie materialy». – URL: http://istmat.org (data obrashcheniya: 28.06.2026).

Lebina N. Sovetskaya povsednevnost': normy i anomalii. Ot voennogo kommunizma k bol'shomu stilyu – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2024. – 488 s.

Miheev V. I. Iz istorii deyatel'nosti OGPU Central'nogo CHernozem'ya v 1930: istoricheskie chteniya na Lubyanke – M.: Kuchkovo pole, 2008. – 368 s.

Mozohin O. Statisticheskie svedeniya o deyatel'nosti organov VCHK – OGPU – NKVD – MGB (1918–1953) – M.: Algoritm, 2016. – 448 s.

Sinicyn F. L. Sovetskoe gosudarstvo i kochevniki. Istoriya, politika, naselenie 1917–1991 gg. – M.: Centrpoligraf, 2019. – 318 s.

Skorkin K. V. Kratkaya istoriya VCHK-GPU-OGPU. 1917-1924. Issledovanie – M.: Kvadriga, 2024. – 656 s.

Stepanov A. S. Aviaciya i organy OGPU – NKVD – KGB SSSR, 1925–1945 – M.: Veche, 2019. –384 s.

Tarhova N. Krasnaya armiya i stalinskaya kollektivizaciya 1928-1933 gg. – M.: ROSSPEN: Fond «Prezidentskij centr B. N. El'cina», 2010. – 375 s.

Teplyakov A. G. Oprichniki Stalina – M.: YAuza, 2009. – 432 s.

Hristoforov V. S. Istoriya sovetskih organov gosbezopasnosti 1917–1991 gg. - M.: RGGU, 2019. - 438 s.

SGA KNB RK – special'nyj gosudarstvennyj arhiv Komiteta nacional'noj bezopasnosti RK

ҒТАХР 03.20
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_91-104

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА 1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

Алия Тоймахановна Сулейменова[1]

[1]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы (11/5 үй, Қабанбай батыр көшесі, 010000, Астана, Қазақстан Республикасы), Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, https://orcid.org/0000-0002-9782-4553. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

Андатпа. *Kipicne.* БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті жанындағы Бақылау комиссиясы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты органдарының Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізілген науқандарды жүргізуі архивтік құжаттар негізінде қарастырылды. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Ф.И. Голощекин бастаған «Кіші Қазан» революциясының негізгі бағыттарының қатарындағы отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, жергіліктендіру, егістік және шабындық жерлерді бөлу, ұжымдастыру және т. б. науқандардың жүргізілуі жайлы архивтік құжаттарды зерттеу. Мемлекеттік архивтердегі дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, Бақылау комиссияларының орталық, өңірлік органдарының жұмысын зерделеу. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, Атырау облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары кеңінен пайдаланылды. Зерттеу барысында саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Большевиктік билік жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар арқылы қайта қарастырылды. Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары жұмысына талдау жасалды. *Қорытындылар.* 1925–1933-жылдары большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин қолға алған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандарының бірі – отырықшыландыру, ұжымдастыру, «партиялық тазалаулар» науқандарының барысына қатысты құжаттарға, сақтау бірліктеріне талдау жасалды. Партиялық тазалаулар барысында жасақталған архив істеріндегі бұрын белгісіз болып келген тұлғалар туралы деректер анықталды.

Түйін сөздер: Қазақстандағы Кіші Қазан, Ф.И. Голощекин, Бақылау комиссиясы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, ұжымдастыру, отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, жергіліктендіру, егістік және шабындық жерлерді бөлу, партиялық тазалаулар.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН:BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.
Дәйексөз үшін: Сулейменова А.Т. Республикалық Бақылау комиссияларының құжаттары Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізілген науқандардың тарихи дереккөздері ретінде // DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_91-104

МРНТИ 03.20

ДОКУМЕНТЫ РЕСПУБЛИКАНСКИХ КОНТРОЛЬНЫХ КОМИССИЙ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ КАМПАНИЙ, ПРОВЕДЕННЫХ В 1925-1933 ГГ.

Алия Тоймахановна Сулейменова[1]

[1]Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Астане (д. 11/5, ул. Кабанбай батыра, 010000, Астана, Республика Казахстан), кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, https://orcid.org/0000-0002-9782-4553. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Проведение кампаний в Казахстане в 1925–1933 годах рассматривалось на основе архивных документов. *Цели и задачи исследования*. Изучение архивных документов по оседанию, конфискации богатых и полуфеодалов, их выселении, передел пахотных и сенокосных земель, коллективизации и др. В числе основных направлений революции «Малый Октябрь» во главе с Ф.И. Голощекиным. Изучение работы центральных, региональных органов рабоче-крестьянской инспекции, контрольных комиссий. *Материалы и методы*. В исследовательской работе широко использованы документы Архива Президента Республики Казахстан. В ходе исследования использовались методы дифференциации, анализа, систематизации, сравнения. *Результаты.* «Партийные чистки», политические репрессии, проводимые большевистской властью, были пересмотрены с помощью архивных документов на массовые репрессии казахских деятелей, грамотных граждан. Проведен анализ работы контрольной комиссии-рабочих крестьянских инспекций. *Выводы*. В 1925–1933 годах проведен анализ документов, единиц хранения, касающихся хода одной из основных кампаний революции «Малый Казань в Казахстане» – оседлости, коллективизации, предпринятых большевистским эмиссаром Ф.И. Голощекиным. В ходе партийных чисток были выявлены данные о ранее неизвестных лицах в составленных архивных делах.
Ключевые слова*:* Малый Октябрь в Казахстане, Ф.И. Голощекин, оседание, коллективизация, коренизация, конфискация богатых и полуфеодалов, передел пахотных и сенокосных земель.

Благодарность. Статья подготовлена в соответствии с планом реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «ИРН: BR24993057 фундаментальные исследования основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».
Для цитирования: Сулейменова А.Т. Документы республиканских контрольных комиссий в Казахстане: исторические источники кампаний, проведенных в 1925–1933 гг. // (на каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_91-104

IRSTI 03.20

DOCUMENTS OF REPUBLICAN CONTROL COMMISSIONS IN KAZAKHSTAN AS HISTORICAL SOURCES OF THE CAMPAIGNS CARRIED OUT IN 1925-1933

Aliya Suleimenova[1]

[1]Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (11/5 Kabanbai Batyr str., 010000, Astana, Republic of Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, https://orcid.org/0000-0002-9782-4553. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

Annotation. *Introduction*. The campaigns carried out in Kazakhstan in 1925-1933 were considered on the basis of archival documents. *Goals and objectives of the study*. Study of archival documents on the main directions of the «little Oktober» revolution led by F. Goloshchekin: settlement, resettlement of the rich and semi-feudal lords, localization, division of arable and meadow lands, collectivization, etc. Study of the work of Central and regional bodies of workers 'and peasants' inspections, Control commissions. *Materials and methods*. In the research work, the documents of the archive of the president of the Republic of Kazakhstan were widely used. In the course of the study, methods of differentiation, analysis, systematization, comparison were used.. *Results.* The «party purges», political repressions carried out by the Bolshevik authorities, the mass repressions of the Kazakh leaders, literate citizens with an open mind, were revised through archival documents. An analysis of the work of the Control Commission-workers ' peasant inspections was carried out. *Conclusions.* In 1925–1933, an analysis of documents and storage units was carried out regarding the course of one of the main campaigns of the little Kazan revolution in Kazakhstan – the campaigns of settlement, collectivization, undertaken by the Bolshevik emissary F. Goloshchekin. During the party purges, data on previously unknown persons in the created archive files were revealed.

Keywords: Little october in Kazakhstan, F. Goloshchekin, settlement, collectivization, popularization of the rich and semi-feudal, localization, distribution of arable and meadow lands.

Thanks. The article was prepared in accordance with the implementation plan of the fundamental scientific project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «IRN: BR24993057 fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repressions in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation».

Кіріспе. 1925–1933-жылдар аралығында Қазақстанның билік басында болған большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин қолға алған Кіші Қазан революциясы, оны жүзеге асырудың факторлары мен салдарлары зерттеушілердің түрлі топтарының назарын аударып келеді. Қазақстанның кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тарихының қалыптасу және насихатталу деңгейіне түрлі байыптаулар, қорытындылар жасалды. Негізінен алғанда 1925–1933 жылдары жүргізілген науқандардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, шаруашылыққа тиімділігінің дәрежесі мен қоғамның түрлі қабаттарында қолдауға ие болуы әлі де болса пікірталастар тудырып келеді.

Тарихи оқиғалардың мазмұны мен салдарларына нақты емес, субъективті көзқарастардан дәйектелген тұжырымдамалардан алшақтататын объективті ұғымдарды қалыптастыруға арналған ең жақсы және нақты құрал – архивтік құжаттар және оларды тиісті ғылыми және әдістемелік стандарттарға сай жариялау екендігі белгілі.

Ф.И. Голощекиннің Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізген саяси, экономикалық, қоғамдық науқандарының тарихына қатысты архивтік құжаттар аталған кезеңнің бет пердесін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында архивтік дереккөздерге шолу жасалып, фактологиялық материалдардың сақталу, пайдаланылу механизмдері көрсетілді. Отырықшыландыру, ұжымдастыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, мемлекеттік басқару аппаратын жергіліктендіру, молдалар мен дін иелерін қудалау, Алаш қозғалысына тікелей қатысқандармен қатар, олармен тұрмыстық жағынан байланыста болғандардың өзін тергеу, тексеру істеріне және т. б. науқандарға қатысуы жайындағы құжаттарды зерттеу жүзеге асырылды. Нәтижесінде большевиктік билік партиясы жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. Қазақстан аумағындағы тергеу, тексру, бақылау қызметін атқарған институт – Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары органдарының жұмысына қатысты архивтік деректер ғылыми айналымға түсірілді. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин 1925–1933-жылдары сталиндік билікпен келісе отырып, жоспарлап жүзеге асырған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандары – отырықшыландыру, ұжымдастыру,

партиялық тазалаулар және т. б. барысына қатысты құжаттарға, сақтау бірліктеріне тарихи баға берілді.

Өлкенің сол кездегі басшылары жайлы әңгіме қозғағанда, сол бір күрделі кезеңде сыни тұрғыдан талдау жасау мен оқиғаның нақты бағасын жасауға дәрменсіздіктерін көрсеткендігін айту қажет. Субъективтік факторлар мен аппараттың құдіреттілігіне шексіз сенім мен басқарудың күштеу әдістері мен саяси-идеологиялық регулятивтеріне біржақты бейімделу, тіпті солшыл асығыстық осы бағыттағы қадамдардың әлсіз жақтарын көрсетіп берді. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ қоғамының социалистік жолға түсуінің алғышарттарын байыптауда қазақ кеңес-партия қайраткерлерінің басым бөлігі бағынушылық принципін ұстанды. Большевиктік билікке араласқан олар мемлекеттік аппараттың алға қойған реформаларын жергілікті халыққа таратуда да әлсіздік көрсетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген еңбекте Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев, М. Тәтімовтер «БК (б) П Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин бұл істің орындалуында басымдық көрсетті (республиканың басқа да басшылары да айыптаудан алыс кете алмайды) басшы ретінде ол авторитарлы саяси мәдениеттен құралған қызметкердің жарқын үлгісін көрсетті» деп баға береді. Ф.И. Голощекиннің саяси қызметінде көсемдік ағымдар қылаң беріп отырғандығын атап өте отырып, олар әсірелеу формаларда көрінбесе де, оны «артта қалған Қазақстан еңбекшілерінің көсемі» деп атай бастағанда, бұған қарсы наразылықтар жасала қоймады. Авторлар Ф.И. Голощекинің іс-әрекеттерінде өзінің дұрыстығына сенімділік орнай бастап, басқалардың сынына төзе алмаушылығын теріс бағалады. Оның өрескел қылықтары Сталиннен өзінің кейбір қателіктері бола тұрса да, жан-жақты жазылған хатына оның қолына өзіндік сенім мандатын тапсырған соң тіпті өршіп кетті. Ол хатта: «Голощекин жодас! Осы жазбада белгіленген саясат, негізінен жалғыз ғана дұрыс саясат болып табылады деп ойлаймын» делінген болатын (Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991: 202). Ең жоғарғы биліктен нақты тапсырма ала отырып, ешбір талқылауларға көнбестен, Голощекин науқандарды аса құштарықпен жүргізуді бастап кеткенін құжаттар көрсетіп берді.

Кеңестік биліктің тоқырау кезеңінде Қазақстанның Голощекин билігі тұсындағы тарихын зерттеу бір жақты ғана жүргізілді. Академик ғалым С. Бәйішев туралы жасаған мақаласында М. Қозыбаев: «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерін» жазған кезде Ф.И. Голощекин дәуіріне тіс батыра алмайтын еді, өйткені Мәскеуде оған деген көзқарас жеке басқа табынудың құрбаны есебінде қарайтын кез еді. Редакциялық алқа мәжілісінде осы бір дәрменсіздікке қиналғаны есімде. С. Бейсембаевтың Ф.И. Голощекинге арнап жазған мақаласына: «Апырмай Секең осыны бекер жазды-ау» дегенін де естігенім бар» деп көрсеткен. Ф.И. Голощекиннің жеке басына табыну ол басшылық еткен сәтте орын алды. Елден кеткен соң да, ол өзі өмірден өткен соң да большевиктік эмиссар туралы, оның реформалары мен науқандары жайлы жақ ашудың өзі қияметке айналды (Қозыбаев, 2021: 374). Жоғарыда аттары аталған ғалымдар большевиктік эмиссардың қазақ жеріндегі жүргізген саясатына өз

заманының талаптарына сай келетін бағаларын берді. Жеке басқа табынушылықтың одақтық қана емес, республикалық деңгейде орын алуының нәтижесінде қазақ халқы өз жерінде отырып азшылыққа ұшырады. Алаш қозғалысы қайраткерлері мен олардың рухани ізбасарларын, мүдделестерін елден түрлі себептермен аластата отырып Ф.И. Голощекин өзінің революциялық идеяларын еш кедергісіз жүзеге асырды. Сайлау өткізді, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлді, жартылай феодалдар мен байларды кәмпескелеу, көшпелі, жартылай көшпелі шараушылықтарды ұжымдастыру, отырықшыландыру, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру науқандарын революциялық екпін сала отырып жүргізді. «Партиялық құжаттарды тексеру», «партиялық тазалаулар» желеуімен жүргізілген Алаш қозғалысы қайраткерлері мен қатысушыларын соттау, тергеу-тексеру жүзеге асырылды. «Алаштың 40 төресінің соты» атауымен ел аузында қалған науқандар елдегі бас көтерер жанның азаюына әкеліп соқтырды.

Отырықшыландыру, жаппай ұжымдастыру елдің азып-тозуына, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі қоғамның ыдырауына әкеліп, атадан балаға мирас болып қалған мал шаруашылығын күйретті. Күнкөріс малы мен ата қоныс жерінен айрылған халықтың ашынғандағы жасаған көтерілістері тарих бетінде қалды. Академик Х. Әбжанов Ф.И. Голощекинді «Билік тармақтарында тепе-теңдік пен тежемелік атымен түзілмеген Қазақстандағы ашаршылық архитекторы – Кремльдің қолшоқпары» деп атай отырып: «Кеңестер Одағы аумағында миллиондарды аштыққа ұрындырғандар – шексіз билікті иеленген Сталин мен оның айналасындағылар, осылар жүргізген аграрлық, кадрлық, ұлттық, ішкі және халықаралық саясат» деп қорытындылайды (Әбжанов, 2014: 148).

Ф.И. Голощекин Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің барлық мәнді белгілерінің, ең бастысы – адамды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырып, қорғансыздың күнін орнатты. Осының бәрі 1929 жылы басталған жаппай ұжымдастырумен барынша асқынды. КСРО басшылығының тоқпақтауымен жүргізілген жойдасыз жанталаса ұжымдастыру алғашқы төрт жылда адамзатқа қарсы ұйымдастырылған қылмыс деңгейіне жетті. Ашынған халық қарулы қарсылық көрсетуге дейін барды (Әбжанов, 2014: 150).

Шетелдік зерттеуші А. Людткенің пайымдауынша: «Мемлекеттіліктің мағынасы құдіретті биліктің күнделікті әрекетіне үміт пен үрейге бой алдырмастан билік институтының (оның нығаюы, заңдылығы және кейде күйреуі) бар екендігін мойындау мүмкін емес. Мемлекеттік лауазымдар билік иесі бюрократиялық тәжірибе мен дәстүрлеріне сай жұмыс атқарады, ал оны орындаушылар соған бағынады» (Людтке, 2010: 66). Билік институтына бағынған қоғам оның күнделікті әрекетіне баға бере алмады. Жаңа құрылысты орнатушылардың өздері де бұл үрдістің қалайғ қай жаққа бастап баратынын бағдарлай алмады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізуде әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі

басшылыққа алынды. Анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция сияқты жалпы ғылыми әдістер де пайдаланылды. Бақылау комиссиялары – Жұмысшы-Шаруа инспекциясы органдарының 1926–1933 жылдардағы қызметіне қатысты ғылыми-зерттеу еңбектер мен архивтік деректерді талдау жұмысы жасалды. Республикадағы коммунистік биліктің қызметін көрсететін қорлар сақталған Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, Атырау, Абай облыстық мемлекеттік архивтерінің істері сарапталды. Архивке сақтауға алынған Бақылау комиссиясының № 719-қоры мен БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің № 708 қорының 1925–1933 жылдардағы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Қазақ АКСР Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының № 44-қорының 1930–1935-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды. Кеңестік, партиялық бақылау органдарының бір партиялы диктатурасын бекіту процесінің көрінісі болып табылатын дереккөздер 1925–1933-жылдардағы саяси науқандарға сипаттама береді. Жоғарыда аталған архивтермен қатар Ресей Федерациясының Мемекеттік архивінің, Алматы, Талдықорған облыстық мемлекеттік архивтерінің қорлары жайлы анықтамалық-жолсілтерлерде көрсетілген қорлар туралы мәліметтер берілді.

Талқылау. Большевиктік биліктің бұқара арасында жұмыс жүргізу үшін құрылған мемлекеттік жазалау органы Қазақстандағы Жұмысшы-Шаруа инспекциялары, Бақылау комиссияларының архивтік қорлары зерттеу жұмысының нысанына айналды. Зерделеудің негізгі дереккөзі республикалық және кеңестік мемекеттік билік органдарының және мемлекеттік басқару органдарының құжаттары мен материалдары. Автор Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-шаруа комиссияларының республикалық органы ұйымдастырған партиялық тазалаулар, отырықшыландыру, кәмпескелеу және т. б. науқандарға қатысты құжаттарды іздеп тапты.

Дереккөздердің келесі бір маңызды тобы – БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің құжаттары: Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының съездері, конференциялары, біріккен пленумдар. Бұл жерде Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының партия съездерінде, Бақылау комиссиясы пленумдарындағы Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының есептік баяндамаларының және т. б. партия құжаттары мен материалдарының маңыздылығын атап өту қажет.

Жалпы Бақылау комиссиялары мен Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының қызметі, міндеті және мақсаттары жөнінде зерттеу еңбектері кеңестік кезеңде басталған.

Зерттеуші Е. Химович Орталық Бақылау Комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (ОБК-ЖШИ) органдарының экономия, өндірісті рационализациялау және басқару режимдерін жүргізудегі ролі: 1926–1934 жылдардағы тәжірибесі мен сабақтары туралы зерттеу еңбегінде мемлекеттік-партиялық бақылау органының бүкілодақтық деңгейдегі тарихнамасына тоқталады. Бақылау ұйымдарының мәселелеріне қатысты Қазақстанда А.Ф. Абоян, Өзбекстанда – А.Р. Атаджанов, Белоруссияда – М.И. Злотник,

Арменияда – Ш.А. Погосян, Әзербайжанда – Р. Раджабов және т. б. зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін атап өтеді. (ОБК-ЖШИ) жүйесі жергілікті БК-ЖШИ органдарымен тығыз байланыс жасады. Олардың қалыптасуы туралы А.П. Константинов, В.М. Иванов, В.И. Зубарев, В.С. Кропотов, В.Л. Кутузов, А.В. Прокопенко, Л.В. Чекуркин және т. б. еңбектерінде қарастырылды (Химович, 1992).

БК (б) П Орталық Бақылау комиссиясы мен жергілікті органдарының КСРО-ның әкімшілік жүйесін қалыптастыруға, ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеуде, 1920-жылдардың басындағы қуғын-сүргіндерді жүргізуге қатысуы, 1920–1930-жылдардағы ауылдық аудандардағы Бақылау комиссиялары – Жұмысшы–шаруа комиссиясының жұмыстарының ерекше түрлері мен әдістері жан-жақты талдауды талап етеді.

1930-жылдардың басындағы КСРО-да ұжымдастыру мен азық-түлік дайындау барысындағы партиялық-мемлекеттік саясатты жүргізу отандық мамандар – тарихшылар, экономистер, социологтар және т. б. сала мамандары жан-жақты зерттеді деп тұжырым жасауға болады. Бірақ партия-мемлекеттік бақылау органдары болып саналатын БК (б) П өңірлік Бақылау комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының (БК-ЖШИ) жергілікті жерлерде жазалау саясатын жүзеге асырудағы ролі әлі де аз зерттелген. Партия-мемлекеттік бақылау органдарына астық дайындау процестеріне қатысу міндеттелді. Басым бөлігі БК (б) П мүшелері және мүшелікке кандидаттар және партияда жоқтар қарастырылып отырған кезеңдегі партия активінің қатарындағылар орындаушылар өздерінің қызметтерінде БК-ЖШИ органдарына есеп беруі тиіс болды. Түрлі себептермен алға қойылған міндеттерді орындамаған жағдайларда мемлекеттік жазалаушы органдар оларды жауапкершілікке тартты. Коммунистерге қарсы қуғындау шараларының бастамашысы жергілікті тәртіп сақтау, сот, БМСБ (ОГПУ) органдарымен өзара белсенді әрекет еткен БК-ЖШИ түріндегі партия органдары болды. Бұл органдардың басшы лауазымды тұлғалары, басым көпшілігі коммунистерге, БК-ЖШИ мәжілістеріне шақырылып, онда міндетті түрде орындалуы тиіс міндеттер, партия тапсырмасы берілді. (Иванцов, 2017).

Зерттеуші И.Г. Иванцов Кубань өлкесінің архивтік маериалдары негізінде өңірлік БК (б) П бақылау комиссиялары – жұмысшы-шаруа ниспекциялары соттан тыс қуғындаудың органдары ретіндегі ролін зерделеген мақаласында аталған саяси мекемелердің жұмысына баға береді. «БК (б) П мен оның уәкілетті органдарының көмегімен 1933 жылдың күзіне дейін мемлекеттік жазалау аппаратын өздерінің мақсаттары үшін пайдалана отырып, онсыз да ауыр жағдайды ушықтыра түсіп, селода қуғын-сүргіндерді жалғастыра берді. Жүргізіліп отырған саясатта жетекші рольді БК–ЖШИ атқарды, себебі олар жүргізіліп отырған саясатта қозғаушы әрі бағыттаушы күшке айналды. Олардың бұйрықтары орындалуға міндетті болды. Сырттан қарағанда олардың мұндай ролі білмейтіндерге айқын емес еді» деп қорытындылайды (Иванцов, 2017).

Зерттеуші Д. Султанмуратов революциядан кейінгі және кеңестік кезеңдегі мемлекеттік бақылау органдарының бірі Жұмысшы-Шаруа инспекциясының

жұмысын зерделеуге арналған мақаласында инспекцияның құқықтық негізін құрайтын нормативтік-құқықтық актілер, БК (б) П стенографиялық есептерін және осы тақырыпқа қатысты бірқатар ғылыми мақалалар талдауға алынған. Автор Жұмысшы-шаруа инспекциясының өз алдына дербес жұмыс істеген және Орталық Бақылау комиссиясымен біріккеннен кейінгі уақыттағы жұмысына талдау жасай отырып, инспекцияның жылдам институционалды-құқықтық дамуы және жоғары тиімділігін және оның қызмет ету кезеңіндегі ең табысты сәтінде таратылуының негізсіздігін атап көрсетеді (Султанмуратов, 2020).

Қазақстан ғылымында мемлекеттің бақылау органдары, оның ішінде Жұмысшы-Шаруа комиссиясының жұмысына, тарихына, оның мемлекеттілікті дамыту жолындағы институтционалдық қызметіне қатысты еңбектер жоқтың қасы. 1960-жылдары КОКП тарихы бойынша қорғалған қазақстандық А.Ф. Абоянның ғылыми диссертациялық еңбегін ғана атап өте аламыз (Абоян, 1967). Еңбек С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің КОКП тарихы кафедрасында қорғалған. Ғылыми жұмыста А.Ф. Абоян дииссертациялық жұмыстың көлеміне орай Қазақстанның партиялық-мемлекеттік бақылау органдары айналысқан маңызды мәселелердің кейбіріне тоқтала алмағандығын атап өтеді. Ұжымдастыру, мәдени құрылыс және т. б. көптеген тақырыптар диссертацияда ішін-ара ғана аталып өтеді және олар арнаулы зерттеуді қажет етеді. Зерттеушінің еңбегінің хронологиялық мерзімі 1924–1933 жылдарды қамтиды. 1924 жылы Қазақстандағы ұйымдастыру жұмыстары аяқталып, V Бүкілқазақстандық партия конференциясы өткізілген уақытта олардың бірігу процесі толығымен аяқталды. Сондықтан олардың қызметі өнімді және жоғары маңызға ие бола бастады. Зерттеушінің еңбегінде республиканың орталық архивтерімен қатар, Бүкілодақтық архивтерге сілтеме жасалады (Абоян, 1967: 13). Сонымен қатар Бақылау комиссияларының жұмысы негізінде елдегі оңшыл-оппортунистер мен оппозицонерлердің жұмысын әшкерелегені, «қожанов-сәдуақасовшылдар» топтарының айқындалуы жайындағы құжаттарға шолу жасайды. Партиялық тазалаулардың барысында 1929–1930 жылдары Бақылау комиссиясы партиядан 1000-ға жуық адамды шығарады. Жергілікті Бақылау комиссияларның сигналдары бойынша Өлкелік комитет пен Өлкелік Бақылау комиссиясы 1931–1932 жылдары 7 ауданда партия ұйымдарын тексеру мен тазалау жұмыстарын жүргізді. 704 коммунистен тұратын 53 ұйым тексерілді. Жедел тазалау барысында барлығы 199 адам партиядан қуылды, 165 коммунист түрлі сөгістер алды. Қазақ Өлкелік комитеті мен оның бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің ұжымдастыру мен ұлттық саясат мәселелеріндегі жіберген қателіктерін сынаған БК (б) П Орталық комитетінің 1932 жылғы 17 қыркүйектегі қаулысынан кейін оңшыл ағыммен күресудегі Бақылау комиссиясының қызметінің тиімділігі төмендегенін атап өтеді. (Абоян, 1967: 16, 17). Аса қарқынмен жүргізілген қуғын-сүргіндер аталған қаулыдан кейін бәсеңдеп, 1933 жылы саябыр тапқан.

А.Ф. Абоянның есебінше, 1926–1933 жылдары партиядан 13251 адам шығарылған, 1929–1930 жылдардағы тазалаулар кезіндегі санды қосқанда бұл 20 мыңға дейін көтеріледі.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының құрамындағы бақылау органдарының жұмысына да шолу жасалады. А.Ф. Абояннның зерттеуінше 1933 жылдың соңында ЖШИ активі толық емес деректер бойынша 30 мың адамды құрады. Нәтижесінде ЖШИ 700 секциясы, 1600 әрекет ету тобы, 200 шағым бюросы посты, жеңіл кавалерияның 150 отряды құрылды. Тұрақты активтен бөлек тексерілуші кәсіпорындардың қоғамдық ұйымдарының мамандары, өкілдері, үй шаруасындағы әйелдер және т. б. тартылды. (Абоян, 1967: 17). Бұдан шығатын қорытынды: билеуші институт бүкіл қоғамның әшкерелеуші-бақылаушы болуын қалыпты деп санады және бұл жұмысқа қоғамның барлық мүшелерін жұмылдыруды көздеді.

Зерттеуші Е.П. Шрамук қазіргі заманғы Ресей тарихнамасындағы Жұмысшы-Шаруа Халық комиссариатының қызметінің талқылануы туралы еңбегінде бұдан бұрынғы уақыттағы жұмыстардан ерекшілігі ретінде КСРО тарағаннан кейін бақылау органдарының ролі әкімшілік-командалық жүйенің қалыптастырылуы тұрғысынан қайта қарастырыла бастағандығын атап өтеді. Бұл жерде Жұмысшы-Шаруа инспекциясына маңызды орын беріле бастады. Орталық Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының мемлекеттік Бақылау нысанына айналуын И.В. Сталиннің жеке басына табынумен байланыстырады. Яғни большевиктік биліктің бақылау, қадағалау органы ретінде Жұмысшы Шаруа инспекциялары мен Бақылау комиссиялары сталиндік биліктің ең басты қадағалаушы органы ретінде қызмет атқарды. Сталиндік директивалардың, нұсқаулар мен қаулы-қарарлардың мүлтіксіз орындалуын белгіленген нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырушы орган ретінде қызмет атқарды (Шрамук, 2024).

Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының құрылымдық бөлімшелері аталған кезеңде мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру, индустрияландыру мәселелеріне қатысуда жан-жақты жұмыстар жүргізді.

Мемлекеттік-партиялық бақылау органдарының жұмысының барысы жайында архивтік қорлар кеңінен мәлімет береді. Қазақстандық архивтерде республикалық, облыстық, округтік, аудандық, уездік Бақылау комиссиялары, жұмысшы-шаруа инспекцияларының архивтік қорлары сақтауға алынған. Атап айтқанда: Алматы облыстық мемлекеттік архивінде Жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Жаркент қаласында орналасқан Жаркент уездік, Лепсі қаласындағы Лепсі, уездік кеңестерінің жұмысшы-шаруа инспекцияларының 1919–1923 жылдардағы № 2 қор, 91 сақтау бірлігі, Панфилов филиалында 1919–1923 жылдардағы № 274 қор, 33 сақтау бірлігі, Үшарал филиалында 1920–1923 жылдардағы № 107-қор, 58 сақтау бірлігі есепке алынған. Бұл ұйымдар БОАК 1920 жылғы 8 ақпандағы декреті негізінде құрылған. 1924 жылы наурызда Түркістан КП уездік партия комитеттерімен біріктірілген. Құжаттарының қатарында: Еңбек халық комиссариаты, ЖШИ Халық комиссариаты және Жетісу облыстық ЖШИ қаулылары, циркулярлары және нұсқаулықтары бар. Уездік инспекцияның бұйрықтары, бөлімдердің қызметкерерінің жиналыстарының, алқа мәжілістерінің хаттамалары, инспекция жұмысы туралы есептер, баяндамалар, мекемелер мен ұйымдарды тексеру

актілері, қаржылық тәртіпті сақтауды тексерулер актілері жинақталған. Қытайдан оралған босқын қазақтарға көмек көрсету бойынша құжаттар бар (1920–1922). (Путеводитель ГА Алматинской обл., 80)

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты (БК (б) П Қазақ өлкелік БК – ҚАКСР ЖШИ ХК). № 719-архивтік қорында 5 тізімдеме, жалпы саны –1925–1934 жылдардағы 6031 сақтау бірлігі есепке алынған.

1925 жылғы 21 ақпанда РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы ретінде құрылған. 1925 жылғы 15–19 сәуірдегі Кеңестердің V съезінің қаулысымен Қырғыз АКСР атауы Қазақ АКСР болып қайта аталуына орай РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы РК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы болып өзгертілді. БК (б) П XIV съезінің (18–31 желтоқсан 1925 ж.) қаулысына сәйкес РК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы БК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ КСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты болып өзгертілді. 1934 жылы БК (б) П XVII съезінің шешімімен таратылды. Қызылорда, Алматы қалаларында орналасты. (Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан, 112).

Бүкілодақтық деңгейдегі жазалаушы органның құрылымдық бөлімшелері жайында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің жолсілтерінен анықтауға мүмкіндік бар. Архивтегі РКФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (РКФСР ЖШИ ХК) А-406 архивтік қорында 1920–1934 жылдар аралығындағы сақтау бірліктері мен ісі есепке алынған. Олардың қатарында Алқа секретариатының құжаттары (1924–1933), ұйымдастырушылық-нұсқаушылық бөлімінің (1920–1933), мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі бөлім (1923–1925), әкімшілік техника бөлімі (1926), есептілікті жақсарту бөлімі (1927–1930), мемлекеттік аппаратты жақсарту бөлімі (1931–1933), ведомстволық рационализациялау бөлімі (1928–1930) және мамандар тобының (1929–1932), орталық штат комиссиясының (1924–1927) және құрылымдық-штаттық инспекцияның (1925–1927); әкімшілік (1925–1930), кеңестік құрылыс (1927–1930), қаржы (1923–1932), экономикалық (1923–1924), қаржы инспекциялары (1924) ауыл шаруашылық (1923–1924); сауда, өнеркәсіп және еңбек (1924–1925), өнеркәсіп және еңбек (1925–1932) топтарымен, құрылыс (1925, 1927 – 1932), коммуналдық (1930–1932), жол (1931–1932), текстиль (1932), азық-түлік өнеркәсібі (1930–1932) және өндіріс кооперациясы (1930–1932); сауда (1925–1932) топтарымен, жабдықтау және кооперация (1931–1932), қоғамдық тамақтандыру (1931–1932) және баға инспекциясы (1931–1932); ауылшаруашылық (1924–1930) топтарымен; совхоз-колхоз құрылысы (1931), мал шаруашылығы және техникалық дақылдар (1931–1932); еңбек, әлеуметтік сақтандыру және денсаулық сақтау (1923–1933) топтарымен, әлеуметтік-мәдени (1927–1929), көпшілік халық ағарту (1930–1932), кадрлар (1930–1931), денсаулық сақтау

(1930–1932) және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету (1931–1932); жоспардан тыс (1924–1930) бақылау мен тексеру тобымен (1929–1933); әскери (1927–1934); қаржы бөлімі (1920 – 1934), жеке құрам бөлімі.

Құжаттарының қатарында РКФСР ЖШИ ХК хаттамалары, стенограммалары және қаулылары, Халық комиссариатының, оның инспекциялары мен топтарының бұйрықтары, өкімдері, циркулярлары мен нұсқаулықтары, РКФСР БОАК, ХКК, СТО, ЭКОСО, олардың комиссияларының қаулыларының жобалары мен көшірмелері, хаттамалары мен хаттамаларынан үзінділер, КСРО ЖШИ ХК жобаларына, бұйрықтарына, алқа хаттамаларына, жоспарларына және есептеріне жасаған қорытындылары, Орталық штаттық комиссияның және оның комиссия бөлімдерінің мәжілістерінің хаттамалары. Халық комиссариаты, оның құрылымдық бөлімдері мен жергілікті органдары туралы Ереже. ЖШИ жергілікті органдарының қайта ұйымдастырылуы туралы баяндамалар мен анықтамалар, халық комиссариаты мен оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары және тексеру бағдарламалары, ЖШИ жергілікті органдарының жұмыстары туралы құжаттар (бұйрықтар, мәжіліс хаттамалары, баяндау жазбалары, жоспарлар, есептер және шолулар жоспарлар, есептер, қорытындылар, сататистикалық мәлметтер, зерделеулер бойынша қоырытындылар мен ұсыныстар). Ұйымдастыру-инспекторлық мәселелер бойынша, мекемелер мен ұйымдарды тексеру, мемлекеттік аппаратты экономия мен рационализациялауғ жұмыстағы параллеизмді жою, мекемелер жүйесін қысқарту, мемлекеттік аппараттарды тазалауды жүргізу және оларды қайта ұйымдастыру, оның жқмысына деген сын ескертплер бойынша жұмыстар жүргізу туралы және т. б. мәселелер бойынша хат алмасулар. Басқару техникасы институтының бюллетені бар (Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации).

Нәтижелер. Большевиктік Қазақстанның билік басына келген Ф.И. Голощекин қазақ даласында 1925–1933-жылдары қызмет атқарды. Осы кезеңде жүргізілген құқықтық-саяси, әлеуметтік экономикалық науқандар дәстүрлі қазақ шаруашылығының толығымен күйреуіне әкеліп соқтырды. Ф.И. Голощекин 1919 жылы Түркістан АКСР-індегі жағдайды бақылауға алған Түрккомиссия мүшесі ретінде аталған өңірді жақсы білетін. Сондықтан да И. Сталин оны Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ең ірі өңірді бағындыруға жұмсады десек қателеспейміз. Билік басына келген соң бірнеше рет Мәскеуге хат жолдап, өзінің жүргізбек болған саяси стратегиясын қолдауды сұрады. Қазіргі таңда ғылыми ортада бұл науқандарды «Голощекиннің бағдарламасы» деп атауға үзілді-кесілді қарсылықтар, пікірталастар орын алуда. Большевиктік биліктің жүргізген жұмыстары мақсатты түрдегі бағдарламалық бағытта жүзеге асырылғандығы анық.

«Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасын жүзеге асырудың құрамдас бөлігі ретінде егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу; жергілікті Кеңестер сайлауын ерекше ұйымдастыру және өткізу; Жергілікті кадрларды алмастыру және мемлекеттік және саяси қызметке қатысуға жол бермеу құралы ретінде ұлттандыру саясатынан бас тарту; Революциялық-күшпен айырудың және

халықтық күрестің экономикалық негізін жоюдың жазалау және қуғындау (репрессиялық) әдісі және механизмі ретінде ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодал байлардың (орта шаруалардың) және шаруалардың мүлкін жаппай біржола иемдену; «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде күштеп ұжымдастырудың іргелі зерттеулері; Экспроприация мен ұжымдастыруға балама ретінде ауыл шаруашылығындағы кооперация идеясын жоққа шығару; Күрделі астық, ет және мал сатып алу кезіндегі жаппай саяси қуғын-сүргіннің ерекшеліктері; Жаппай күштеп отырықшыландыру (қоныстандыру); Халық көтерілістері мен наразылықтарын қарулы түрде басу; «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде Қазақстандағы «мәдени» революция; Мәжбүрлі босқындар: тұрғылықты жерінен жаппай қашудың, ауа көшудің себептері мен жағдайлары, жаппай саяси қуғын-сүргіндері сияқты маңызды тақырыптарды зерттеу қолға алынды. Сонымен қатар большевиктік биліктің қазақ қоғамына қарсы жүргізген революциялық-күштеу арқылы жүргізілген өктемдік әрекеттерінің мақсаттары, жүзеге асыру механизмдері және қайғылы салдарын іргелі зерттеу мәселелерін қолға алу аса қажеттігі күн тәртібінде тұр.

Қазақстандағы XX ғасырдың 30-жылдары жүргізілген отырықшылыққа күштеп көшіру науқаны большевиктік билік басына келіп, «феодалдық даму тармағынан капитализмге соқпастан социалистік жолға түсіруді» қолға алған Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» революциясының бір тармағы ретінде қарастырылуы тиіс.

Бүкіләлемдік энциклопедиялық анықтамалықтарда берілген түсіндірмелерден шығатын қорытынды: Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» науқаны өзінің жүргізілу сипатына қарай белгілі бір мерзімге есептелген қоғамдық-саяси немесе шаруашылық ұйымдастырулардың жүйесі болып табылады.

Сонымен қатар Ф.И. Голощекин «қоғам өміріндегі түпкілікті өзгеріс, бейбіт немесе күштеу әдісімен әлеуметтік немесе саяси құрылымды кенеттен ауыстыру» арқылы қазақ қоғамында төңкеріс жасауды көздеді.

Аталған кезеңдегі тарихи оқиғаларды баяндайтын дереккөздері сынға, талапқа қаншалықты төтеп бере алады? Архивте сақталған құжаттардың барлығы ақиқат пен шындыққа негізделген деп айту мүмкін бе? Өткен ғасырдың 40-жылдары дереккөзтанушы-академик М.Н. Тихомировтің: «тарихи дереккөздерді зерделеусіз және оларға сыни көзқарасты ұстанбайынша, бірде-бір зерттеуші өз жұмысын бастай алмайды» деп көрсетуі қазіргі таңда да маңыздылығын жоғалтқан жоқ. (Тихомиров, 1940: 6).

Бұл бағдарламаның барысы жайлы зерттеуде нормативтік-құқықтық актілер, қорытындылар, ұсыныстар, хаттамалар, баяндамалар, хабарламалар, баяндау жазбалар, хаттар, ақпараттар, мақалалар мен жарияланымдар сияқты құжат түрлері басшылыққа алынды.

Жоғарыда аталып өткен Кіші Қазан революциясының бірнеше тармақтан тұратын науқандарының бірі – көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшыландыру. Нормативтік-құқықтық актілер отырықшыландыру

үдерісінің большевиктік биліктің бастапқы кезінде жоспарланғандығын көрсетеді. РКФСР БОАК пен ХКК 1923 жылғы 10 мамырдағы «Түркістан АКСР-індегі көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жерге орналастыру туралы Ереже» (Декрет ВЦИК от 10.05.1923) 1924 жылғы 17 сәуірдегі «Қырғыз (Қазақ) АКСР-індегі көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылыққа көшуші тұрғындарды жерге орналастыру туралы» Декреті [Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17. 04. 1924), Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ұлттық-аумақтық межеленуіне дейін қабылданған бұл актілер екі республика аумағына шашырай орналасқан көшпелі қазақ шаруаларын жерге орналастыруды көздеді. Көшпелі қоғам большевиктік билікті орнатуда кедергі жасайтын басты апат ретінде қарастырылды.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 30 тамыздағы «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулысы жоғарыда аталған актілердің заңды жалғасы болды. 1930 жылы 19 қаңтарда БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарын отырықшыландыру туралы қаулысы» қабылданып, большевиктік партияның ойға алған ісін жүзеге асыруға негізделді. Кеңестік билік органдары 1930 жылдың өзінде бірнеше қаулы-қарар қабылдап, саяси-экономикалық реформаларды жан-жақты негіздеумен айналысты.

Қазақстандағы отырықшыландыру науқанының дереккөздері қатарында қорытындылар, актілер, ұсыныстар деген құжат түрлері шаралардың жүргізілу барысын көрсетеді. Атап айтқанда: БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1929 жылғы 12 наурыздағы «Қазақ тұрғындарды отырықшыландыру туралы» хаттамасы «жер-су реформасының мәселелерін, жер нормаларын жасақтау сұрақтарын Жер ісі халық комиссариаты Өлкелік комитеттің алға қойған жоспарларын орындай алмағандығын» атап өтеді (ҚР ПА. *141-қ. 1-т. 2388 а-іс. 215, 216-п)*; БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1929 жылғы 6 қарашадағы «Қазақ тұрғындарды отырықшыландыру туралы» баяндама бойынша қабылданған қарарды бекіту туралы хаттамасы «Партияның XV съезінің Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру міндетін жүзеге асыруда қазақ тұрғындары жүргізіп отырған шаруашылық түрін түбегейлі өзгерту қажеттігін талап етеді» деп түйіндейді, «... сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында жуық арадағы міндеті жер ісін дамытуға болатын аудандарда қазақ тұрғындарын отырықшыландыру проблемасы ...» екендігін атап өтеді *(ҚР ПА. 141-қ. 2388 б-іс. 111–118-п.)*, Қазақ тұрғындарын отырықшыландыру жөніндегі комитетінің 1930 жылғы 10 сәуірдегі хаттамасы Семей округтік атқару комитетінің Жаңа Семей ауданындағы округтік Жер басқармасының жүргізген дайындық жұмыстары жайлы ақпаратты талқылайды (*Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-қ. 1-т. 47-іс. 115–117-п.)*, Қазақ АКСР Жер ісі Халық комиссариатының алқа мәжілісінің 1930 жылғы 5 маусымдағы хаттамасы «ауыл шаруашылық жөніндегі кейбір іс-шаралар тиісті мекемелердің жоспарында белгілі бір байланыс жасай алмады, осы ұйымдардың жүйесінде жергілікті округтік органдар отырықшыландыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне дұрыс және нақты бағдар жасай алмады» деп айыптай

отырып, отырықшыландыру жөніндегі шешімдердің асығыстығына мән бере қоймады. Бір аптаның ішінде отырықшыландыруға жауапты Жер ісі, Денсаулық сақтау Халық комиссариаттарына шұғыл түрде кемшіліктерді жоюға міндеттеді. (*Атырау облысының мемлекеттік архиві. 19-қ. 1-т. 30-іс. 69–73-п.)*, Денсаулық сақтау халық комиссариатының құрамында Сұлтанғалиев пен Кияткин бар Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы бригадасының отырықшыландыру мәселесі бойынша 1930 жылғы 29 тамыздағы тексеру актісі отырықшыландыру барысындағы орын алған біраз кемшіліктердің бетін ашып берді *[ҚР ОМА. 44-қ.11-т. 62-іс. 46–48-п.]*, БМСБ (ОГПУ) Уәкілетті өкілдігінің 1930 жылғы қазан айында түрлі науқандарды жүргізудегі орын алған асыра сілтеушіліктер туралы деректер жиынтығы (*Трагедия казахского аула, 2018: 188,189)*, жұмыстың қызу қарқынмен асығыс жүргізілгендігін көрсетеді.

Қазақстандағы отырықшылыққа көшу мәселесінің 1930-жылдардан бұрын басталғандығын архив деректері көрсетеді. Атап айтқанда, Қырғыз (Қазақ) ОАК төрағасы С. Меңдешевтің Ақмола және Семей облыстарына жасаған сапары туралы РК (б) П облыстық комитетіне жасаған 1923 жылғы 4 қыркүйектегі баяндамасы көшпелі халықтың отырықшылыққа көше бастағандығы жайлы хабарлайды. Ақмола губерниясының 14 қырғыз (қазақ) поселкесінің тұрғындарының қалауына орай губерниялық атқару комитеті Петропавл уезінде бір поселокты ұйымдастыруға шешім қабылдаған, бұл үшін бюджеттен қаржы бөлу қарастырылған. Поселкені құрудың негізгі қағидаты: алғашқы үш жылда қырғыздар (қазақтар) жалдамалы жұмысшы ретінде тартылады, поселкенің әкімшілігін губатком тағайындайды, қырғыздар (қазақтар) шаруашылық құрылысының ұйымдастыру сәтіне қатысады, өз орталарынан сайланған комитет арқылы басқаруға қатысады. Тәжірибе ретінде көшпелі қазақтарды отырықшыландыру процесі басталған (Саяси қуғын-сүргін ...: 2022, 69–71).

Зерттеуші П.В. Чеченковтың пікірінше: «Белсенді құжатайналымында, архивте сақтауда, тарихшы-зерттеушінің жұмыс орнында бола отырып құжатты дереккөз құжат та болады, тарихи дереккөз де болады» (Чеченков: 45). Ресейлік архившілер мен құжаттанушы, архивтанушы ғалымдардың дереккөз, архивтік құжат, құжаттық ескерткіш тақырыптарындағы пікірлеріне шолу жасай отырып, автор жоғарыдағы пікірімен қорытындылайды. Тарихи құжаттар мен іс жүргізу стадиясындағы құжаттың айырмашылығы, маңызы және оларды дұрыс қалыптастыру мәселесін көтереді (Чеченков, 36–45). Қазақстандағы мемлекеттік архивтердегі тарихшы ғалымдар пайдаланып жүрген құжаттың, архив ісінің қаншалықты деңгейде қалыптастырылғаны көкейде көп сұрақтар туындатады.

Аталған мәселені қазақстандық зерттеуші Г. Жакупова «қазіргі уақытта Қазақстан тарихының дереккөзтануын тарихнамалық тұрғыдан қайта қарауды талап ететін бірнеше фактілер анықталып отыр. Қоғамдық танымның акценттерінің ауысуы біздің тарихымыздың өткен кезеңі туралы түсініктерді айқындауға мүмкіндік беретін тарихи дереккөздерге деген қызығушылықты арттыруда. Сондықтан Қазақстан тарихының дереккөзтануының кейбір аспектілерін қарастыру қажет. Атап айтқанда дереккөздік зерттеулер тақырыбын

ұйымдастыру шарттары, қалыптастыру және бұрын белгісіз болып келген дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу» деп атап өтеді (Жакупова: 153).

Қазақстандық архивтердегі дереккөздер талдауға алған жағдайды, әсіресе 1920–1930 жылдардағы архив құжаттары көптеген мәліметтерді беруге қауқарлы. Басқарушылық, ұйымдастырушылық, атқарушылық құжаттарынан бөлек тергеу, тексеру, бақылау органдарының деректері де аталған тақырыпты жандандыруға септігін тигізері сөзсіз.

Қазақстан Бақылау комиссиясының Көшпелі үштігі мәжілісінің 1930 жылғы 2 ақпандағы хаттамасы коммунистік партия мүшелерінің аппеляциялық істерін қарағандығын баяндайды. «Тыңдалды: 1. 1900 жылы туылған Оспанов Садық, 1928 жылдан партия өтілі бар,партибилет № 0950066, әлеуметтік жағдайы – шаруа. Тексеру сәтінде оқушы, мүліктік жағдайы – 2 жылқы, 1 сиыр, білімі – төмен. Саяси сауаттылығы – партия құрылысы курстарын бітірген. Партиялық жүктемесі жоқ. Партиялық ескертулері жоқ. Тексеруден Қостанай округі Наурызым ұйымынан өткен» деп көрсете отырып, Тексеру комиссиясы С. Оспановтың 1925 жылдан Халық ағарту комиссариатында жүріп Алаш Орда ұйымының жетекшілерімен байланыс жасағандығын, Алаш Орда жетекшілерін жасырғандығын, Алаш Орданың партиямызға зиянкестігін білмегендігін анықтады. Жоғарыда аталған әрекеттері үшін С. Оспанов БК (б) П қатарынан шығарылды.

Қостанай округтік Бақылау комиссиясы төралқасы 1929 жылғы 23 қазанда тексеру комиссиясының шешімін бекітті. Үштікте анықталғаны: Оспанов Алаш Орда жетекшілерінің бірінің көшірі болған, бұл оны Алаш Ордамен байланыста болды деген айыптауға негіз болды, оның Алаш Ордашылармен нақты байланыста болғандығы жайында істе дәлелдейтін құжаттар жоқ. (Баяндамашы Аситов, Оспанов қатысып отыр). (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 5-п.).

«Қостанай округтік Бақылау Комиссиясының айыптау туралы шешімінің негізсіздігі ескеріліп, іс тоқтатылсын, Оспанов тексеруден өтті деп есептелсін» деген қаулы қабылданады. Алаш Орда үкіметіне қатысы жоқ, Алаш қозғалысы жетекшілерінің біріне атқосшылық қызмет атқарған деген желеумен де мәселе май шаммен қаралған.

1897 жылы туылған Малбек Исаевтың аппеляциялық ісі де осы хаттамада қаралды. Ол 1928 жылы 300 сомды талан-таражға салғаны үшін бір жылға сотталып, рақымшылыққа іліккен. Тексеру кезінде қойманың сатушысы, 100 сом айлық жалақысы бар. Қызылорда қаласында өзінің жекеменшік үйін пәтерге жалға 13 сомға береді. Бюро мүшесі болып тұрған жерінде партия мүшелері мен партияда жоқ адамдармен шаруашылық және әкімшілік лауазымдарды бөлу бойынша құпия жиналыстар өткізген, сол жерде Текстильторг мекемесінің меңгерушісі лауазымына үміткер ретінде ұсынылғандығын Бюроға хабарламаған. «Партия ұясында орын алған осындай келеңсіз жағдайларды хабарламады», «ұяның жұмысына қатыспады» деген айыптаулар тағылды. Партиялық Бақылау комиссиясы Партиялық алқасы қаулыны бекітіп, М. Исаевты партия мүшелігінен шығарды. (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 5, 6-п.).

Хаттамада барлығы 7 адамның ісі қаралып, қаулы қабылданды. Солардың қатарындағы Айтуаров Есмұханның аппеляциялық ісі жоғарыдағы істермен тақырыптас, мазмұндас. 1903 жылы туылған Е. Айтуаров білімі төмен, тексеру сәтінде оқушы. Қызыл Әскер қатарында 4 ай қызмет еткен. 1917 жылға дейін жалшылықта болған. Қоғамдық ұйымдарда мүшелікте бар, партиялық жүктемесі (партнагрузка) бар. Тексеру комиссиясының анықтағаны: кәмпескелеу мәселесі бойынша теріс көзқарасты ұстанған, Қазақ өлкелік комитетінің саясатына қарсы бағытталған, (кәмпескелеуді жасырын жүргізу, кедейлер алған малдарын ішіп қояды деген көзқарастарын курсанттарға таңған).

Қазақ өлкелік комитетін дискредитациялау (Қазақ өлкелік комитетінде байдың балалары отыр), Мемлекеттік банкте істеп жүрген кезінде жең ішінен байланысу, қызмет бабын пайдаланумен, араққорлықпен, тазалау барысында арамзалықпен айналысқан. БК (б) П қатарынан шығарылған. Партиялық алқа Тексеру комиссиясының 1930 жылғы 14–20 қаңтардағы шешімін бекітті. Сонымен қатар Айтуаров қоғамдық орындардағы әдепсіз қылықтары үшін оқу орнынан да шығарылды (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 8-п.).

Өлкелік Бақылау комиссиясының көшпелі мәжілісінің 1930 жылғы 2 ақпандағы хаттамасында Нұрмухин Налидің ісі қаралды. 1900 ж. т. 1917 жылға дейін өзінің шаруашылығында жұмыс істеген. Партия қатарына кірерде өзінің шыққан тегін, жат элементтермен байланысын, таптық бағыттан ауытқығандығын жасырған, қызмет бабын жеке басының пайдасы үшін пайдаланғандығын, парақорлығын жасырған деген айыптармен партия қатарынан шығаруға ұсыныс жасалғанмен, Нұрмухиннің айыптары толығымен тексерілмегендіктен қайта қарауға жіберілді.

Ал Мәдіомаров Рақымжан, 1902 жылы туылған, әлеуметтік тегі – азаншы молда, тексеру кезінде ЦРК қарауылы қызметін атқарған. 1929 жылы діни сенімі үшін (азаншы) дауыс беру құқығынан айырылған. Тексеру комиссиясының анықтауы бойынша ол: Мәдіомаров бұрынғы діни сенімнің қызметшісі, партияға 1928 жылы кіргенге дейін діни қызметін атқарып келген, өзінің шыққан тегін жасырып, жұмысшымен деп алдаған. Партиялық алқа Мәдіомаровты партия қатарынан шығарып, оны партияға қабылдағандардың ісін тексеруге қаулы қабылдады (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 9-п.).

Тілеубергенов Сәли, 1904 ж. т. 1927 жылдан партия мүшесі «жалшы еңбегін қанады, атқамінер туысынан бас тартпай, оның жақтап, тіпті оның сөзін сөйледі, кәмпескелеу кезінде өзінің жалшысына бөлінген малды алып қойды» деген айыптармен партия қатарынан шығарылды (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 9-п.).

Ярков Павел Савельевич 1920 жылы кулактар көтерілісіне қатысқаны, Қытайға эмиграцияға кеткені, 1928 жылға дейін саудамен айналысқаны үшін партия қатарынан шығарылды (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 134-п.).

Алаш қозғалысына қатысушыларды қуғындау шаралары кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында талқылау мақалалар, әшкерелеу жарияланымдары жиі жарық көріп тұрды. 1929 жылы А. Кенжин мен Ә. Байділдиннің істері орталық баспасөз бетінде жарияланған еді. Бұл жағдай облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында да жалғасын тапты.

«Қойдай қу, бай менен молданы» деп ұрандатқан қоғамда ауылдағы бай, молдалар мен билердің сарқыншақтарымен белсенді түрде күрес жүргізілді. Түлкібас аудандық партия комитетінің жабық бюросының 1930 жылғы 1 желтоқсандағы хаттамасында 1930 жылғы 25 қарашадағы «Правда в степи» газетіне жарияланған «На поводу у бая» мақаласын талқылау күн тәртібіне қойылды. Мақаланы талқылаған соң қабылданған шешімде «қазіргі таңда фактілердің барлығы жойылды, партия ұйымы тап жауларына қарсы күреске толығымен жұмылдырылды, тамырынан жұлып тастау жүзеге асырылды. Басшылықты большевиктендіру нәтижесінде егін жинау және астық дайындау науқаны басталғанда нақты тапсырма алған және жеке салық салынған 47 бай шаруашылығы анықталды. Қазір жеке салық 367 бай шаруашылығына салынды, 90-ы сотталды, 15-і жер аударылды, жат элементтер жайлап алған 5 колхоз таратылды, қылмыстық жауапкершілікке тартыла отырып 13 ауылдық кеңестің төрағалары жұмыстан босатылды. Партиялық жазаға 30 адам тартылып, оның ішінде 8-і партия қатарынан шығарылды. 4 партиялық ұяның бюросына сөгіс берілді» деп атап көрсетеді.

«На поводу у бая» тақырыбымен жарияланған мақалада көрсетілген № 3 ауылындағы Ерназаров атындағы колхоздың төрағасы бай, бидің тұқымы Қайшыбеков Аманқұл жазаға тартылды. № 2 ауылдағы Көктерек колхозының төрағасы Есенбай Алтаев пен Ревкомиссия төрағасы Жүнісіл Қоспақов бай балалары ретінде, кеңестерге қарсы үгіт, насихат жүргізгені үшін қыркүйектің басында жазаланды, аудандық комитет бюросының мүшесі Байдаралин олармен байланыс жасағаны үшін жұмыстан босатылды, аудандық комитет бюросының құрамынан қуылды, Бақылау комиссиясы арқылы бір жыл жауапты жұмыспен айналысуға тыйым салына отырып қатаң сөгіс берілді. № 7 ауылдағы колхоз төрағасы би баласы Қоқанбаев астық және ет өнімдерін дайындау бағытын бұзғаны үшін тұтқынға алынды, іс қозғалып, әлі шешім қабылданған жоқ» деп жарияға жар салады (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 30-іс. 4-п.).

Партиялық бақылау комиссиясының материалдарының арасында Сәлімгерей Қаратілеуовтің ісі бойынша қорытынды (Заключение по делу тов. Каратлеуова) деп аталатын құжат негізі Қаратілеуовтың партиялық-тергеу ісінде болуы керек. Немесе бұл құжат екінші данасы, архившілердің байқауынсыз, осы істің құрамына енгізілген болуы мүмкін.

Тюрин қол қойған қорытындыда С. Қаратілеуовке 9 тармақтан тұратын айыптау тағылған. «... 7. Қаратілеуов жолдас өзінің Темірден атқару комитетінің төрағасы лауазымынан Торғай облысына кетуін – Алаш Ордаға іріткі салу, оның әскерлерін кеңестік билік жағына тарту, Алаш Орда жетекшісі Досмұхамедовты қаралау, Қаратілеуовтің көрсетуі мен сөзінше Темір қаласындағы топ кеңестер жағында болды, әсіресе Кенжин сенімсіз еді.

8. Қаратілеуовтың Темір қаласына кеңестік биліктен өтіп Алаш Орда лагеріне барған соң Алаш Орданың өкімдерін белсенді орындаушысы болады, әсіресе жігіттерді тартуда, жылқы жинауда, арбалар мен құралдарды тартып алуда аса белсенділік көрсетті. Ең бастысы Алаш Орданың жарлықтарын орындамағандарға күш қолданды.

9. Қаратілеуов Таран атылып, Амангелді Иманов тұтқынға алынған соң, Алаш Орда Таран отрядын қарусыздандырғаннан кейін, Ырғыздағы кеңес билігін аса ешнәрсе бола қойған жоқ деп сендіруге, Амангелді Имановтың тұтқындалуы кеңестік билік өкілінің емес, барымташының тұтқындалуы деп түсіндіруге тырысты» деген айыптар тағылды. Істің келесі бетінде С. Қаратілеуовтың қорытындыға берген түсініктемесі тіркелген. (ҚРПА. 719-қ. 2-т. 137-іс. 56-п.).

БСМБ Уәкілетті өкілі (Полпред ОГПУ в КССР) Даниловский, БСМБ Уәкілетті өкілдігінің СОУ бастығы (Начальник СОУ ПП ОГПУ) Рогозин, Уәкілетті өкілдігінің Ақпарат бастығы (заместитель начальник Инфо ПП) Сергеев қол қойған Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге, БК-ЖШИ басшысы Фехтерге, Қазақ ХКК төрағасы Құлымбетовке 1931 жылы наурыз айында жолдаған хатында Орал ауданындағы азық-түлік тапшылығының фактілері анықталып жатқандығы жайлы хабарлайды. «Александровск селосында 70 шаруашылық азық-түлікке мұқтаж болып отыр, олардың ішінде 5 отбасы аштықтан ісіп кеткен. Өлген жануарлар мен жмыхты азық еткен, соның кесірінен әсіресе балалардың арасында асқазан аурулары пайда болған оқиғалар анықталып отыр» деп дабыл қағады. Аштық пен колхоз басқармасының көмек көрсетпеуінен кохоздан шығу және ортақтастырылған малды сойып алу кездесуде. Осындай жағдай Нехвоешенск поселкесінде де орын алған.

Орал қаласының өзінде жұмысшылар мен қызметкерлердің кейбір категорияларының азық-түлікпен қамтамасыз ету жеңілдігі алып тасталған соң, олардың көңіл күйлері бұзылып, көтерілістер мен кеңестерге қарсы үгіт-насихат өршіп, жағдай қиындап тұрғандығын баяндады (ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 5-п.).

Алматы округі Сарқанд ауданындағы ауыр жағдай туралы хат жазылған (ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 6-п.). «Өте құпия» айдарымен Қазақстанның әр өңіріндегі жағдай туралы ақпараттар мыңдап жөнелтіліп жатты. Атап айтқанда: «Қобда ауданы № 1 ауылдың тұрғыны кедей Рысқалиевтың екі жас баласы ашаршылық кесірінен 13 ақпанда қайтыс болды. Рысқалиевтың отбасының қалған мүшелері аштықтан ісініп жатыр. Малды жаппай сатып, Орынбор округінің аумағына нанға айырбастау үшін алып кетіп жатқан оқиғалар тіркелді.

Округтік, аудандық партия комитеттері ашыққандарға көрмек көрсетуге азық-түлік қорының жоқтығынан мүмкіндіктері болмады. Тұрғындардың көңіл-күйі күрт түсіп кеткен, кеңестік билікке және жүргізіліп жатқан іс-шараларға деген наразылықтарын ашық айта бастады» деп хабарлайды. (ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 8-п.).

Зерттеуші Ж. Абылхожин Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделей келе қазақтардың «... малды жақсарту әдістерін және табынның шоғырлануы мен құрылымын мақсатты басқаруды жетік білді, жануарлардың этологиясы (мінез-құлқы) мен фенологиясы туралы терең білімге ие еді. Бұл тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әр ұрпақ ауысқан сайын өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге мүмкіндік ала отырып, жаңа серпін алды. Бұл сәт мал шаруашылығы мәдениетінің динамизмінің қайнар көздерінің бірі болды» деген қорытынды жасайды (Абылхожин, 1997: 114).

Ғалымның бұл тұжырымы архивтік дереккөздер мен сирек қорлардағы ғылыми әдебиеттердің негізінде жасалды. Архивтік деректер мен жарияланымдарды саралай келе, Ж.Б. Абылхожин М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов Қазақстандағы ұжымдастыру науқанының барысы мен зардаптары жайлы ғылыми еңбекте біршама тың қортындылар жасайды. Сталиндік басшылықтың жоспары бойынша Қазақстан ұжымдастыруды негізінен 1932 жылы көктемде аяқталуы тиіс өңірлік топтың қатарына енгізілді. Бірақ КОКП съездерінің қарарында көрсетілгендей көшпелі және жартылай көшпелі өңірлер бұл қатарға енбеуі тиіс еді. Партиялық биліктің жоғарыдан жіберген қаулы қарарлары басқаша бағытта жүзеге асырлды.

Күштеп ұжымдастыру негізінде қалыптасқан кеңестік аграрлық өндіріс өзінің басты мақсатын – өнеркәсіпті шикізатпен, халықты азық-түлікпен қажетті мөлшерде қамтамасыз етуді жүзеге асыра алмады. Бәсекеге қабілетсіз әлеуеті бейбіт заманда да, соғыс кезінде де көзге ұрып тұрды (Әбжанов, 2014: 156).

Республикадағы шенеунік-бюрократтардың берілген мерзімді аса орындау деген ұранды желеулете отырып, билік айтқан уақыттан асыра орындауды көздеді. БК (б) П Қызылорда облыстық округтік комитетінің V пленумының қаулыларына сілтеме жасап, округтің шаруашылықтарын 1930, 1931 жылдары толық ұжымдастыру туралы міндет ашықтан ашық қойылды.

Шамасы, командалық-әкімшілік жүйе жағдайында басқаша ойлау мүмкін емес еді, өйткені оның көзқарастарында ұжымдастыру келесі соққы науқанынан басқа ештеңе болған жоқ. Бұл құбылыстың логикасы әрқашан бірдей апофеозды – ерте жеңіске жету есебін ұсынды. Сондықтан жақын арада жергілікті аппараттың барлық партиялық-саяси жұмысы мен іскерлік қасиеттері тек бір критерий – ұжымдастырылған шаруашылықтардың пайызы бойынша бағалана бастағаны түсінікті (Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991: 183,184).

Өлкенің сол кездегі басшылары жайлы әңгіме қозғағанда, сол бір күрделі кезеңде сыни тұрғыдан талдау жасау мен оқиғаның нақты бағасын жасауға дәрменсіз екендіктерін көрсеткендігін айту қажет. Субъективтік факторлар мен аппараттың құдіреттілігіне шексіз сенім мен басқарудың күштеу әдістері мен саяси-идеологиялық регулятивтеріне біржақты бейімделу, тіпті солшыл асығыстық осы бағыттағы қадамдардың әлсіз жақтарын көрсетіп берді.

Кеңестік биліктің тоқырау кезеңінде Қазақстанның Голощекин билігі тұсындағы тарихын зерттеу бір жақты ғана жүргізілді. С. Бәйішев туралы жасаған мақаласында М. Қозыбаев: «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерін» жазған кезде Ф.И. Голощекин дәуіріне тіс батыра алмайтын еді, өйткені Мәскеуде оған деген көзқарас жеке басқа табынудың құрбаны есебінде қарайтын кез еді. Редакциялық алқа мәжілісінде осы бір дәрменсіздікке қиналғаны есімде. С. Бейсембаев ағамыздың Ф.И. Голощекинге арнап жазған мақаласына: «Апырмай Секең осыны бекер жазды-ау» дегенін де естігенім бар» деп көрсеткен еді. Ф.И. Голощекиннің жеке басына табыну ол басшылық еткен сәтте орын алды. Елден кеткен соң да, ол өзі өмірден өткен соң да большевиктік эмиссар туралы, оның реформалары мен науқандары жайлы жақ ашудың өзі қияметке айналды (Қозыбаев, 2021: 374).

Академик Х. Әбжанов Ф.И. Голощекинді «Билік тармақтарында тепе-теңдік пен тежемелік атымен түзілмеген Қазақстандағы ашаршылық архитекторы – Кремльдің қолшоқпары» деп атай отырып: «Кеңестер Одағы аумағында миллиондарды аштыққа ұрындырғандар – шексіз билікті иеленген Сталин мен оның айналасындағылар, осылар жүргізген аграрлық, кадрлық, ұлттық, ішкі және халықаралық саясат» деп қорытындылайды (Әбжанов, 2014: 148).

Ф.И. Голощекин Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің барлық мәнді белгілерінің, ең бастысы – адамды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырып, қорғансыздың күнін орнатты. Осының бәрі 1929 жылы басталған жаппай ұжымдастырумен барынша асқынды. КСРО басшылығының тоқпақтауымен жүргізілген жойдасыз жанталаса ұжымдастыру алғашқы төрт жылда адамзатқа қарсы ұйымдастырылған қылмыс деңгейіне жетті. Ашынған халық қарулы қарсылық көрсетуге дейін барды (Әбжанов, 2014: 150).

Қорытындылар. Еліміздің тарихындағы белгілі оқиғаларды жаңа тұрғыдан қарау арқылы, деректер арқылы жаңа көзқарасты қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әлеуметтік-саяси науқандардың дәстүрлі қазақ қоғамына тигізген салдарларын зерттеу барысында белгілі бір ілгерілеушіліктер бар. Аталған кезеңнің қазақ санасындағы алар орны мен қоғамдық-саяси маңызын зерделеу әлі де архивтік дереккөздерге қажеттілікті талап етуде. Аталған қажеттіліктердің орнын толтыру мақсатында отырықшыландыру, ұжымдастыру, партиялық тазалаулар, байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару тарихына қатысты архивтік дереккөздерге шолу жасалды. Қазақстандағы архивтерде сақталған фактологиялық материалдарды кешенді түрде зерделеу ғылыми ортаға беймәлім ақпаратты табуға мүмкіндік береді. Отырықшыландыру, ұжымдастыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, жергіліктендіру, молдалар мен дін иелерін қудалау, Алаш қозғалысына тікелей қатысқандармен қатар, олармен тұрмыстық жағынан байланыста болғандардың өзін тергеу, тексеру істеріне және т. б. науқандарға қатысуы жайындағы құжаттар іздеп табылды. Қазақстан аумағындағы тергеу, тексру, бақылау қызметін атқарған институт – Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары жұмысына қатысты архивтік деректер ғылыми айналымға түсіріліп, ғылыми әдебиеттердегі деректермен салыстырыла отырып талдау жасалды.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин 1925–1933-жылдары жоспарлап жүзеге асырған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандары – отырықшыландыру, ұжымдастыру, партиялық тазалаулар барысына қатысты құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Кіші Қазан революциясының кез-келген науқанына қатысты нормативтік-құқықтық актілер қағаз жүзінде формальды түрде бұл жұмысты өте керемет заңдық тұрғыдан негіздеп бергенімен, адам тағдырымен қайшыласа жүргізілгендігін көрсетті. 1925–1933 жылдар аралығында қуғын көргендер, сыртқа ауа көшіп кетушілер, көтерілістер мен ашаршылық зардабын кешкендер саны әлі нақтыланған жоқ. Отырықшыланған ауылдар мен ұжымдастырылған шаруашылықтардың анықтамалықтары

жасалмаған. Облыстық мемлекеттік архивтердің кейбірлерінде қызметтік пайдалану үшін колхоздар мен совхоздар жайлы анықтамалықтар жасалғанымен, деректер базасын құру қолға алынбаған. Ауыл-селолардағы жеке шаруашылықтардың отбасы мүшелері, мүліктік жай-күйі және т. б. мәліметтер берілген «шаруашылық кітаптары» негізінде салыстырмалы талдау жасайтын кесте құрастыруды қолға алу керек. Сонда халқымыздың 1934–1938 жылдардағы әлеуметтік жағдайының картасы толыққанды болар еді. «Шаруашылық кітаптарын» жүргізу 1934 жылы елде төлқұжаттандыру жүзеге асырылған сәттен басталған.

Зерттеу кезеңіндегі Қазақстан Бақылау комиссиясының Көшпелі үштігі мәжілісінің, Өлкелік Бақылау комиссиясының көшпелі мәжілісінің, Түлкібас аудандық партия комитетінің жабық бюросының хаттамаларында Коммунистік партия мүшелерінің аппеляциялық істері қаралған. Жеке бас мәліметтері ретінде аталған істер тек туыстарына ғана беріледі. Партиялық тергеу істері, аппеляциялық, қылмыстық, қылмыстық бақылау істерінің зерттеушілер үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ететін заңнамалық актілер қабылдау күн тәртібіне шығып тұр.

Сонымен қатар Қазақстандағы ауыр жағдайлар орын алғандығы, қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер алынып тасталғаннан кейін тұрғындар арасында нарзылықтар туындай бастағаны туралы ақпараттар кезеңнің бейнесін көрсетеді. Мемлекеттік саяси бас басқармасының (ОГПУ) Қазақстандағы Уәкілетті өкілінің Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге, Бақылау комиссиясы-Жұмысшы-Шаруа комиссиясының басшысы Фехтерге, Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Құлымбетовке 1931 жылы наурыз айында жолдаған хаты, Орал ауданындағы азық-түлік тапшылығының фактілері жайлы хабарлаған хаты деректік маңызы өте жоғары құжат.

Бақылау комиссиялары – Жұмысшы шаруа инспекциясы партиялық-мемлекеттік бақылау жүйесінің жұмысын жүзеге асырды. Елдегі мәдени, экономикалық,, саяси, қоғамдық қарым-қатынастардың жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз етті. Бұқараның барлық қабатын қамти отырып, большевиктік партияның сенімді тексеру, бақылау құралына айналды.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві.
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві.
Абай облысының мемлекеттік архиві.
Атырау облысының мемлекеттік архиві.

Sources

RK – Central state archive of the Republic of Kazakhstan.
PA RK – President of the Republic of Kazakhstan.
State Archive of Abai Region.
State Archive of Atray Region.

Әдебиеттер:

Абоян, 1967 – *Абоян А.Ф.* Деятельность Крайкк-РКИ Казахстана в области партийного строительства и совершенствования государственного аппарата в 1926-1933 гг. Автореферат дис. ... канд. ист. наук: Алма-Ата, 1967. 29 с. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568. Қаралған уақыты: 15.10. 2025.

Абылхожин, 1997 – *Абылхожин Ж.Б.* Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы: Ун-т «Туран», 1997. 358, [1] с.

Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991 – *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б.* Новое о коллективизации в Казахстане. // История Казахстана: белые пятна: сборник статей. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 348 с.

Әбжанов, 2014, 148 – *Әбжанов Х.* Қазақстан: Ұлттық тарих. Идея. Методология. Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 328 б.

Декрет ВЦИК от 10.05.1923 – *Декрет ВЦИК от 10 мая 1923 г.* Положение о землеустройстве в кочевых и полукочевых районах Туркестанской Автономной Социалистической Советской Республики. URL: https://wfi.lomasm.ru. Қаралған күні: 14 маусым 2025 ж.

Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17. 04. 1924 – *Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17 апреля 1924 г.* «О землеустройстве кочевого, полукочевого и переходящего к оседлому хозяйству населения автономной Киргизской Социалистической Советской Республики». URL: https://wfi.lomasm.ru. Қаралған күні: 14 маусым 2025 ж.

Жакупова, 153 – *Жакупова Г.Т.* Аспекты источниковедения истории Казахстана (50-60-е годы XX века). // Вестник. Серия историческая. №2 (93). 2019. С.153–157. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/. Қаралған күні: 21 шілде 2025 ж.

Иванцов, 2017 – *Иванцов И. Г.* Региональные контрольные комиссии – рабоче-крестьянские инспекции ВКП (б) как органы внесудебного преследования. На архивных материалах Кубани 1933 г. URL: https://www.vestarchive.ru/2022-4/5263-izychenie-severnogo-yrala-v-dokymentalnom-nasledii-akademika-e-s-fedorova.html?ysclid=mg12ecsk2f531484330. Дата обращения 26 сентября 2025 г.

Қозыбаев, 2021, 374 – Историк в меняющемся мире. Тарихшы және оның заманы. Сборник документов и материалов. Сост.: И.М. Козыбаев, Ш.О. Тулеуова. Алматы: Раритет, 2021. 480 с. +32 с. вкл.

Людтке, 2010, 72 – *Людтке А.* История повседневности в Германии: Новые подходы к изучению труда, войны и власти /А. Людтке; [пер. с англ. и нем. К.А. Левинсона и др.; под общ. ред. и с предисл. С. В. Журавлева]. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Германский исторический институт в Москве, 2010. 271 с.: ил., 4 л. ил. (Современная немецкая историография).

Путеводитель ГА Алматинской обл., 80 – *Путеводитель. Государственный архив Алматинской области и его филиалы, Талдыкорганский государственный архив: Справочно-информационное издание. Т.2.* Талдыкорганский государственный архив. Филиалы Государственного архива Алматинской

области. 1917–1991 гг. /Отв. сост.: Сарсенова Г.С., Чаушанская Н.В. Алматы, Издательский дом «Жибек жолы». 2007. – 324 стр. Первый том путеводителя «Государственный архив Алматинской области и его филиалы» был издан в 2001 году. URL: https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf. Қаралған уақыты 26.09 2025 ж.

Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан, 112 – *Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан: Справочно-информационное издание* // Составители: Е.М. Грибанова, кандидат исторических наук, А.А. Сейсенбаева / Под общ. ред. профессора Б.А. Джапарова. Издание 2-е, дополненное. Алматы, 2016. 310 с.

Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации – *Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации* http://garf.ru https://libinfo.org/index/index.php?id=34&ysclid= mg12ac3q9b403731435 дата обращения 26 сентября 2025 г.

Султанмуратов, 2020 – *Султанмуратов, Д.Ю.* Рабоче–крестьянская инспекция: правовые основы деятельности и особенности осуществления контрольно-ревизионной работы [Электронный ресурс] / Д.Ю. Султанмуратов // Скиф. Вопросы студенческой науки. № 12. 2020. С. 249–257. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/raboche–krestyanskaya–inspektsiya–pravovye osnovy–deyatelnosti–i–osobennosti–osuschestvleniya–kontrolno–revizionnoy-raboty/viewer. Дата обращения: 26 сентября 2025 г.

Саяси қуғын-сүргін ... , 2022, 69–71 – *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары* (XX ғасырдың 20-50 жылдары) // Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 23: Ақмола өңірі – архив құжаттарында. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Ғ.Т. Исахан, К.М. Ильясова, Қ.Ғ. Дәркенов / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022. 352 б.

Тихомиров, 1940: 6 – *Тихомиров М. Н.* Источниковедение истории СССР с древнейших времен до конца XVIII в. М.:1940. 256 с.

Трагедия казахского аула, 2018, 188,189 – *Трагедия казахского аула. 1928–1934:* сборник документов; [сост.: А. С. Зулкашева, Г. Т. Исахан, Ж. А. Сатаева]; Алматы: Раритет, 2018. Т. 2. 1929– январь 1932. 744 с.

Чеченков, 36–45 – *Чеченков П.В.* Документ и исторический источник: на перекрестке социально-гуманитарных наук. // Вестник НГТУ им. Р. Е. Алексеева. Серия «Управление в социальных системах. Коммуникативные технологии». С. 36–45. URL: Қаралған күні: 20 шілде 2025 ж.

Шрамук, 2024 – Шрамук Е.П. Деятельность Народного комиссариата Рабоче-крестьянской инспекции в современной российской историографии. // Молодежь XXI века: образование, наука, инновации: материалы XI Международной конференции аспирантов и молодых ученых, Витебск, 6 декабря 2024 г. – Витебск: ВГУ имени П. М. Машерова, 2024. – С. 69-71. URL: https://rep.vsu.by/ bitstream/123456789/45674/1/69-71.pdf. Қаралған уақыты 26.09 2025 ж.

References

Aboyan, 1967 – *Aboyan A.F.* The Activities of the Kraykk-RKI of Kazakhstan in the Field of Party Building and Improvement of the State Apparatus in 1926–1933.. Abstract of Dissertation ... Cand. of Historical Sciences: Alma-Ata, 1967. 29 p. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568. Reviewed on: 15.10.2025.

Abylkhozhin, 1997 – *Abylkhozhin ZH.B.* Ocherki sotsial'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. KHKH vek. Almaty: Un-t «Turan», 1997. 358, [1] s. [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. 20th century. Almaty: Turan University, 1997. 358, [1] p.]. (In Rus.).

Abylkhozhin, Kozybayev, Tətímov, 1991 – *Abylkhozhin ZH.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B.* Novoye o kollektivizatsii v Kazakhstane. [Abylkhozhin, Kozybaev, Tatimov: 1991 – Abylkhozhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B. New information about collectivization in Kazakhstan.] // History of Kazakhstan: Blank Spots: A Collection of Articles. Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. 348 p. (In Rus.).

Abzhanov, 2014, 148 – *Äbjanov X.* Qazaqstan: Ulttıq tarïx. Ïdeya. Metodologïya. Almatı: Eltanım baspası, 2014. 328 b. [Abzhanov, 2014, 148 – Abzhanov Kh. Kazakhstan: National History. Idea. Methodology. Almaty: Eltanym Publishing House, 2014. – 328 p.]. (In Kaz.).

Sultnamuratov, 2020 – *Sultnamuratov, D.Yu.* Workers' and Peasants' Inspectorate: Legal Foundations of Activity and Features of Control and Audit Work [Electronic resource] / D.Yu. Sultnamuratov // Skif. Issues of Student Science. No. 12. 2020. Pp. 249–257. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/raboche–krestyanskaya–inspektsiya–pravovye osnovy–deyatelnosti–i–osobennosti–osuschestvleniya–kontrolno–revizionnoy-raboty/viewer. Accessed on September 26, 2025.Decree of the All-Russian Central Executive Committee of May 10, 1923 – *Dekret VTSIK ot 10.05.1923* – Dekret VTSIK ot 10 maya 1923 g. Polozheniye o zemleustroystve v kochevykh i polukochevykh rayonakh Turkestanskoy Avtonomnoy Sotsialisticheskoy Sovetskoy Respubliki. URL: https://wfi.lomasm.ru. Karalġan küní: 14 mausym 2025 zh.

[Decree of the All-Russian Central Executive Committee of May 10, 1923. Regulations on land management in nomadic and semi-nomadic regions of the Turkestan Autonomous Socialist Soviet Republic]. URL: https://wfi.lomasm.ru. Date viewed: 14 June 2025. (In Rus.).

Decree of the All-Russian Central Executive Committee, Council of People's Commissars of the RSFSR of April 17, 1924 – *Dekret VTSIK, SNK RSFSR ot 17. 04. 1924* – Dekret VTSIK, SNK RSFSR ot 17 aprelya 1924 g. «O zemleustroystve kochevogo, polukochevogo i perekhodyashchego k osedlomu khozyaystvu naseleniya avtonomnoy Kirgizskoy Sotsialisticheskoy Sovetskoy Respubliki». URL: https://wfi.lomasm.ru. Karalġan küní: 14 mausym 2025 zh. [Decree of the All-Russian Central Executive Committee, Council of People's Commissars of the RSFSR of April 17, 1924 «On land management of the nomadic, semi-nomadic, and sedentary population of the autonomous Kirghiz Socialist Soviet Republic»]. URL: https://wfi.lomasm.ru. Date viewed: 14 June 2025. (In Rus.).

Khimovich – *Khimovich E.* The Role of the Central Control Commission-Russian Communist Party in Implementing the Economy and Rationalization of Production and Management: Experience and Lessons (1926–1934). (Specialty No. 07.00.01 – History of Social Movements and Political Parties). Abstract of the Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Moscow, 1992. 46 p. URL: https://cheloveknauka.com/rol-tskk-rki-v-provedenii-rezhima-ekonomiki-i-ratsionalizatsii-proizvodstva-i-upravleniya-opyt-uroki-1926-1934-gg. Accessed on September 26, 2025. (In Rus.).

Guidebook of the State Archives of Almaty Region, 80 – *Guidebook. State Archives of Almaty Region and its branches, Taldykorgan State Archives:* Reference and Information Publication. Vol. 2. Taldykorgan State Archives. Branches of the State Archives of Almaty Region. 1917–1991. / Compiled by G.S. Sarsenova and N.V. Chaushanskaya. Almaty, Zhikezholy Publishing House. 2007. – 324 pages. The first volume of the guidebook "The State Archives of the Almaty Region and its Branches" was published in 2001. URL: https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf. Accessed on September 26, 2025. (In Rus.).

Guide to the Funds of the Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan, 112 – *Guide to the Funds of the Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan:* Reference and Information Publication // Compiled by E.M. Gribanova, Candidate of Historical Sciences, and A.A. Seisenbayeva / Edited by Professor B.A. Dzhaparov. 2nd edition, revised. Almaty, 2016. 310 p. (In Rus.).

Guide. State Archives of the Russian Federation – *Guide. State Archives of the Russian Federation* URL: *http://garf.ru* https://libinfo.org/index/index.php?id=34&ysclid= mg12ac3q9b 403731435 accessed on September 26, 2025. (In Rus.).

Zhakupova, 153 – *Zhakupova G.T.* Aspekty istochnikovedeniya istorii Kazakhstana (50-60-ye gody KHKH veka). // Vestnik. Seriya istoricheskaya. №2 (93). 2019. S.153–157. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/. Karalġan küní: 21 shílde 2025 zh. [Aspects of source studies of the history of Kazakhstan (50-60s of the twentieth century)]. // Bulletin. Historical series. No. 2 (93). 2019. P. 153–157. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/. Date viewed: 21 July 2025. (In Rus.).

Ivantsov, 2017 – *Ivantsov I. G. Regional Control Commissions* – Workers' and Peasants' Inspections of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) as Extrajudicial Prosecution Bodies. Based on the Archive Materials of the Kuban Region in 1933. URL: https://www.vestarchive.ru/2022-4/5263-izyuchenie-severnogo-yrala-v-dokymentalnom-nasledii-akademika-e-s-fedorova.html?ysclid=mg12ecsk2f531484330. Accessed on September 26, 2025. (In Rus.).

Kozybaev, 2021, 374 – *Kozybaev, 2021, 374* – Istorik v menâûŝemsâ mire. Tarihšy žəne onyň zamany. Sbornik dokumentov i materialov. Sost.: I.M. Kozybaev, Š.O. Tuleuova. Almaty: Raritet, 2021. 480 s. +32 s. vkl. [Historian in a changing world. Historical soul is his time. Collection of documents and materials]. Comp.: I.M. Kozybaev, Sh.O. Tuleuova. Almaty: Rarity, 2021. 480 p. +32 s. incl. (In Kaz.. Rus.).

Ludtke, 2010, 72 – *Lyudtke A.* Istoriya povsednevnosti v Germanii: Novyye podkhody k izucheniyu truda, voyny i vlasti /A. Lyudtke; [per. s angl. i nem. K.A. Levinsona i dr.; pod obshch. red. i s predisl. S. V. Zhuravleva]. M.: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN); Germanskiy istoricheskiy institut v Moskve, 2010. 271 s.: il., 4 l. il. (Sovremennaya nemetskaya istoriografiya). [Ludtke A. History of Everyday Life in Germany: New Approaches to the Study of Labor, War, and Power /A. Ludtke; [translated from English and German by K.A. Levinson et al.; edited and with a foreword by S.V. Zhuravlev]]. Moscow: Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN); German Historical Institute in Moscow, 2010. 271 p.: ill., 4 p. ill. (Modern German Historiography). (In Rus.).

Political repression ... : 2022, 69–71 – *Sayasï qwğın-sürgin ... : 2022, 69–71* – Sayasï qwğın-sürgin qurbandarın tolıq aqtaw jönindegi Memlekettik komïssïyanıñ materïaldarı (XX ğasırdıñ 20–50 jıldarı) = Materïalı Goswdarstvennoy komïssïï po polnoy reabïlïtacïï jertv polïtïçeskïx repressïy (20-50 godı XX veka). T. 23: Aqmola öñiri – arxïv qujattarında. 1920-1940 jj. Qujattar men materïaldar jïnağı. Qurastırwşılar: Ğ.T. Ïsaxan, K.M. Ïlyasova, Q.Ğ. Därkenov / Jalpı redakcïyasın basqarğan E.T. Qarïn. Astana, 2022. 352 b. [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century) = Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century)]. T. 23: Akmola region - in archive documents. 1920-1940. Collection of documents and materials. Compiled by: G.T. Isakhan, K.M. Ilyasova, K.G. Darkenov / General editor E.T. Karin. Astana, 2022. 352 p. (In Rus.).

Tikhomirov, 1940, 6 – *Tihomirov, 1940, 6* – Tihomirov M. N. Istočnikovedenie istorii SSSR s drevnejših vremen do konca XVIII v. M.: 1940. 256 s. [Tikhomirov M. N. Source studies of the history of the USSR from ancient times to the end of the XVIII century]. M.: 1940. 256 p. (In Rus.).

The tragedy of the Kazakh aul, 2018, 188,189 – *Tragediâ kazahskogo aula: 2018, 188,189* – Tragediâ kazahskogo aula. 1928–1934: sbornik dokumentov; [sost.: A. S. Zulkaševa, G. T. Isahan, Ž. A. Sataeva]; Almaty: Raritet, 2018. T. 2. 1929– ânvar′ 1932. 744 s. [The tragedy of the Kazakh aul. 1928–1934: a collection of documents]; [compiled by: A. S. Zulkasheva, G. T. Isakhan, Zh. A. Sataeva]; Almaty: Raritet, 2018. Vol. 2. 1929– January 1932. 744 p. (In Rus.).

Chechenkov, 36–45 – *Chechenkov, 36–45* – Chechenkov P.V. Dokument i istoricheskiy istochnik: na perekrestke sotsial'no-gumanitarnykh nauk. // Vestnik NGTU im. R. Ye. Alekseyeva. Seriya «Upravleniye v sotsial'nykh sistemakh. Kommunikativnyye tekhnologii». S. 36–45. URL: Karalğan küní: 20 shílde 2025 zh Chechenkov P.V. Document and historical source: at the crossroads of social and humanitarian sciences. // Bulletin of NSTU named after R. E. Alekseev. Series «Management in social systems. Communicative technologies». P. 36–45. URL: Date viewed: July 20, 2025. (In Rus.).

Shramuk, 2024 – *Shramuk, E.P.* The Activities of the People's Commissariat of the Workers' and Peasants' Inspectorate in Modern Russian Historiography. // Youth of the 21st Century: Education, Science, and Innovation: Proceedings of the 11th

International Conference of Postgraduate Students and Young Scientists, Vitebsk, December 6, 2024. – Vitebsk: Vitebsk State University named after P. M. Masherov, 2024. – Pp. 69-71. URL: https://rep.vsu.by/bitstream/123456789/45674/1/69-71.pdf. (In Rus.).

МРНТИ 03.20

ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РАЙМЕ МУЛЛИНОЙ: ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Абдулхаиров Абжемиль Закерьянович[1]*
Баяхметов Серик Умутбаевич[2]*

[1]к.п.н., доцент, доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Крымского инженерно-педагогического университета имени Февзи Якубова, https://orcid.org/0009-0006-1525-470X, e-mail: abzhemil@mail.ru

